

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫНА
АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

60 жыл

ПРОФЕССОР

ТӘҢІРБЕРГЕНОВ

МЕДЕУБЕК

ЖҰМАТАЙҰЛЫНЫҢ

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

ШЫМКЕНТ – 2026

ӘОЖ 372.8:76

0-86

Жауапты редактор: С.Қ. Бейсенбаев
п.ғ.д., профессор, Қазақстан ПҒА академигі,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ

Компьютерде беттеген: Г.Оразгелдиева
педагогика ғылымдарының магистрі

Дизайнер: Т.Оспанов
Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі

0-86 Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы:
профессор Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлының ғылыми және
шығармашылық еңбектері. Альбом каталог: Қазақстан ғалымдарының
библиографиясына арналған материалдар, - Шымкент: М.Әуезов
атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, 2026. – 168 бет.

ISBN 978-601-255-012-2

ӘОЖ 372.8:76

© М.Ж. Тәңірбергенов
© Шымкент қаласы



ТӘҢІРБЕРГЕНОВ МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫ

*Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Өнер саласы профессоры,
Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі,
Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі,
ҚР ЖОО-ың Үздік оқытушысы, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі,
М.Әуезов ат.ОҚЗУ, «Мәдениет және Өнер» факультетінің деканы*

ШЫМКЕНТ - 2026

АЛҒЫСӨЗ

Бұл басылымда Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өнер саласы профессоры, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі, ҚР ЖОО-ың Үздік оқытушысы, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, М.Әуезов ат.ОҚЗУ, Мәдениет және Өнер факультетінің деканы Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлының ғылыми және шығармашылық зерттеулері қарастырылған. Библиография құрамында ғылыми – педагогикалық, көркем-шығармашылық, еңбек өтілі мен қоғамдық іс әректтері көрсетілген.

I БӨЛІМ



Оспанов Баймұрат Ермағанбетұлы

*п.ғ.к., өнертану доценті, профессор, ҚРСО және
ҚРДО мүшесі,*

*Астана халықаралық университетінің профессоры,
ҚР Жоғарғы Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
ҚР Мәдениет саласының үздігі,
ҚР Құрмет орденінің иегері*

ӨНЕР МЕН ӨНЕГЕНІ ҮЙЛЕСТІРГЕН КӘДІМГІ – МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫ ТӘНІРБЕРГЕНОВ

Өнер – өмір құбылыстарын қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, адамның жан дүниесін жаңаша тұрғыдан жаңартып көрсететін өнер адамының ішкі сезімі, эстетикалық талғамы, өміршең өнегесі.

Өнеге – өнер адамының еселі еңбегінің жемісі, кәсіби шеберлігінің жеңісі, өзге адамдарға көрсеткен адамгершілік-парасаттылығы, игі жақсылығы мен ізгі қайырымдылығы.

Бүгінгі өмірде өнер мен өнегені үйлестірген еліміздің ер азаматы, өз ісінің нағыз майталман маманы, өз ісінің хас шебері, ұлағатты ұстаз-ғалым – Медеубек Жұматайұлының өнер саласында биік белестерді бағындырып, өнерді өрге тартып, өнегесін елге танытқан игі істері, атқарған ерен еңбектері қаншама десеңізші?

Алдымен әр адамның өмірден өз орнын тапқаны – майталман маман иесі болғаны. Бұл дәлелді аксиома. Әрі қарай дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат Абайдың «... Сен де – бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан!» - ақыл сөзімен айғақталады.

Бүгінгі айтар сөздің төркінінде – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан ұйымының академигі, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі – Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергеновтің өмірден де, өнерден де өз орнын тауып, бүгінде асқарлы 60 жасқа толған өнегелі өмірі туралы сыр шертіледі.

Өмірде өз орнын тауып, өнердің өр жолын таңдаған Медеубек Жұматайұлы өнер адамдарының ортасында менің тегім – «өнер», ал руым – «худграф» - деп, көңілімізді көкке көтеріп, жүзімізге жылулық сыйлайтын.

Бұл Медеубек Жұматайұлының өнердегі өр рухының биіктігін, өмірдегі дара тұлғасының өнегесін көрсететін.

Бүгінде 60 жастың асқарлы шыңына шыққан ғалым Медеубек Жұматайұлы өз өмірінде 4 бағытты ұстанып, өнер саласында үлкен іс атқарған ғалым. Біріншіден, ұлағатты ұстаздық жолы, екіншіден, өнер саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектері, үшіншіден, университеттегі абройлы қызметтері, төртіншіден, өнер ғылымындағы ғалым шәкірттері. Осындай төрт бағыттағы еселі еңбектерімен елге танылған – Медеубек Жұматайұлы қазақ өнерінің өрістеуіне жол ашқан азамат.

Медеубек Жұматайұлы ұстаз жолын таңдап, 1983-1990 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында Көркем сурет және графика факультетінің «Сурет, сызу және еңбек» мамандығының мұғалімі біліктілігін алды. Ұстаздық қызметте 1990-1991 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданына қарасты «Большевик» орта мектебінде сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі болып жұмыс атқарды. Бұл Медеубек Жұматайұлының «Сурет, сызу және еңбек» мамандығындағы ең алғашқы ұстаздық жолы болатын. Одан бергі уақытта өнерге өзіндік қолтаңбасымен қарыштай қадам басып, 1991-1995 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент педагогикалық институтында «Көркем сурет және графика» факультетінің «Сурет» кафедрасында оқытушы қызметінде болды. Өнер саласын жоғары оқу орнында өркендету жолында 1995-2005 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Сурет және Кескіндеме» кафедрасының аға оқытушысы, кейінірек доцент қызметінде болып, 2005-2012 оқу жылдары М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды».

Бейнелеу өнерінің мақтанышы Медеубек Жұматайұлы өзінің өнегелі де өміршең еңбектерімен өнер саласындағы жаңа ұрпаққа рухани азық беріп, 2012-2013 оқу жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шақыртуымен «Академиялық ұтқырлық және ХБ орталығының» басшысы, 2014 жылы «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгеруші, 2015 жылы «Жаңа технология және өнер» ғылыми мектебінің директоры, 2017 жылдан «Кәсіптік-Шығармашылық» факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарып, ел еншісіне көптеген еңбектерін сіңіріп, тер төккен азамат. Медеубек Жұматайұлы өнер саласындағы ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас ету жолында оқытушылық қызметпен бірге басшылық қызметтерді қатар алды.

Медеубек Жұматайұлы жас буынға өнердің өзіндік мәні мен маңызын терең түсіндіру жолында әрбір суретке – тіл бітіріп, үн қатқызып, «қылқалам шеберінің салған суреті әлдебір образды ашып, шынайы бейнені көрсете білуі тиіс» - деп, өзінің өмірлік ұстанымын, көрген-білгенін, ойға түйгенін шәкірттеріне суреттерді сөйлету арқылы жеткізген азамат. Міне, ұстаздық шеберлік деп осыны айтуға болады! Медеубек Жұматайұлы 2020-2021 оқу

жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің профессоры атағын алып, 25 мамыр 2021 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметін аброймен атқарып келеді.

Сурет өнері түсіндіруді қажет етпейтін, тек «көзбен көріп, ішпен білетін» өнердің бір түрі екені белгілі. Қылқалам шеберлерінің өнерін әр адам өзінің дүниетанымымен қабылдап, ой-пайымдарымен түсінуі тиіс. Тарихы тереңде жатқан қылқалам шеберлерінің өнер түрі еліміз егемен алғаннан бастап кеңінен өріс алып, өнертану ғылымда жақсы дамығаны белгілі». Тәуелсіздік тұсында Медеубек Жұматайұлының ғылым саласындағы ең сәтті жылдары 2004-2010 жылдар болды. Қазақстанның кәсіби сурет әлемі мен бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасымен қарыштай қадам басып, ғылыми еңбектерінде бейнелеу өнерінің негізгі қағидаларын, халық даналығын, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптарын жан-жақты қарастырып, 2004 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері) мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2010 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері) мамандығы бойынша диссертациялық еңбектерін сәтті қорғап педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. 2006 жылдан педагогика саласы бойынша «Доцент» (қауымдастырылған профессор) атағына ие болды.

Медеубек Жұматайұлының шығармашылығы, бір қарағанда, қарапайым болып көрінуі мүмкін, ал тереңіне бойлап, әрбір салған портреттерінің бояуына мән берсеңіз, нағыз қылқалам шебері екенін іштей мойындайсыз. Сурет өнерінің ғажайып үлгісін, дара болмысын танытқан Медеубек Жұматайұлы шеберліктің шыңына шығып, талмай ізденіп, бейнелеу өнерінің дизайн саласындағы орнын айқындап, 2006 жылы Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі болып, 2023 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 01 қараша №776 бұйрығымен «Өнер» мамандығы бойынша профессор атағын алды. 2007-2014 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО-ның үздік оқытушысы мемлекеттік грант иегері» атанды.

Медеубек Жұматайұлының өнердің кескін-келбеттерін қыл қалам нысанасына алған 160-тан астам ғылыми-зерттеу еңбектері бүгінде өнер саласының өрістеуіне жол ашқан тың жаңалық. Атап айтқанда, 4 монографиясы, 2 оқулығы, 20 оқу құралы, 15 әдістемелік құралдары жарық көрді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің грант иегері атануына 3 оқу құралы жоғары бағаланып, бүгінде жоғары оқу орындарындағы өнер мамандығында оқытылып келеді. Ғылым саласында қазақ бейнелеу өнері мен сурет өнерінің сырын кеңінен танытуда жоғары аттестациялық комиссиясының тізіміндегі алыс-жақын шет елдердің халықаралық инпакфоктор, СКОПУС ғылыми журналында 100-ге жуық

зерттеу мақалалары жарияланды. Қазақстанның ғылыми журналдарында, халықаралық, республикалық, ғылыми практикалық конференцияларының жинақ еңбектерінде танылғанын айтсақ болады. Ғалым-зерттеуші Медеубек Жұматайұлы ғылымның дара жолында қазақ өнер саласының өрістеуіне қосқан үлесімен 2015 жылы ҚР БЖҒМ Ғылым саласына қосқан еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін, 2016 жылы Республикалық Кеңестің шешімімен «Білімге сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін, 2016 жылы «ҚҰРМЕТ» қоғамдық бірлестіктің «Білім ісінің үздігі» төсбелгісін, 2017 жылы ҚР БЖҒМ «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін иеленіп, 2017 жылдан Қазақстан Педагогика Ғылымдар Академиясының академигі сайланды. Медеубек Жұматайұлының жетістікке жеткен өнер саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектерінің жемісі ОҚМПИ 80 жыл мерейінің медалімен, 2018 жылы Дизайн саласындағы Евразия Дизайнерлер одағының медалімен 2019 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Қазақстанның құрметті ұстазы - 2019» атты төсбелгісімен, 2019 жылы Абай атындағы ҚазақҰПУ, Институттың дамуына қосқан үлесі үшін «Өнер, мәдениет және спорт институтына 50 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. 2019 жыл Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі болып сайланды. Медеубек Жұматайұлы кәсіби суретшіліктің қыры мен сырын шебер меңгерген майталман маман екенін 2020 жылы Қазақстан Республикасы «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін Қазақстан Республикасы педагогтарының «Алтын төсбелгісі» марапаты айғақтап берді.

Өнер профессоры Медеубек Жұматайұлының университетте атқарған абройлы қызметтерін ерекше атап өтуге тұрарлық. Қызметте жүрген уақытында қазақ өнерін терең зерттеп, оны ғылыми айналымға енгізді. Медеубек Жұматайұлы ғылыми-зерттеу еңбектерінде сурет өнерінің негізгі қағидаларын анықтап, суретші шеберлігін саралап, қылқалам шеберлерінің образды ашып, шынайы бейнені бояумен көрсете білген ой-толғамдарын жан-жақты қарастырды. Қазақ бейнелеу өнерінің өрістеуіне жол ашып, қызмет жолында сурет өнерін оқу-тәрбие процесіне енгізудің ғылыми жолдарын ұсынды. Медеубек Жұматайұлы монография, оқулық, оқу құралы, әдістемелік құралдары еңбектерінде сурет өнерінің сырын анықтап, өнер ғылымында қайта жаңғыртып, суретші шеберлігінің маңызын ғылыми негізде дәлелдеді. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін өнер адамдары жасайтынын Медеубек Жұматайұлы қазақ бейнелеу өнерінің сыры да, сыны да кетпеген асыл мұраларын ұрпаққа кеңінен насихаттап келеді. Медеубек Жұматайұлының жоғары оқу орнында атқарған қызметінде өнер факультетінің студенттеріне сурет салудың әдістемелік өнерін үйреткен еселі еңбектері жетерлік.

Бүгінде қазақ өнерінің танымал тұлғасы әрі ғалым, әрі профессор, әрі суретші, әрі қазақ өнерін зерттеуші Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенев: «Сурет деген – сұлу өнердің сыр мен жырға толы сарқылмас көзі» – деп баға берген еді суреткер шығармашылығы туралы. Осындай өнер саласын көрегендігімен көкке көтеріп, жоғары бағалауын Медеубек Жұматайұлының ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл мерейі «Өз елім» - «Мой казахстан» көркемсуреттер сериясын құру көркемдік форумы ҚР Мәдениет министрлігінің 1 дәрежелі диплом иегері және «Нұр отан» Халықтық партиясының Республикалық, Облыстық, Қалалық ұйымдарының Алғыс хат иегері атануымен айғақтай аламыз. Мұнымен бірге 2021 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін ҚР педагогтарының «Қазақстанның құрметті профессоры» төсбелгісі, 2022 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі, 2023 жыл Әуезов университетінің 80 жылдық төсбелгісі, 2024 жыл ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ахмет Байтұрсынов» төсбелгісі жоғары оқу орнында атқарған еңбектерінің жемісі. Ал ҚР 2023 жылы 1 қараша №776 бұйрығымен Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Өнер» мамандығы бойынша берілген «Профессор» атағы қылқаламмен тарихи тұлғалардан бастап, табиғаттың сұлу көріністерін картинаға айналдырған суреткерлік шеберлігінің жеңісі.

Бейнелеу өнерінде Медеубек Жұматайұлының есімі баршаға танымал десек артық айтпағанымыз. Себебі оның сан түспен әрленген туындылары түрлі деңгейдегі көрмелердің төрінде қойылып, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 2021 жылы 24-26 қарашада өткен «Халықаралық педагог-суретші симпозиумы» атты жобаның авторы атанды. Алыс-жақын елдерге қазақ өнер туындыларын таныту жолында «В 2021 году награжден благодарственным письмом в VII International Arts Festival «AMERICAS TALENTS» за развитие международных связей, фестивальной культуры и искусства в стране и в мире» және «В 2021 году награжден дипломом высшей степени Евразийским союзом дизайнеров за представленные творческие работы высокого уровня в международной ретроспективной выставке» халықаралық көрмелерде қылқаламның құдіретін табысты еңбектерімен айғақтап берген. Медеубек Жұматайұлы кәсіби суретшіліктің қыры мен сырын толық меңгеріп, өнердің қайта өрлеу дәуірінен өтіп, таудай табысымен құлашты кеңге созған зор құлшынысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен, жоғары оқу орындарынан, Облыстық мәдениет басқармаларынан алған Алғыс хаттары мен дипломдарымен саралай аламыз. Сонымен қатар өнер саласындағы тұғырлы тұлғасын халықаралық «Жігер» фестиваліне, халықаралық, республикалық, облыстық шығармашылық көрмелеріне қатысып, жоғары дәрежені иеленген мақтау қағаздары мен алғыс хаттарынан, мадақ-марапаттарынан көреміз.

Бұл Медеубек Жұматайұлының жоғары оқу орындарында атқарған қызметтеріндегі қазақ өнерінің өрістеуіне жол ашып, қызмет жолында сурет өнерін оқу-тәрбие процесіне енгізу жолдарын ұсынып, қол жеткізген қомақты жетістіктері мен ел еншісіне берген еңбектері еді.

«Сурет өнерін әр адам өзінің дүниетанымымен қабылдап, өз қиялымен өрге шығарып, қылқаламның күдіретімен өмірде танытады» - деп ой түйеді Медеубек Жұматайұлы. Бүгінде бейнелеу өнерінің сара жолын саралап, дана жолын даралап, тер төккен, білімнің өрінен, ғылымның төрінен орын алып, педагогика ғылымдарының докторы, профессор атанған ғалым-зерттеуші. Бейнелеу өнерінің белгілі тұлғасы Медеубек Жұматайұлы өмірді-өнермен үндестіріп, өнерді-өмірмен тілдестіріп танытудың дара жолында ғылыми жетекшілігімен ғылым кандидаттары мен ғылым докторларын өнерге әкелген, ғылым саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізген ғалым-ұстаз.

Абай Құнанбаев: «Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз – тұл» - деп, адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты екенін ерекше айтады. Медеубек Жұматайұлы өнерді өзі ғана игермей, соңына ізбасарларын ілестіріп, дәстүр жалғастығымен өнер саласында шәкірттерін дайындап, қазақ өнерінің өрістеуіне жол ашқан азамат. Медеубек Жұматайұлының суреткерлік қиялы ұшқыр, қоршаған ортаны көре білу қасиеті зерек. Өнер ғылымына қандай тақырыпты арқау етсе де, байыбына барып, реңін кіргізіп, өңін ашқан кандидаттық, докторлық диссертациялардағы ғылыми жетекшілігі жоғары жетістіктерімен дараланады. Атап айтқанда, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергеновтің ғылыми жетекшілігімен Захира Шерәлиқызы Айдарова «Мектептің бастауыш сатысында бейнелеу өнерін оқытуды қазақтың сәндік қолданбалы шығармашылығы арқылы оңтайландырудың дидактикалық негіздері», Перизат Алпысбайқызы Абашова «Қазақ сәндік-қолданбалы өнері арқылы мектеп оқушыларын отбасы тәрбиесіне мұғалімдерді дайындаудың әдістемесі», Бакиржан Аширалиұлы Айдарбек «Методика развития творческой активности учащихся средствами декоративно-прикладного искусства в процессе внеклассной работы», Сандуғаш Жұманқызы Түрікпенова «Болшақ бейнелеу өнері мұғалімдерін өнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесі», Гүлмира Абдисаламқызы Нуржанова «Педагогические условия внедрения в учебный процесс инновационных технологий обучения на уроках изобразительного искусства» тақырыптарында педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларын сәтті қорғады. Бұл өнер кеңістігіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған дәстүр жалғастығы. Медеубек Жұматайұлының өнерге сіңірген еселі еңбектерін бүгінде «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша 25-тен астам ғылыми ізденушілер мен докторлық, магистрлік диссертацияларға ғылыми жетекшілік жасаған абыройлы азаматтық парызы айғақтап береді.

Бұл – ғалым Медеубек Жұматайұлының бейнелеу өнерін өмірде өрістетудегі жеңісі мен ғылым саласын өркендетудегі жемісі. Бүгінде шығармашылық саласындағы ғылым кандидаты, ғылым докторы шәкірттері бейнелеу өнерінде халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегері атанып, ұстазының Ұлық жолын жалғастырған терең зерттеулері халықаралық деңгейде танылды. Қырғыз халқының біртуар перзенті, суретшісі әрі атақты актері Сүйменкүл Чокморовтың әкесі Чокмор ұста: «Адам болмай тұрып, суретші болу қиын» деген екен. Сол сияқты қазақтың Медеубек Жұматайұлының алдымен адамға деген азаматтық парызын, аға буынға деген сыйлы құрметін, орта буынға деген әріптестік ізетін, кіші буынға деген ақылгөй-кеңесшілігін ерекше атап өтерлік азамат. Өмір жолы мен өнер жолында ең алдымен адамдық қасиетті ардақтаған тұлға. Адами асыл қасиетімен өнер саласында шәкірттерін биік белестерге өрістеткен ұлағатты ғалым-ұстаз. Бүгінде ғалым Медеубек Жұматайұлы өз өмірінде ұлағатты ұстаздық жолын айқындап, өнер саласында ғылыми-зерттеу еңбектерімен танылған ғалым. Университеттегі абройлы қызметтері – ол Медеубек Жұматайұлының қазақ өнерінің өрістеуіне жол ашқан азаматтық парызы. Өнер ғылымындағы ғалым шәкірттері Медеубек Жұматайұлының өзі тәлім алған Ұлы ұстаздарының Ұлық жолын жалғастырған өнеге ізі.

Міне, өнер мен өнегені үйлестірген кәдімгі – Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенов осындай азамат!



Нариман Нұрнейісов

Өзбекәлі Жәнібеков ат. ОҚПУ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Созақ ауданының Құрметті азаматы

ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІСІ – ТӘҢІРБЕРГЕНОВ МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫ

Адамзат баласының руханият әлемінде айырықша орын алатын өнердің бес түрі бар екені мәлім. Сәулет өнері, мүсін өнері, сурет өнері, музыка және сөз өнері болып табылатын бұл құндылықтардың әрқайсысы да айырықша қасиетке ие. Осылардың ішінде сурет өнерінің орны бөлек. Бейнелеу немесе сурет өнері арқылы табиғатты да, зәулім ғимаратты да, адамның ішкі жан дүниесі мен кескінін де, өткенді, қазіргіні, болашақты да таңғажайып бояулармен суреттеуге болады. Ал, өнердің басқа түрлерінде мұндай мүмкіншілік кездесе бермейді.

Бейнелеу өнері жайында аз-кем мағлұмат. Бұл өнер - дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері сәулет, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино, т.б.) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады.

Бейнелеу өнері тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен.

Халық өмірінің барлық қырын қамтыған қазақ бейнелеу өнері - қазіргі таңда ірі өнер саласына айналған. XX ғасырдың соңы ұлттық таным, төл тарих пен мәдениет тарапындағы ізденістер қарқынды дамып, қазақ өнерінің жетіліп, ұлттық көркем бағыттар, түрлі ағымдар, даралық стильдер туған кезең болды. Бұл бағытта Е.Мергенов, Е.Төлепбай, А.Ақанаев, А.Сыдыхан, Т.Маданов, А.Есенбаев, А.Есдәулетов, т.б. жемісті еңбек етті. Қазіргі кезеңде

қазақ бейнелеу өнері мәдени ескерткіштер, халық тарихының бастаулары, ұлттық ерекшелік, т.б. құндылықтарға ден қою, тың ізденістерге бару.

Қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар тұлғалар аз емес, солардың ішінде Оңтүстік өлкесіне танымал тұлғаның бірі ретінде Медеубек Жұматайұлын ерекше ілтипатпен атап өтуге болады. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі, жоғарғы оқу орының үздік оқытушысы мемлекеттік грантының екі дүркін иегері (2007,2014) Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданы, Жиделі ауылында дүниеге келген.

Ол алғаш туған ауылы Жиделідегі орта мектепті үздік бітіріп, одан әрі сол кездегі республика ғана емес, Кеңес Одағы аумағында даңқы шыққан М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының көркем сурет, графика факультетінің сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі мамандығы бойынша жоғары білім алды. Жоғарғы оқу орнының озат студенті осы жылдар аралығында Кеңес армиясы қатарында да сапқа тұрып, отан алдындағы борышын абыроймен өтеп қайтты.

Жас маман өзінің еңбек жолын сол кездегі Келес ауданындағы жалпы білім беретін орта мектебінің мұғалімі қызметінен бастады. Алайда таланты тасыған жас өрен биікке ұмтылды. Білім ғана емес, ғылым жолына да қанат қақты. Дәлірек айтқанда араға жыл салып, яғни 1991жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» кафедрасының оқытушысы қызметіне қабылданды. Жоғары оқу орнының қатардағы оқытушысы енді ғылымның қия шыңына шындап өрледі, 2004 жылы алғашқы биікті бағындырды, кандидаттық диссертация қорғады, араға алты жыл салып (2010) докторлық диссертацияны да сәтті қорғап шықты. Осы аралықта жас ғалымға Жоғары Аттестациялық Кеңестің (ЖАК) шешімімен Доцент атағы (2005), «Өнер» саласы бойынша Профессор атағы берілді.

Еңбек жолындағы өрлеу де өз жемісін берді, оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, басқарма басшысы, жоғары мектеп директоры, факультет деканы сияқты қызметтердің барлығында да алдыңғы сапта болды. 2012 жылы өзі түлеп ұшқан алтын ұя мектебіне қайта оралды, оңтүстік өлкесіндегі қазақ білімінің қарашаңырағы, ұстаздардың ұстаханасы саналатын Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында «Жаңа технологиялар және өнер» факультетінің деканы қызметін атқарды.

Медеубек Тәңірбергенов шебер ұстаз, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы ғана емес, жоғарыда атап өткеніміздей ғылым әлемінде де кеңінен танылып үлгерген ғалым. Еңбекқор ұстаздың бұл күнге дейін жарық көрген еңбектері сан салалы және өте қомақты, тіпті бәрін бірдей санамалап шығудың, атап көрсетудің өзі қиынға соғады. Атап айтқанда 2-монография, 2-оқулық, 20-дан астам оқу құралы, 10-нан астам әдістемелік құралдардың жариялануы осының айғағы. Сонымен қатар алыс жақын шет елдерде және Қазақстан ғылыми журналдарында, халықаралық, аймақтық, республикалық ғылыми практикалық конференцияларда, ғылыми еңбектер жинағында жарық көріп жатқан ғылыми-зерттеулер шоғыры да өте мол.

Медеубек Жұматайұлы қатардағы ғалым ғана емес, өзіндік мектебі қалыптасып келе жатқан, яғни шәкірт тәрбиелеп отырған жетекші ұстаз. Ғалымның жетекшілігімен қазіргі таңда өзінің бес бірдей төл ізденушісі педагогика ғылымдарының кандидаты ретінде кандидаттық диссертация дәрежесін қорғады. Бұл қатарда ұстаз әрі ғалым М.Жұматайұлының әр жылдар бойы университет, институт қабырғасынан ұшырып жатқан шәкірттерінің дипломдық, магистрлік жұмыстарына жасап келе жатқан жетекшілігін де ерекше атап өтуге болады.

Дана халқымыздың «Еңбек ет те, міндет ет», - дейтін даналық сөзінің мәні зор. Бұл даналыққа ден қойып жатуымыздың сыры М.Жұматайұлы өзінің жылдар бойы талмай еңбек етіп қана қоймай, сол бейнетінің зейнетін, алғысын арқалап келе жатқан ардақты азамат.

Жоғары оқу орнындағы ұзақ жылдар бойы атқарып келе жатқан үздік жетістіктері үшін ҚР Мәдениет министрлігінің 1 дәрежелі дипломымен, еліміздегі көптеген жоғары оқу орындары ректорларының алғыс хаттарымен, т.б. алғыс хаттар мен мақтау қағаздарының саны жеткілікті. Сонымен қатар жоғары оқу орнының үздік оқытушысы екенін жоғарыда айттық.

М.Тәңірбергенов көп қырлы талант иесі. Ендігі кезекте ұстаздың шығармашылық еңбектері жайында, дәлірек айтқанда бейнелеу өнеріндегі ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы төңірегінде бір сәт ой бөліскенді жөн санадық. Ол ең алдымен суретші. Бейнелеу өнерінің биік мінберінде тұрған суретші. Оның әр жылдар мұғдарында қаламынан туған еңбектер аз емес. Сол тамаша суреттердің кейбіреулеріне ғана аз-кем пікір сабақтасақ. Әрине, біз бұл саланың арнайы маманы емеспіз. Менің ойымша, бейнелеу өнерінің тек қана өзіне тән бір артықшылығы бар, ол бұл өнерді тілі бөтен, діні бөтен, тіпті есту қабілеті жоқ болса да түсіне алатын, яғни шекара таңдамайтын, бір сөзбен айтқанда көру қабілеті арқылы рухани нәр беретін асыл мұра. Сурет әлеміне бала күнінен жақын келіп, мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде талайды таңдай қақтырған Медеубектің қыл қаламынан туған суреттердің тақырыбы әр алуан. Тылсым тарих тереңінен, бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Сондай суреттердің бір парасы төмендегідей: «Шежіреші», «Талпыныс» (1991), «Арыстың жағасында», «Суретші портреті» (1992), «Өмір жалғасуы» (1993), «Қ.А.Яссауи кесенесі» (1994), «Балалық шақ» (1998), «Автопортрет» (2000). «Балалық дәурен», «Көрініс», «Ұрпақ» (2010), т.б.

Суретшінің ертеректе жарық көрген «Шежіреші» портретіне бір сәт назар аударалық. Аспан әлемімен тұтасқан табиғат әлемі, жануарлар тіршілігі, ақ кимешек киген абыз ана әлдиіндегі сәби. Ана құшағындағы сәбидің санасына өткен тарихтың шежіресін әлдимен жеткізу ұтымды шыққан. Келесі «Талпыныс» картинасында да бас кейіпкердің бірі тәй-тәй басқан сәби. Картинаның қысқаша мазмұны былайша өрбиді, аспан әлемі қою, түйдектелген қаһарлы бұлт шоғырлары, бірақ бұлт шоғырының арғы бетінен жарық сәулесі бой көрсетеді, одан әрі белеске көтеріліп келе жатқан аттылы кісі, артында мінгескен баласы бар. Басты кейіпкер сәбидің өзі алғы шепте, қолында үш аяқты ағаш аяқ, енді ғана қадам басуды үйреніп келе жатқан бүлдіршін ағаш аяқтың көмегімен алға жылжуда. Суреттегі

философиялық тереңдік қара мен ақтың арпалысы, түн түнек пен жарықтың күресі, дәлірек айтқанда қаншама ғасырлар бойы қапаста келе жатқан қазақ халқының азаттық таңының арайлы шапағатына шомылып, тәй-тәй басқан баладай алға ұмтылуы ғажайып үндестік тапқан. 1991 жылы тәуелсіздік таңы атар тұста салынған суреттің ғибраты мол және суретші арманы ақиқатқа айналды, түнек түріліп, сәуле нұрын шашты. Сол жылдары тәй-тәйлап алға ұмтылған балапан бұл күндері 25-ке жақын келген ер жігіт. Тарихи тақырыптағы «Қ.А.Яссауи кесенесі», немесе бүгінгі күн тақырыбындағы «Балалық шақ», т.б. портреттері құнды мұралар. Көрерменге ерекше әсер қалдыратын дүниенің бірі «Ұрпақ» шығармасы. Жан мен тәні тазалыққа толы әке мен шеше қасында барлық күш-қуатымен ұшып кетуге ұмтылып, қанаттанып, масаттанып тұрған сәбидің ағеділ алаңсыздығы ұрпақтар сабақтастығындағы байланысты, тыныштықты қапысыз суреттейді.

Бұл суреттердің дені Шымкент, Алматы, т.б. қалаларда өткен облыстық, республикалық, дүниежүзілік деңгейде өткен суретшілер көрмесінде ерекше бағаланған, жүлде алған шығармалар. Ал енді «Арыс жағасында» суреті біздің өлкемізде жыл сайын дәстүрлі өтіп тұратын «Арыс жағасында» деп аталатын республикалық фестивалінің көрмесіне қойылып, ерекше бағаланған, арнайы марапатталып, дипломант атанған.

Медеубек Жұматайұлының дара қасиетінің бір көрінісі ғылымда екені ақиқат құбылыс. Ғалым әр жылдары ондаған оқу құралдары мен монографиялық еңбектерін жариялап үлгерді. Атап айтқанда «Гравюра» (Оқу құралы, 2007), «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» (Оқулық, 2013), «Графика» (Учебное пособие, 2001). «Академиялық кескіндеме» (Оқу құралы, 2009) «Академиялық сурет» (Оқу құралы, 2009), «Композиция» (Оқу құралы, 2009), «Техники графического искусства» (Учебное пособие, 2009), «Жоғары оқу орындарында графиканы оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері». (Монография. 2013), «Бейнелеу өнерінің теориясы мен тарихы» (Оқу құрал, 2013), «Сәндік қолданбалы өнер» (Оқу құралы, 2013), «Материалдарды өңдеудің технологиясы», (Оқу құрал, 2013), «Гравирлеу» (Оқу құрал, 2013), «5-6 сыныптардың бейнелеу өнері сабағында педагогикалық технологияларды қолдану мүмкіндіктері мен жолдары» (Монография. 2012), т.б.

Әр жылдары қазақ және орыс тілдерінде, Шымкент, Алматы, Астана, т.б. қалаларда жарық көрген бұл кітаптардың дені жоғары оқу орындары, арнаулы оқу орындары, жалпы білім беретін орта мектептерде, жалпы бейнелеу өнері жайындағы қызығушылық танытатын, ғылыми-зерттеу жүргізуші ізденушілерге де ғылыми тұрғыдан септігін тигізетін монументалды еңбектер.

Сонымен қатар М.Жұматайұлы ғалым ғана емес әдіскер ұстаз. Оның ғылым мен методиканы ұштастырып жазған көлемді еңбектері, әдістемелік нұсқаулары да бір шоғыр. Солардың ішінде «Қазақстан көркем мәдениетін зерттеу» (әдістемелік нұсқау), «Сәндік қолданбалы өнері» (әдістемелік нұсқау), (1995,) «Халық шеберлерінің шығармашылығын зерттеу» (әдістемелік нұсқау), (1996), «Қазақстан көне сәулет өнері» (әдістемелік нұсқау), (1997), «Методические указания по скульптуре» (учебно-

методическое указание), (2006), «Бейнелеу өнері көрнекілік құралдарын жасау және құрастыру». (Әдістемелік құрал), (2013), «Түстану» (әдістемелік нұсқау), (2015), «Ұлттық ою-өрнек» (әдістемелік нұсқау), (2015), т.б.

Қазіргі замана талабы жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды пайдалануды талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде М.Жұматайұлының қазақ көркем мәдениетін, сәндік қолданбалы өнерді, сәулет өнері сияқты салаларды әдістемелік жағынан талдап, оқыту үдерісіндегі жаңашылдықтарды меңгерту жолындағы сан алуан ізденістері көңілге қонымды, ол рухани өнерді үйретудің қыр-сырын меңгертеді.

Сонымен қатар М.Тәңірберген ұдайы жазып жүретін, сан алуан мәселерге сергек қарайтын, әсіресе ғылым, методологиялық салаларды жіті бақылап, дер кезінде пікір білдіріп отыратын ойлы азамат. Ғалым қаламынан туған ғылыми бағыттағы, әдістемелік тұрғыдағы еңбектер молынан кездеседі. Мұндай дүниелердің барлығына арнайы тоқталып, дербес пікір айтудың реті келе қоймас, алайда сондай бағалы еңбектердің біршамасы жайында аз-кем пікір сабақтағанның артықтығы болмас деп ойлаймыз. Ғалымның осындай зерттеулері қатарында «Дүниенің алғашқы негізі болып келген төрт элемент» атты дүние біздің назарымызды өзіне ерекше аударды. «Қазақ халқының ежелгі сөз қолдану дәстүрінде төрт саны көптеп ұшырайды. Бұл санның жиі айтылуына көне замандағы ойшылдардың айтқан философиялық көзқарастары, дүниенің дамуы туралы айтқан тұжырымдары ықпал еткен», -деп түсіндіретін ғалым пікірлері әр тараптан ой сабақтайды. Қазақ халқының сан ғасырдан бері жиі айтып келе жатқан үш, жеті, қырық сияқты киелі сандарынан бөлек төрт саны жайында да қызғылықты зерттеулер жасаған. «Төрт құбылам түгел болсын» дейтін қазақ халқының сонымен қатар төрт түлік мал, екі көзім төрт болды, төрт таған, төңіректің төрт бұрышы, дүниенің төрт тұлғасы деген сөз нақыштары күнделікті тұрмыста жиі айтылады. Төрткөл, Төрттөбе, Төртағаш деген жер, су аттары, яғни топонимдік ұғымдар да көп ұшырайды. Осы ұғымдар есеп жүйесінде негіз болатын төрт амал: қосу, алу, бөлу, көбейтуде де қолданылады. Төрт нәрсеге (ұйқыға, күлкіге, кәрілікке, тамаққа) тоқтау жоқ, төрт нәрсеге (көкірек-ақылға, көңіл-ойға, ер-амалға, тіл-сөзге) тойым жоқ деген жұмбақтар бар. «Төрт асық» деген балалар ойынының бір түрі күнделікті өмірде ұшырайды. Осы айтылған деректердің дені ғалым мақаласында жан-жақты көрінісін тапқан, ғылыми тұрғыдан дәлелденген, әлемдік өркениетпен байланыста зерттелген.

Халқымыз төрт түлік малына Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Шопан ата деп ат қойғаны ертеден мәлім. Адамның қаны да негізгі төрт группадан құралатынын медицина ғылымынан білеміз. Мәселен: география ғылымдары аталған төрт элементке сәйкес жер шарын төрт полюске (шығыс, батыс, солтүстік оңтүстік), жыл маусымын төрт кезеңге (қыс, күз, көктем, жаз) бөледі. Гректер төрт элементтің әсерінен олимпияда ойынын төрт жылда бір рет өткізіп тұрғаны бізге мәлім. Бұл мерзім күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Міне, бұл айтылған ойлардың дені ғалым атап

көрсеткендей төрт санының киелілігі жеті, қырық, т.б. сандардан кем емес деген ойға еріксіз жетелейді

Ғалымның келесі бір «Мектепте бейнелеу өнерін оқыту – өмір талабы» деген проблемалық мақаласы да бүгіннің күннің өзекті мәселелерін тереңінен қамтиды. «Мектепте бейнелеу өнерін оқыту қажет пе?», -деп көлденеңінен сұрақ қоятын автор: «Педагогика ғылымында көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру мәселесі қазіргі таңда анағұрлым өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың қазіргі міндеттері тұрғысынан алғанда, бұл мәселе, әсіресе, бейнелеу өнерінен сабақ беру саласында түбегейлі ерекше әлеуметтік-педагогикалық маңызы зор», -деп тұжырым жасайды.

Қазақстанда бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен жылдам дамуы көркем тәжірибедегі орын алған көптеген үдерістерге байланысты болды. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап елімізде құндылықтарды қайта бағалау басталды – өнердің қоғамдық иерархиясында ілгеріде қарапайым ғана орынды иеленіп келген бейнелеу өнерінің әлеуметтік және эстетикалық мәртебесі өлшеусіз нығая түсті.

Күннің көзіндей жарқырап, нұрын шашып, қазақ бейнелеу өнерінің қара шаңырағын қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан – Әбілхан Қастеев. Ғасырмен үндескен халық суретшісі бейнелеу өнерінің бас тұлағасы болып танылды. Сын тағдыр тоқыраудың тосқауыл тұсында да бейнелеу өнерінің беделін түсірмей, ұлттық рухани көркем туындылар туғыза білді. Исі қазақ жүрегіне жақын халық дастанына айналған Қастеев шығармалары, ұлттық өнердің биік шыңына көтерілді. Өнердегі рухани тұлға Ә.Қастеев есімі ел есінде мәңгі сақталады. Тарихымыздың көркемдік шежіресіне айналған туындылар, өткен ғасырдың болмыс тіршілігіне толы. Күн сайын құны өсіп әлемдік өнердің керуеніне ілескен көркем шығармаларының шынайылық мазмұны өміршең. Ә.Қастеевтің көркем туындылары көрінгеннің көлеңкесінде немесе көшірмесінде қалып қоймай, өзіндік табиғи болмыс – бітімімен жеке дараланды.

Орта мектептегі бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі өте жауапты және қиын жұмыстарды атқарады. Пән мұғалімі сурет салуды үйретумен қатар, өнерге байланысты атақты суретшілердің шығармашылық туындыларын талдай білуді, сол арқылы балалардың көркемдік талғамын қалыптастырады.

Халық арасында өнер бұлағының қайнар көзі ешбір толастаған емес, ата-бабаларымыздың нәсер шабытынан, ұшқыр қиялынан, шебер қолынан пайда болған өнер туындылары Отанды сүюге үйретіп, жас ұрпақтың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге көмектесетін көркем білім берудің жағдайы қазіргі таңда мүшкіл екенін айтып шырылдайды. Ол осы зерттеуінде Жапония, Германия, Америка, Франция, т.б. дамыған елдердің білім беру саласындағы жетістіктерін, әсіресе бейнелеу өнері, кәсіптік бағыттағы білім беру проблемаларын шешудегі өзық тәсілдерін алға тартады. Үйренетін дүниелерді ой өзегі етеді. «Дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге іргелі ел болуға, ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихы, мәдениетін, өнерін білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабардар өз саласының бәсекеге төтеп бере алатын нағыз

маманын дайындау қазіргі Елбасымыздың алдымызға қойған басты міндеті. Сондықтан бұл жерде балаларды өнермен сусындататын бейнелеу өнері пәні мұғалімдерінің білім мен кәсіптік деңгейлері өте жоғары деңгейде болуы басты шарт», -деп білетін Медеубек Жұматайұлы пікірлері қай тараптан алсаң да құнды.

Ғалым туралы айтпақ ойларды қорытындылауға ойыссақ. Ғалыммен әр кез кездесіп, сұхбаттасудың реті келіп тұрады. Ол шығармашылық жұмыстарда өзіне Қ.Ералин, А.Ниязов, А.Оспановты үлгі тұтады, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында Омбы мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Қайырмай Жақыпұлы Әмірғазинмен, Мәскеу педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы С.Аманжолұлы, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы С.Булатовпен, сондай-ақ Қытай халық республикасы, бауырлас Түркия, қырғыз елінің ғалымдарымен тығыз шығармашылық байланыста.

Осы ретте ғалымның ұстазы, профессор Қуандық Ералиннің келесі бір пікірін келтіре кеткенді жөн санадық: «М.Тәңірбергенев суретші ретінде бейнелеу өнерінің графика саласы бойынша шығармашылық жұмыстармен айналысады. Оның халықтың кешегісі мен бүгінігі салт дәстүрі, тұрмысы мен өмірі бейнеленген графикалық туындалары шет елдік, республикалық, облыстық, қалалық көрмелерге қатысқан. Оның шығармалары Алматы, Астана, Шымкент қалаларындағы өнер көрмелерінің қорында, шет елдердегі және еліміздегі коллекционерлер қорларында сақталған.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Тәңірбергенев педагог ғалым ретінде графика өнерін оқыту әдістемесі проблемаларын, графика композициясы, графика технологиясы бағытындағы өнер теориясы мәселелері, болашақ мұғалімдерді графиканы оқытуға даярлау саласындағы ғылыми-педагогикалық проблемалары бойынша зерттеулер жасап жүрген ғалым».

Медеу Тәңірбергеневтің алдағы уақытта ел алдында есеп беретін биік бір белесі есік қағып тұр, ол ғалым, суретші, бейнелеу өнерінің зерделі зерттеушісі, азаматтығы асқақ достың алпыс жылдық мерейтойы. Алты белестің биігіне шыққан Медеудің мәртебесі биік, қалам қуаты өзіне серік, бергенінен берері көп екеніне кәміл сенеміз. Шалқар шабытты шығармашылық табыстар тілейміз.



Тоққожа Мұқажсанұлы Қожағұлов

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының
академигі, кескіндемеші, график, акварелист,
ҚР Суретшілер одағының мүшесі, «Дарын»
мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Көркем
академиясының толық корреспондент мүшесі,
ҚР Білім беру ісінің Құрметті Қызметкері*

**ТӘНІРБЕРГЕНОВ МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**

Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенов — заманауи қазақ бейнелеу өнері педагогикасының көрнекті тұлғасы. Ол өз зерттеулерімен, шығармашылық тәжірибесімен және ұйымдастырушылық қабілетімен ұлттық ғылыми мектеп қалыптастыруға үлес қосқан ғалым. Өмірін өнер мен білімге арнаған Тәңірбергенов әрбір шәкіртіне тек кәсіби білім беріп қана қоймай, ұлттық мәдени құндылықтар мен эстетикалық танымды бойына сіңіруде үлгі болған ұстаз.

Ғылыми мектебі бейнелеу өнерін оқытудағы инновациялық әдістемелер мен дәстүрлі ұлттық өрнектерді интеграциялау арқылы қалыптасты. Тәңірбергенов мектебі студенттерді тек техникалық шеберлікке ғана емес, шығармашылық ойлауға, көркемдік талғам мен эстетикалық санаға баулиды. Ғалымның ғылыми ұстанымы бойынша әрбір педагог тек білім беруші ғана емес, мәдени мұраның сақтаушысы, ұлттық эстетикалық дәстүрдің жалғастырушысы болуы тиіс.

Медеубек Жұматайұлының ғылыми еңбектері көркем білім беру мен бейнелеу өнерін оқытудағы әдістемелік жаңалықтарды кеңінен қамтиды. Оның зерттеулері үш негізгі бағытта топтастырылуы мүмкін:

1. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мен педагогикалық технологиялар

Ғалым студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, графика өнеріндегі көркемдік дағдыларды қалыптастыру және интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыру жолдарын зерттеді. Әсіресе 5–6 сынып оқушылары мен жоғары оқу орны студенттеріне арналған әдістемелік ұсыныстары педагогикалық тәжірибеде жоғары бағаланды.

2. Ұлттық мәдениет пен өрнек өнерін оқыту Тәңірбергеновтың еңбектерінде ұлттық ою-өрнек, сәндік қолданбалы өнер және фольклорлық элементтер сабақ барысында шығармашылық қабілетті

қалыптастыруда негізгі құрал ретінде қарастырылады. Оның зерттеулері оқушылар мен студенттерге ұлттық мәдениеттің эстетикалық мәнін терең түсіндіруге бағытталған.

3. Ғылыми-теориялық зерттеулер және монографиялар

Ғалымның монографиялары мен оқу құралдары жоғары оқу орындарында графика және бейнелеу өнерін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін айқындап, педагогикалық білім беру саласында эталондық еңбек ретінде саналады.

Медеубек Жұматайұлының еңбектерінің ерекшелігі — әрбір ғылыми зерттеу нақты практикалық тәжірибемен тығыз байланысты. Оның мақалалары мен конференциялық баяндамалары тек Қазақстанда ғана емес, шетелдік ғылыми қауымдастықтарда да жоғары бағаланды.

Ғалымның ұйымдастырушылық қабілеті мен декандық қызметі ұлттық педагогикалық институттардың дамуына айрықша үлес қосты. Тәңірбергенов жаңа оқу бағдарламаларын енгізу, студенттердің шығармашылық зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету және көркем білім беру стандарттарын жетілдіру саласында реформаторлық қырын көрсетті.

Оның шәкірттері бүгінде өз саласында танымал педагогтар, өнертанушылар, дизайнерлер мен суретшілер. Ғылыми ізбасарлары оның методологиялық тұжырымдарын дамытып, ұлттық өнер педагогикасын жаңа деңгейге көтеріп отыр. Декандық қызметі кезінде институттың ғылыми және шығармашылық инфрақұрылымын жетілдіріп, халықаралық ғылыми байланыстар орнату арқылы білім беру кеңістігін елеулі дәрежеде байытты.

Медеубек Жұматайұлының ғылыми қызметі қазақ ұлттық өнер педагогикасында тарихи феномен ретінде бағаланады. Ол ұлттық мәдениет пен эстетикалық тәрбие негізінде педагогикалық әдістемелерді қалыптастырып, заманауи көркем білім беру саласына үлгі болды.

Ғалымның еңбектері ұлттық өнерді оқытудағы теориялық тұжырымдардан практикалық әдістемелерге дейінгі толық жүйені қамтиды. Оның ғылыми мектебі, шәкірттері мен ізбасарлары арқылы жалғасын табуда, бұл оның тарихи рөлін арттырады.

Медеубек Жұматайұлының орны тек ғалымдық және педагогикалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдени мұра мен көркемдік дәстүрлерді сақтау мен жаңғыртуда да ерекше. Оның ғылыми мұрасы Қазақстанның өнер педагогикасын зерттеуде эталондық, ал шәкірттері мен мектебі — ұлттық мәдениет пен білімді жаңғыртудың тірегі болып табылады.

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы қалыптастырған ғылыми мектеп – Қазақстандағы бейнелеу өнері педагогикасы, арт-педагогика және графика теориясы саласындағы жүйелі, кешенді бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мектептің өзегі – көркем білім беру үдерісін ұлттық құндылықтар,

заманауи педагогикалық технологиялар және өнердің классикалық теориялық негіздерімен ұштастыра отырып дамыту.

Ғалымның көпжылдық ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық қызметі нәтижесінде аталған бағыт дербес ғылыми-әдістемелік жүйе ретінде қалыптасып, жоғары және орта білім беру кеңістігінде кеңінен қолданылуда. Оның ғылыми мектебі тек техникалық шеберлікті дамытумен шектелмей, студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін, эстетикалық талғамын және ұлттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіруді басты мақсат тұтады.

Ғылыми мектептің теориялық іргетасы төмендегі қағидаттарға сүйенеді:

1. **Бейнелеу өнерін оқытудың дидактикалық, психологиялық және эстетикалық бірлігі** – оқу үдерісінде теория мен практиканың үйлесімділігі арқылы шығармашылық қабілетті дамыту.
2. **Ұлттық көркем мәдениеттің білім беру мазмұнындағы жетекші рөлі** – ұлттық ою-өрнек, халықтық өнер элементтері мен эстетикалық дәстүрлерді педагогикалық тәжірибеге енгізу.
3. **Өнер арқылы тұлғаны рухани-шығармашылық тұрғыдан дамыту** – эстетикалық және этикалық тәрбиені интеграциялау.
4. **Көркем білім берудегі пәнаралық интеграция және инновациялық технологиялар** – бейнелеу өнерін музыка, драма, экология және цифрлық технологиялармен біріктіру.
5. **Графика мен сурет салуды оқытудың құрылымдық-логикалық модельдері** – графика өнерін оқытудың ғылыми негізделген авторлық моделі.

Бұл әдіснамалық тұғырлар М.Ж. Тәңірбергеновтің кандидаттық және докторлық диссертациялық зерттеулерінде ғылыми тұрғыда дәлелденіп, кейінгі еңбектерінде одан әрі дамытылды.

Ғылыми мектеп аясында төмендегі іргелі бағыттар жүйелі түрде зерттелді:

1. **Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі және арт-педагогика**
Мектеп пен жоғары оқу орындарында бейнелеу өнерін оқытудың мазмұны, формалары мен әдістерін жетілдіру, педагогикалық технологияларды қолдану, арт-педагогиканың тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін ғылыми тұрғыда негіздеу.
2. **Графика теориясы және графиканы оқыту әдістемесі**
Графиканың көркемдік табиғатын ашу, оның негізгі элементтерін жүйелеу, жоғары оқу орындарында графиканы оқытудың авторлық теориялық-әдіснамалық моделін қалыптастыру.
3. **Ұлттық өнер және этнокөркем білім беру**
Ұлттық ою-өрнек, сәндік-қолданбалы өнер мен халықтық көркем мұраны білім беру үдерісіне енгізудің ғылыми негіздерін айқындау, эстетикалық танымды қалыптастыру.
4. **Көркем білім берудегі пәнаралық интеграция**
Бейнелеу өнерін музыка, драма, экология, цифрлық технологиялармен кіріктіре оқыту, виртуалды музейлер мен креативті педагогикалық орта қалыптастыру мәселелері.

Ғылыми мектептің өміршендігі мен нәтижелілігі келесі көрсеткіштермен айқындалады:

- 160-тан астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбек;
- Монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарының жарық көруі;
- ЖАК, Scopus және халықаралық басылымдардағы мақалалар;
- 5 педагогика ғылымдарының кандидатын даярлау;
- 30-дан астам докторлық, магистрлік және ізденушілік жұмыстарға ғылыми жетекшілік;
- Шәкірттерінің халықаралық және республикалық көрмелер мен байқаулардағы жетістіктері.

Бұл көрсеткіштер ғылыми мектептің тек теориялық емес, практикалық тұрғыдан да тиімді екенін дәлелдейді.

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлының ғылыми мектебі Қазақстандағы көркем-педагогикалық ғылымның дамуына елеулі үлес қосып, бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлау жүйесін жетілдіруге, ұлттық өнердің білім беру кеңістігіндегі рөлін арттыруға қызмет етті.

Аталған ғылыми бағыт бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, жаңа буын жас зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне берік негіз болып отыр.

М.Ж. Тәңірбергеновтің ғылыми мектебі – ғылым, өнер және педагогиканы тоғыстырған, ұлттық мазмұн мен заманауи әдіснаманы үйлестіре білген, қазақстандық көркем білім беру кеңістігінде орныққан беделді ғылыми бағыт болып саналады.

Бұл мектептің ерекшелігі – теориялық тұжырымдардан бастап, практикалық әдістемелерге дейінгі толық жүйені қамтуында, шәкірттері мен ізбасарлары арқылы жалғасып, Қазақстандағы бейнелеу өнері педагогикасының дамуында тарихи рөл атқаратынында.



С.Қ.Бейсенбаев

М.Әуезов ат.ОҚЗУ, Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ!

Түркістан облысы, Келес ауданы орталығында және Жиделі ауылында «Туған елге тағыым» жоба аясында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу университеті, «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы, ҚР белгілі қылқалам шебері, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі, ҚР ЖОО-ың Үздік оқытушысы, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, Педагогика ғылымдарының докторы, Өнер саласының профессоры, М.Ж.Тәңірбергеновтің ұйымдастыруымен «Келесім - құт мекенім» атты ауқымды іс шара өтті.

Мұндағы басты мақсат – қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, алған білімін тәжірибе жүзінде ұштастыра білетін, парасатты, салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін, бүгінгі өмірге бейім, шынайы жан-жақты дамыған қыздарды қалыптастыру, ауыл мектептеріндегі әдеби шығармашылықпен айналысатын жас таланттардың туындыларымен танысып, оларға қолма-қол бағыт беру.

Академик Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергеновтің туылған жері Жиделі ауылы, №54 Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінде (бұрынғы №17 «Большевик» орта мектебі) конференциядан бастау алды. Мектеп мұғалімдерімен оқушылар сол мектептің 1982 жылғы түлегін, Жаңадан ғимараттың кіреберісінен бастап, Акт залына дейін зор құрметпен қарсы алып құрмет көрсетті. Аталмыш мектепте көп жылдар бойы мұғалім, директор қызметін атқарған ұлағатты ұстаз, білікті басшы болған Жұматай Тәңірбергеновті еске алу конференциясыда басталып кетті. Конференцияда мектептің ардагер ұстазы Мәтір Орынбеков ағамыз, Жиделі ауылының және Келес ауданының депутаты, құрметті азаматы Мұқан Қожағұлов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ералхан Әбішев, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткерлері Фархад Ескенеев, Назарбек Үсіпахметов, мектеп әкімшілігінің басшылары қатысып баяндама жасалды.

Зейнеткер, ардагер ұстаз Шырынбек Тұрсынбекұлы модераторлық жасап, М.Ж.Тәңірбергеновтің өмірбаянымен таныстырды.

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы 1966 жылы 24 қаңтар ОҚО қазіргі Келес ауданы, Жиделі ауылында жұмысшы жанұясында дүниеге келген.

1972-1982 жылдары Келес ауданына қарасты №17 «Большевик» орта мектебін үздік бітіріп, 1982-1983 жылы Келес ауданы 22 п/с атындағы мақта жинау пунктінде жұмысшы болып істеген.

1983-1990 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты, Көркем сурет және графика факультетінің «Сурет, сызу және еңбек» мамандығын бітіріп Сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі біліктілігін алған.

1984-1986 жылдары СА қатарындағы борышын өтеген.

1990-1991 жылы ОҚО Келес ауданына қарасты «Большевик» орта мектебінде сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі болып жұмыс атқарған.

1991-1995 жылы Қ.А.Иассауи ат. ХҚТУ-нің Шымкент педагогикалық институты, Көркем сурет және графика факультетінің «Сурет» кафедрасында оқытушы;

1995-2005 жылдары М.Әуезов ат. ОҚМУ-нің «Сурет және Кескіндеме» кафедрасының аға оқытушысы, доценті;

2005-2012 оқу жылдары М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасының меңгерішісі қызметін атқарған.

2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шақыртуымен «Академиялық ұтқырлық және ХБ орталығының» бастығы, «Жаңа технология және өнер» ғылыми мектебінің директоры, «Кәсіптік-Шығармашылық» факультетінің деканы қызметін атқарған.

25 мамыр 2021 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметін аброймен атқарып келеді.

2004 жылы Педагогика ғылымдарының *кандидаты ғылыми* дәрежесін, 2010 жылы Педагогика ғылымдарының *докторы ғылыми* дәрежесін қорғаған.

2006 жылдан Педагогика саласы бойынша «Доцент (қауымдастырылған профессор)», Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі (2006ж.). 2023 жыл Өнертану саласының профессоры.

Қазақстан Республикасының БЖҒ министрлігінің 2007, 2014 жылдардың «ЖОО-ның үздік оқытушысы мемлекеттік грант иегері».

160-тан астам ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрген, оның ішінде 4-монография, 2-оқулық, 20-оқу құралы, оның ішінде 3-оқу құралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің грант иегері, 15-әдістемелік құралдар, 20 - ЖАК тізіміндегі шет елдердің және Қазақстан ғылыми журналдарында, 5—мақала жоғары инпакфактор СКОПС ғылыми журналында, 100-ге жуық ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми практикалық конференцияларының еңбектерінде жарияланған.

М.Ж.Тәңірбергеновтің жетекшілігімен 5-ізденушісі З.Ш.Айдарова, П.А.Абашова, Б.Айдарбек, С.Түрікпенова, Г.А.Нуржановалар педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғады. Сонымен қатар 25-тен астам «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша докторлық, магистрлік диссертациясына жетекшілік жасаған және ғылыми ізденушілерге жетекшілік жасаған.

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлының қажырлы еңбегі үшін мынадай марапаттарға ие:

- 2015 жылы ҚР БЖҒМ Ғылым саласына қосқан еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгі;

- 2016 жылы Республикалық Кеңестің шешімімен «Білімге сіңірген еңбегі үшін» төсбелгі;

- 2016 жылы ҚҰРМЕТ қоғамдық бірлестіктің «Білім ісінің үздігі» төсбелгі;

- 2017 жылы ҚР БЖҒМ «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі;

- 2017 жылдан Қазақстан Педагогика Ғылымдар Академиясының академигі.

- ОҚМПИ 80 жыл мерейінің медалі;

- 2018 жылы Дизайн саласындағы Евразия Дизайнерлер одағының медалі;

- 2019 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗЫ - 2019» атты төсбелгі;

- 2019 жылы Абай атындағы ҚазақҰПУ, Институттың дамуына қосқан үлесі үшін «Өнер, мәдениет және спорт институтына 50 жыл» мерекелік медалі;

- 2019 жыл Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі;

- 2020 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін ҚР педагогтарының «АЛТЫН ТӨСБЕЛГІСІМЕН» марапатталған;

- ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл мерейі «ӨЗ ЕЛІМ» - «МОЙ КАЗАХСТАН» көркемсуреттер сериясын құру көркемдік форумы ҚР Мәдениет министрлігінің 1 ДӨРЕЖЕЛІ диплом иегері;

- «НҰР ОТАН» Халықтық партиясының Республикалық, Облыстық, Қалалық ұйымдарының АЛҒЫС ХАТ иегері;

- 2021 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін ҚР педагогтарының «Қазақстанның құрметті профессоры» төсбелгісі;

- 2022 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» медалі.

- 2023 жылы 1 қараша №776 бұйрық ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Өнер» мамандығы бойынша Профессор атағы берілді.

- 2023 жыл Әуезов университетінің 80 жылдық төсбелгісі.

- ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің басшысынан, ЖОО-ның ректорларынан, Облыстық мәдениет басқармаларынан т.б. мекеме басшыларының алғыс хаттар мен дипломдармен марапатталған. Сонымен қатар халықаралық «Жігер» фестиваліне, халықаралық, республикалық, облыстық шығармашылық көрмелерге қатысушы, көптеген мақтау қағазы мен алғыс хаттардың иесі.

Конференция аясында:

Көп жылдар мұғалім, директор қызметін атқарған ұлағатты ұстаз, білікті басшы болған Жұматай Тәңірбергенов атына сынып беру рәсімі жасалып, мектеп қабырғасына арналған шығармашылық туындылар сыйға тартылды. Медеубек Жұматайұлының тарапынан болған бұл ұсынысты мектеп басшылығы өте жақсы қабылдады.

Сонымен қатар Медеубек Жұматайұлы мектеп оқушылармен кездесу ұйымдастырып, «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында баяндама жасалып, кәсіби бағдар берілді, Қазақстанға, облысқа танымал Мәдениет және өнер факультетіне қарасты «Қазына» фольклорлық ансамблінің концерттік ән шашуымен жалғасып, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері белгілі әнші Айнұр Әбубәкірова ән шырқап, ұстаздар мен оқушыларға көтеріңкі көңіл сыйлады. Жиын соңында жастар өздері үшін маңызды ақпаратпен танысып, өзіндік ұстанымдарын білдіріп, туған жердің нағыз патриот азаматтары екендіктерін көрсетіп, естелікке суретке түсті.

Конференцияның екінші бөлімінде Жиделі ауылында жаңадан ашылған Мәдениет үйінің ашылу құрметіне ауыл тұрғындарына арнап белгілі әнші Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ералхан Әбішев, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткерлері Фархад Ескенеев, Назарбек Үсіпахметов, Хадиша Сейітова, жас әншілер Сандуғаш Елғонова, Нұрман Жан т.б. ән шырқап көпшіліктің ризашылығына, қошеметіне бөленді. Өз кезегінде М.Тәңірбергенов Мәдениет үйіне шығармашылық туындылар сыйлады. Ауыл тұрғындарының алдында туған жеріне деген көмек ықыласына, қолдауын көрсетіп жүрген, Жиделі ауылының, Келес ауданының қалаулы азаматы депутат Мұқан Қожағұловқа алғыс білдіріп, ауылда орналасқан Балабақша мекемесіне де шығармашылық туындылар тапсырылды.

Ұлағатты ұстаз, білікті басшы болған Тәңірбергенов Жұматай атамyzдың атына құран шалынып, қарашаңырағында құран бағыштап ас берілді.

Түсқайта аудан орталығы Бесқұбыр Мәдениет үйінде Мәдениет және өнер факультетінің «Өркен» студенттік театры Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай Дулат Исабековтің «Тыныштық күзетшісі» драмалық спектаклін қойып, сұрапыл соғыс жылдарының естен кетпес тарихи беттерін сомдады. Жас актерлердің қойылымда орындаған шеберлігіне қалың жұрт өз ризашылығын білдіріп, қошемет көрсетті.

Іс-шараға қатысушылар тарапынан құнды ой-пікірлер айтылды. Туған жерге саяхат ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар жасалды. Аудандық мәслихат депутаты М.Қожағұловтың бұл бастаманы қолдай отырып, алдағы уақытта жастар мен жасөспірімдерге арнап Жиделі ауылындағы «Мәдениет үйіне» арнайы іс шаралар ұйымдастыруды мақсат еткенін жеткізді.

«Туған жерге тағзым» ұғымы адам жанына жылылық ұялататын өте ыстық ұғым. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.





М.С.Мырзаканов

*Шәкәрім атындағы университеттің профессоры,
п.ғ.к., ҚПҒА академигі,
ҚР Суретшілер одағының мүшесі*

ШЫМКЕНТТЕ СУРЕТШІ-ПЕДАГОГТАР БАС ҚОСТЫ

«Мәдениет—ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»

Н. Ә. Назарбаев

Халықтың тарихи естелігі – ғасырлар бойы мәдени мұраға салынатын, барлық адамзат өркениетінің мәдени топтарын, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қалудың негізі болып қалу факторы болып табылады. Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сіңіру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жұртшылық назарын аударуда. Бейнелеу өнері арқылы ұлттық, эстетикалық, адамгершілік, рухани тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы суретшілердің шеберлігі мен ізденімпаздығы, шығармашылығы, білім деңгейімен де тығыз байланысты болмақ. Осы орайда, еліміздің барлық өңірінен суретші-педагогтар Шымкент қаласына жиналды.

2021 жылдың 24 қараша күні М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай «МӘДЕНИ МҰРА» атты Халықаралық суретші–педагогтар симпозиумы басталды. Симпозиум заманауи педагогикалық көркем білім беру мәселелерін зерттеп жүрген ЖОО ғалымдарының, докторанттар мен магистранттардың, суретші-педагогтардың, орта мектептерде дәріс беретін көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу нәтижелері мен көкейкесті мәселелері бойынша шығармашылық тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылды. Симпозиум жұмысы 3 күнге жалғасты. Халықаралық суретші–педагогтар симпозиумының ашылуына орай ұйымдастырылған кездесуде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма

Төрағасы-ректор Дария Пернешқызы Қожамжарова: «Кеше ғана Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы үндеуінде «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. Жеті тұғырдың Бесінші тұғыры, Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі деп атап көрсетті. Бұл симпозиум Тұңғыш Президентіміз атап көрсеткен БЕСІНШІ ТҰҒЫР бойынша дер кезінде орындалып отырған іс-шара ретінде қабылдауларыңызды сұранамыз» - деп симпозиум қатысушыларына аталған іс-шараға алыс-жақын шет елдерден, еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, атсалысқандықтары үшін алғысын білдірді.



Симпозиум барысында Шымкент және Түркістан қалаларында «ШЫРАЙЛЫ ШЫМҚАЛА», «ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН», атты бейнелеу өнері ұстаздары мен докторанттары, магистранттары арасында табиғат аясындағы пленэр ұйымдастырылды. «Табиғатты аялау ата-баба салтымыз, тәрбиеге де мән берген дана халқымыз» демекші ата-бабамыз бастан-ақ табиғат пен тәрбиені бөле жарып көрмеген, екеуін қатар ұстаған. Балаға табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат, шапағатын ұялататын, сұлулық пен әсемдік әлемі екендігін тұла бойына сіңіру. Орман, дала, өзен-көл тау-тас, бау-бақша, жыл мезгілдері мен құбылыстары, құстар үні мен жануарлар дүниесінің қызығы, өсімдіктер әлемі адамның сезіміне әсерлі суреттеліп, оларды сиқырлы сырды білуге ынтықтырады. Адамның көркемдікті қабылдауы мен оны өз қолымен жасауға бағытталған

әрекеттерінің арқасында бейнелеу өнерінің мәнерлілігі, көркемділігі жастардың шығармашылық белсенділігіне сол арқылы олардың көркемдік талғамының дамуына зор ықпал етеді.

Адам баласы қашанда қоршаған ортаны, табиғат сұлулығын жырлауға, бейнелеуге ынтық болған. Өйткені табиғат пен адам бір-бірімен етене жақын. Кең-байтақ еліміздің мың құлпырған сан-алуан табиғаты, көрген жанды ғажайып әсерге бөлейді. Сондықтан да Қазақстан бейнелеу өнерінде табиғат тақырыбының алар орны ерекше. Осы бір ауқымды тақырыпқа қалам тартпаған суретші, сірә, жоқ та шығар. Суреткердің жүрегінен шыққан табиғат көріністері, көрген жанға белгілі бір көңіл-күй береді. Сондықтан шараға жиналған 50-ге жуық қылқалам шеберлері мақсатының бір ұшы – суретші-педагогтардың біліктілігін арттырып, шеберлігін шыңдау.



3 күнге жоспарланған шарада суретшілер аймақтың бірнеше аудандарын аралап, көрікті мекендердің суретін салды. Табиғаты тамылжыған аудандардан бөлек тарихи орындарды да аралап, атап айтқанда Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінде болды. Пленэр барысында жасалған 100-ге жуық көркемтуынды оңтүстік жұртшылығының назарына ұсынылады және арнайы көрме ұйымдастыру жоспарланған.

Симпозиумға қатысушыларды Ресей Федерациясының Омск мемлекеттік педгогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қ.Ж.Амирғазин және Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Ералин Қуандық Ералыұлы онлайн-форматта қатысып, Низамий атындағы Ташкент

мемлекеттік педагогика университеті, Бейнелеу өнері кафедрасының доценті У.Н.Нуртаев, Шәкәрім атындағы университеттің «Өнер және музыка» кафедрасының профессоры, п.ғ.к., ҚПҒА академигі, ҚР Суретшілер одағының мүшесі М.С.Мырзаканов ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, симпозиум жұмысына сәттілік тіледі.

Кездесуден соң симпозиумға қатысушылар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының профессор-оқытушылары мен студент, магистранттарының шығармашылық көрмесінің ашылу салтанатына қатысты. Симпозиум жұмысының нәтижесінде плэнерге қатысқан суретші-педагогтар дипломдар және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Шара соңы үлкен коцертке ұласты.





Лаура Өмірәлиева
М.Әуезов ат.ОҚЗУ,
«Бейнелеу өнері және дизайн»
кафедрасының аға оқытушысы

ҒЫЛЫМ мен ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Өнерді ғылыми тұрғыдан талдау, теориялық және әдістемелік негіздерін жүйелеу арқылы мәдени құндылықтарымызды зерттеу – бұл көркем өнер жанашыры бола білетін зерттеуші ғалымның басты миссиясы.

Бейнелеу өнері - адамзаттың рухани болмысы мен дүниетанымын көркем тілде айқындайтын мәдени құндылық. Көркемдік мәдениеттің негізін құрайтын бұл сала ұлттың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, оның тарихи жады мен өркениеттік өрісін тереңінен танытады. Өнерді жаза болу - оның әрбір бояуы мен сызығындағы мағынаны түсініп, шығармашылықтың қоғамдағы орнын көрсете білу, сондай-ақ мәдени мұраны жаңғыртуға атсалысу деген сөз.

Бейнелеу өнерінің жанашыры - өнер туындысын көріп қана қоймай, оның астарында жатқан көркем идеялық қуатты, авторлық көзқарасты, көркемдік ізденістің ерекшеліктерін сезіне алатын тұлға. Мұндай жанашырлық өнерге деген құрметтен, оны насихаттап, келешек ұрпаққа жеткізуге деген талпыныстан туындайды. Сондықтан бейнелеу өнеріне – қоғамның рухани дамуына әсер ететін маңызды күш, мәдениет пен шығармашылықтың өміршеңдігін қамтамасыз ететін тірек болып табылады.

Оңтүстік тарихи мәдени құндылыққа бай және этникалық жағынан алуан түрлі аймақ ретінде бірегей дәстүрге ие, бұл әлеуетті түрлі ғылыми-әдістемелік, мәдени-ағартушылық бағдарламалар арқылы іске асырылып келеді. Мысалы, жергілікті мәдени дәстүрлер мен заманауи өнерді жаңғыртып және жаңаша дәріптеуге бағытталған фестивальдар, симпозиумдар, шығармашылық көрмелер, байқаулар және басқа да іс-шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Ғылыми-әдістемелік зерттеулерде мәдениеттану, өнертану, этнография, бейнелеу өнері, демалыс және басқа да сабақтас бағыттарда ғылыми-шығармашылық зерттеулер белсенді қарқын алуда.

Ғалымдар, өнертанушылар, суретшілер де ұлттық өнердің дамуына қызмет етіп, рухани мұраны байыта отырып, қоғамға эстетикалық тәрбие, мәдени ойлау жүйесін қалыптастыруға ықпал жасауда. Осы бағыттағы

еңбектердің барлығы өнерді бағалаған, оны болашаққа аманат еткен жанашыр тұлғалардың тынымсыз қызметінің нәтижесі болып табылады.

Қай заманда да ұстаз тұлғасы - білім мен руханияттың шамшырағы, қоғамның рухани тірегі болып келеді. Ұстаздық жол - тек мамандық емес, ол адам жанына нұр құятын асыл өнері. Ал ғылым мен шығармашылықты қатар алып жүрген ұстаз, ерекше дарын иесі. Ұстаз тек білім беріп қана қоймай, өз шәкірттерінің бойында ізденіс рухын, көркем ойлауды және өнерге деген сүйіспеншілікті оятады. Ғылым - ұстаздың парасат биігін айқындаса, шығармашылық - оның жүрек жылуын, сезім тереңдігін паш етеді.

Ғылым мен шығармашылықты ұштастыра білген суретші-ұстаз, заманауи білім беру ісінің кәсіби маманы, ұлттық көркем мәдениеттің, өнер мен ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосып кележатқан тұлға ол, Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенев.

М.Ж.Тәңірбергенев кемеңгер ұстаз - адам жанының инженері, ақыл мен парасаттың, мейірім мен ізгіліктің үлгісі ретінде көруге болады. Ғылыми зерттеумен шығармашылық жұмысты қатар алып жүрген ғалым-ұстаздың нағыз жан-жақты, ерекше тұлға екенін көрсетеді. Ұстаздың өмір жолы – шығармашылық ізденіске толы еңбегі - ұрпақ тәрбиесіне бағытталған. Ол ғылым арқылы шәкіртін ойлауға, зерттеуге үйретсе, шығармашылық жұмыс арқылы көркемдік талғам мен іскерлік шабытты оятатыны хақ.

Профессор Медеубек Жұматайұлының ЖОО-да 35 жыл тынымсыз еңбегінің нәтижесінде, ғалым-суретші жетекшілігімен 5-ізденушісі педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғаған, қазіргі таңда FhD докторант Умралиева Лаура Мухтарқызы зерттеу жұмысын аяқтап қорғауға дайындалуда, сонымен қатар 30-дан астам «Дизайн», «Бейнелеу өнері және сызу», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша магистрлік диссертациясына жетекшілік жасаған, жасап келеді.

Тәңірбергенев Медеубек Жұматайұлының ғылыми-шығармашылық еңбектерінің нәтижесінде: Уәкілетті орган ұсынған 38 басылым; 4-халықаралық сараптамалық журналдарда Scopus (Web of Science) (Thomson Reuters) пайыздық көрсеткіші кемінде 35; 2- Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) бойынша; 2- Қазақстан Республикасының сараптамалық журналдарында; 4- көршілес және алыс шетелдердегі конференцияларда; 38- шығармашылық жұмыс, 31- Қазақстан Республикасындағы көрмелерде, форумдарда және симпозиумдарда; 7- көршілес және алыс шетелдердегі көрмелерде, форумдарда және симпозиумдарда ғылыми және шығармашылық жұмыстары жарық көрген.

Студенттердің арасында жетекшілігімен 1- лауреат, 17- халықаралық және республикалық байқаулардың, көрмелердің, фестивальдердің және республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары дайындалған.

Медеубек Жұматайұлының ұйымдастыруымен бірнеше ауқымды жобалар іске асты:

- Жоғары оқу орындарында соңғы 20 жылдан бері халықаралық деңгейде өтпеген іс-шараны қолға алып, 2016 жылы Оңтүстік Қазақстан

мемлекеттік педагогикалық университетінде «Ұлы дала топырағын ұлықтайық» атты халықаралық «Суретші-Ұстаз» симпозиумы ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткен болатын. Симпозиумға Қытай, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және еліміздің ғалым, суретші-ұстаздар бас қосып, «Шырайлы Шымқала», «Киелі Түркістан» тақырыбында табиғат аясында екі күндік пленэр ұйымдастырылып, байқау нәтижесін облыстық Бейнелеу өнері музейінде қорытынды көрме қойылып, өнер сүйер қауымға тарту етті.

- Сонымен қатар Шымкент педагогикалық институтының «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының ең алғашқы түлегі, Қазақ қол өнерінің Хас шебері Бибіаждар Симованың шығармашылығына арнап, «ӨМІРІМ-ӨНЕРІМ» атты Аймақтық ғылыми практикалық конференция және жеке шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды. Өнер мамандықтарында білім алатын студенттерге арнап, автор шебер сынып өткізіп, шығармашылыққа арналған баяндама жасалды.

- 2021-2022 оқу жылында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде М.Ж.Тәңірбергеновтің ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейіне арналған «МӘДЕНИ МҰРА» атты халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумы ұйымдастырылып, екі күндік іс шара жоғары деңгейде өтті. Медеубек Жұматайұлы симпозиум қатысушыларына арнап: Рухы асқақ, өркендеп көркейген, дәлірек айтқанда дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халықымыздың өткен тарихы мен мәдениетін, өнерін жетік білетін, қазақтың жанын ұға білетін, туған елінің жан ашыры бола алатын, бәсекеге төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау алдымызға қойған басты міндет. Сондықтан бұл суретші-ұстаздар симпозиумында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейіне арналған «Шырайлы Шымқала», «Жаңғырған Түркістан» шахарын бейнелеу өнері арқылы көпшілікке насихаттап, шығармашылық туындыларын көрме ұйымдастыру арқылы қалың жұртшылықтың назарына ізгі ниетпен ұсынады деп айтқан болатын. Нәтижесінде шығармашылық көрме қойылып, өнертанушылар, мәдениеттанушылар, тарихшылар, суретші-ұстаздар, студенттердің туындыларына арнап, өнер сүйер қауымға арналған каталог альбом жасалды.

М.Ж.Тәңірбергеновтың қазіргі жарияланымдарында мектепте бейнелеу өнері пәнін оқытудың проблемалары және мүмкіндіктері, тастағы бедерлердің стильдік даму ерекшеліктері, Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтар қашанда келер ұрпаққа мұра, Құрасбек Тыныбековтің шығармаларындағы ұлттық құндылыққа негізделген төрт элемент, Графика өнері арқылы мәдени құндылықтары жаңғырту, Ұлттық қолөнер арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, Мәдени мұрадағы түр мен түстің көркемдік ерекшеліктері, Көркемдік тұрғысында түр мен түстің әр алуан ренктері, Шығармашылық туындыдағы композициялық орталық ролі, Ұлттық өнер арқылы студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, Көркем

шығармашылық мәдениетін дамыту арқылы жас ұрпақтың өнертану түсініктерін жаңғырту, Көркем шығармашылық мәдени құндылықтар, Қазақстан қолөнері шеберлерінің шығармашылығы т.б осындай ауқымды зерттеулердің нәтижесіндегі мақалаларында жан-жақты қарастырған. Бұл еңбектердің мақсаты эстетикалық тәрбие беретін, адамның дүниетанымын кеңейтетін, қоғамдағы рухани бағытты қалыптастыратын маңызды сала екенін дәлелдеуге ұмтылған. Автор суретшілер шығармашылығы арқылы қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерді түсіндіруге бағыттаған.

Сонымен қатар М.Ж.Тәңірбергенов графика саласына ерекше тоқталып, оның - композициялық күрделілігін, сызықтың символдық мағынасын, фактура мен штрихтың эмоциялық әсерін талдауға көп көңіл бөлген. Оның пікірінше, графика - ойдың жинақылығы мен көркемдік дәлдікті талап ететін ең нәзік бағыттардың бірі екенін дәлелдеген. Еңбектерінде ол- әр дәуір суретшілерінің ізденістерін, стильдік және бағыттық ерекшеліктерін, шеберлік эволюциясын салыстыра отырып талдайды. Яғни еңбегін тек эстетикалық тұрғыдан емес, оның шығармашылық психологиясына, ішкі дүниесіне, дүниетанымына байланысты қарастырған.

М.Ж.Тәңірбергенов үшін ең маңызды мәселе - ұлттық дәстүрді сақтай отырып, заманауи көркемдік жаңашылдыққа ұмтылу. Мақалаларында «Ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтар» ол ұлттық мотивтердің қазіргі өнерде жаңа формада өмір сүру жолын түсіндіргісі келгенін анық сипаттаған. Яғни мақсатының бірі - қазақ бейнелеу өнерін ғылыми әдістемелік тұрғыда түсіндіру. Осы орайда ол- терминология, теориялық тұжырымдар, ғылыми шығармашылық талдау әдістерін жетілдіруге үлкен ғылыми зерттеулерге үлес қосып келеді.

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, біздің ғалым ұстаздардың бар болғанына мақтаныш етеміз.



Марат Мамадияров

*г.ғ.к., доцент Қуатбеков атындағы
Халықтар достығы университеті*

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ СӘТТІ ӨТТІ

Естелік

1998 жылы елімізде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы ерекше мазмұнда және кең көлемде атап өтілді. Бұл кезең – тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға айрықша көңіл бөлінген уақыт болатын. Наурыз мейрамында халықымыздың салт-дәстүрін, мәдениет пен өнерін және рухани ынтымақтастық бірлігін көрсететін маңызды мерекеге айналды.

Сол жылы 22 наурыз ресми түрде демалыс күні болып, мереке мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылды. Қалалар мен ауылдарда орталық алаңдарда киіз үйлер тігіліп, ұлттық нақышта безендірілді. Халыққа арнап концерттік бағдарламалар, айтыс, би мен ән қойылымдары, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Наурыз мейрамының басты тағамы – наурыз көже дайындалып, мерекеге келушілерге таратылды. Бұл тағам молшылық пен берекенің белгісі саналады. Адамдар бір-бірімен көрісіп, өкпе-назын ұмытып, ақ тілектерін білдірді. Үлкендер жастарға бата беріп, ізгілік пен татулықты насихаттады. Наурыз мейрамы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық рухын көтеріп, халықты бірлікке, ынтымаққа шақырған мереке болды. Ол қазақ халқының бай мәдениеті мен дәстүрінің қайта жаңғырып, болашақ ұрпаққа жалғасуына үлкен үлес қосты.

Халық арасында «Тойдың болғанынан, боладысы..» дегендей Наурыз мерекесіне дайындықтардың ерекше есте қалары да болды. 1998 жылы ақпан айында Мәдениет және өнер факультетінде Наурыз мерекесін тойлауға ұйымдастыру комитеті құрылып, жауапты оқытушылар бекітілді. Мен кәсіподақ ұйымының жетекшісі ретінде, ал Медеубекте ұйымдастыру комитетіне кірген болатын. Сол жылдары оқытушы профессорлар айлық жалақысы аздау ма, жиналған қаржы аздау болды. Сонымен ақылдаса келіп, Өзбекстанмен шекаралас Черняевка (қазіргі Жібек жолы) ауылындағы базарына, азық-түлік алуды ойластырдық, өйткені қолайлы арзандау болатын.

Келесі күні таңертен Медеубектің 01 ваз автокөлігімен жолға шықтық. Шымкентпен Черняевкаға дейін 110 шақырымдай болатын. Әңгімеге кірісіп, арлы-берлі не алатынымызды айқындап әжептеуір жылдамдықта жүйтікіп баражатқан болатынбыз. Кенеттен оң жақ доңғалақтың шарабойы шығып, аброй болғанда жол шетіне шығып, дөңдеу жерге барып бірақ тірелдік. Егерде 20-30 метр ұзақтау жүргенімізде, құлдилаған сайға кетер едік деген ойда болды. Баратын жерімізге 25 шақырымдай қалған болатын. Ол кезде жаспыз еш асып-саспай ақылдастықта, Медеубек жүк салғышынан қажетті кілттерін ала бастады, мені жол жөнекей машиналармен Черняевкаға барып, қажетті шаравойды алып келе беруімді өтінді. Ол кезде газель автокөлігі көп жүретін. Солардың біреуіне мініп ары қарай тартып кеттім. Черняевка жеткен бойы қажетті автобөлшекті алдым да, қайта машина қалған жерге жол машинамен келсем, сол арада 1 сағат шамасы, Медеубек машинаның доңғалағын, бұзылған бөлшектерін шешіп, дайын отырған екен. Тез арада қажетті шаравойды ауыстырып, көлігімізді мініп баратын жерге шықтық. Жиналған қаржыға лайықтап барлық керек азық-түлікті машинаға артып Шымкентке де аман есен жеттіп алдық. Бір айтары, ниетіміз түзу болғандықтан жол жөнекей болған жәйттарға қарамастан, бізге берілген тапсырма бойынша толық орындап келгеніміз, аброй болды.

Сол күні кешке киіз үй тігіліп, ішін безендіріп, алдына қазан-ошақ қойып әкелген ет-қазымызды қайнатып, таңертен болатын Наурыз мерекесіне дайындықта жүріп жатты. Сол жылғы Шымкент қаласы бойынша өткен Наурыз мерекесі қызығы да, қуанышы да барлығы естен кетпейтін сәттер есімізге сақталды. Содан бері достығымыз ажырамай ЖОО-да қызмет жасап келеміз.

II БӨЛІМ.

**ТӘҢІРБЕРГЕНОВ МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫ
ҒАЛЫМДАР МЕН СУРЕШІЛЕРГЕ АРНАҒАН МАҚАЛАЛАРЫ**



**ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, СУРЕТШІ
Қуандық Ералиннің шығармашылығы жайындағы ой**

Оңтүстік тарихи мәдени бай және этникалық жағынан алуан түрлі аймақ ретінде бірегей дәстүрге ие, бұл әлеуетті түрлі ғылыми-әдістемелік, мәдени-ағартушылық бағдарламалар арқылы іске асырылып келеді. Мысалы, жергілікті мәдени дәстүрлер мен заманауи өнерді сақтауға және дамытуға бағытталған фестивальдар, симпозиумдар, өнер көрмелері, байқаулар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылуда. Ғылыми-әдістемелік орталық ретінде мәдениеттану, өнертану, этнография, бейнелеу өнері, демалыс және басқа да сабақтас пәндер саласында ғылыми зерттеулер белсенді қарқын алуда. Бұл бағыттағы зерттеулер ғылыми прогреске ықпал етіп қана қоймай, мәдени мұраны сақтауға, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстанда өнерді кеңінен насихаттауға және дамытуға бар күш жігерін салып ғылыми тұрғыда зерттеп келе жатқан ғалымдар аз емес. Солардың бірегейі Ғалым суретші-ұстаз педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қуандық Ералыұлы Ералинді айтуға болады.

Ералин Қуандық Ералыұлы 14 сәуір 1950 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Тельман ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Ырғыздағы

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1969 жылы Шымкент педагогика институтына оқуға түсіп, 1973 жылы Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша бітірген. 1973-1974 жылдары әскер қатарында болған. 1981-1982 жылдары В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институтының Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі кафедрасында машықтану ісінен өткен. 1985 жылы институтының аспирантурасын, 1992 жылы Москва мемлекеттік педагогика университетінің докторантурасын 13.00.02- Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша бітірген. 1985 жылы В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институтында 13.00.02 «Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың кеңістікті елестетулерін қалыптастыру» деген тақырыпта бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған. 1993 жылы 14 қаңтарда «Болашақ бейнелеу өнері мен көркем еңбек мұғалімдерінің көркемдік-практикалық даярлығы» тақырыбындағы докторлық диссертациясын 13.00.02 - Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша Москва мемлекеттік педагогика университетінде қорғаған.

Қазіргі мәдениет мекемелері кино, музыка, театр, бейнелеу өнері, дизайн, кескіндеме т.б. шығармашылық салаларды дамытуда, жаңа технологияларды қолдануда шешуші рөл атқарады. Бұл салалар мәдени және экономикалық өсудің маңызды көзі болып табылады және мәдениет пен өнердің дамуының катализаторы бола алады.

Профессор Қуандық Ералиннің ғылыми зерттеу еңбектері ұлттық салт-дәстүр мен бейнелеу өнерін жаңғырту бағытында өрбиді: Мысалы: «Этнобұйымның көркемдік өлшем бірліктерін анықтау» атты мақаласында Қазақстан Республикасының бейнелеу өнеріндегі өнертану саласында этнобұйымның көркемдік өлшем бірліктерін анықтау мәселесін зерттеуді ашып көрсетуге арналған. Ол ұлттық колөнер бұйымдарын талдау барысында жүзеге асырылған. Мақалада этнобұйымның көркемдік өлшем бірліктерін анықтауға негізделген өнертану әдістемесінің табиғаты анықталған. Этнобұйымдардың көркемдік ерекшеліктерін бағалау, көркемдік өлшем бірліктерін анықтау мазмұны жеткілікті дәрежеде ашып көрсетілген. Еңбектің зерттеу саласы этнобұйымның көркемдік өлшем бірліктерін анықтау идеясы, композиция, колорит, орындау техникасы бағытында айқын белгіленген.

Сонымен қатар «Бейнелеу өнері шығармаларын қабылдау» атты оқу құралында «Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру» тұжырымдамасында: «педагогтарды кәсіби даярлауда ұлттық рухани мәдениетті... дамыту» қажеттілігіне мән береді. Сондай қажеттіліктердің бірі – болашақ мамандардың көркемдік мәдениетін қалыптастыруда алдымен бейнелеу өнері шығармаларын қабылдаудың теориялық білімдерін тереңдетуді ұсынған. Ұлттық бейнелеу өнер негізінде болашақ мамандардарға кәсіби білім беру мәселелерін шешудің бүгінгі күнде маңызы артып жатқанын көрсетеді. Аталған оқу құралында бейнелеу өнері тарихы пәнінің базалық мәселелері жан-жақты қарастырылған. Тақырыптық мәселелер бейнелеу шығармаларын зерттеудегі мәлімет көздері мен материалдар және өнердің даму кезеңдеріндегі ерекшеліктерін, бейнелеу

өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарын және қазақ бейнелеу өнері шығармаларын талдауда студенттердің дүниетанымдық ой-өрісінің қалыптасуына үлкен әсер етеді және олар рухани-мәдени сананың, эстетикалық көзқарастың, философиялық дүниетанымның негізін құрайды. Тақырыптық мәселелер бейнелеу өнерін зерттеудегі мәлімет көздері мен материалдар және даму кезеңдеріндегі ерекшеліктерін, бейнелеу өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарын және қазақ тұрмысының эстетикасын көрсетеді.

«Батухан Байменнің шығармашылығындағы ұлттық салт - дәстүрлер көріністері» атты мақаласында: демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру кезеңінде жоғары құндылық адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы, оның ішінде жоғары деңгейдегі қолдану шешімін күткен басты міндет жеке тұлғаның адамгершілік және идеялық тәрбиесін жетілдіру жолдарымен байланысты проблемаларды өнер мүмкіндіктері арқылы шешу болып табылады. Өнертанымдық талдау өлшемдері қоғамдағы адамдардың эстетикалық іс-әрекетін рухани прогреске қарай өзгертудің негізгі әдістері бола түсуде. Осыған сәйкес ұсынылып отырған мақала графикалық өнер және өнертану арасында байланысты ашу қарастырылған.

Қуандық Ералин «Концептуалдық өнер бағыттары» еңбегінде Өнер сан ғасырлар бойы адамзат қолымен жасалып, халықтың рухани жан дүниесін арттыруға қызмет етіп келгенін, әрбір тарихи даму кезеңдерде өнердің жаңа технологиялары мен жаңа бағыттары зерттеген. Қазіргі өркениет заманында өнердің жаңа бағыттары ашылып, жаңа технологиялары пайда болып, бұрынғы бағыттар мен технологиялар дәстүрге айналып, олардың орнын жаңалары алмастырып жатқанын зерттеген. Жаңа ізденіс басы әлемдік инновацияны жұртшылық қауым біліп отыру қажетігі көрсеткен. Алайда көпшілік өнер саласындағы болып жатқан өзгерістерді біле бермейтіндігі заңды құбылыс. Бірақ қазіргі өнертанымның мақсатының бірі - өнердің жаңашылдықтарын зерттеу, өнер сүйер қауымды жаңа өнер түрімен таныстыру, оны білім беру саласында насихаттау міндеті тұрғанын айтады.

Бұл үшін концепция ұғымы, анықтамалары және түрлері туралы мәліметтермен таныс болу қажеттігі туындайды. Концепция белгілі бір құбылысқа деген бір-бірінен шығып отыратын өзара байланысты көзқарастар жүйесі немесе бір нәрсеге деген негізгі, ой деп айтуға болады. Ожиковтің сөздігі бойынша «Концепция - белгілі бір затқа деген негізгі ой, көзқарастар жүйесі». Энциклопедиялық сөздікте концепция (латынның «conceptio» - түсіну, жүйе дегенді білдіреді) іс-әрекеттің түрлі бағыттарын, белгілі бір құбылысты түсіну тәсілі түрінде танылады. Солар туралы ойлардың жиынтығы. Осыларды жұптап келгенде концепция деген – табиғаттағы қоғамдағы, үрдістер мен құбылыстарға деген көзқарастар жүйесі, реформаларды, жобаларды, жоспарларды, бағдарламаларды жүзеге асыру кезіндегі іс-қимылдар стратегиясын айқындайтын ой пікірлерді түсінуге болады.

Концепциялық көзқарас түрлі құбылыстарға, ал - өнертануда негізгі категорияларын түсіндіруде қолданылуы мүмкін және бір құбылысқа немесе

шығармаға бірнеше бағыттағы концепциялар қалыптасуы мүмкін. Қазіргі заманғы өнертану теорияларына немесе концепцияларына келетін болсақ, олардың тарихы өте ерте замандардан басталады. Концептуалдық өнер - табиғаттағы қоғамдағы, үрдістер мен құбылыстарға суретшінің көзқарастарын білдіретін өнер шығармаларының жүйесін құрамдайды. Концептуалдық өнер өнертанудың ұғымы. Концептуалдық өнер ойды көрерменге жеткізу өнері. Өнер теориясы өнердің мәнін, заңдылықтарын, қозғаушы күштерін, негізгі құрылымдық элементтерін айқындайтын және түрлі шығармашылық концепциялары мен шығармашылық жүйелерін қарастыратын өнертанудың негізгі бір бөлімі деп тұжырымдайды.

Суретші О.Бабажановтың «Тайқазанды құю» атты кескіндемелік композициясы мақаласында Қазақстан халықтарының өмірінде рухани жаңғыруға байланысты өзгерістер орын алып, ұлттық өнер мен туризмді дамытуға қолдау көрсетілуде. Дегенмен ұлттық өнер мен туризмнің дамуы сыртқы және ішкі туризмнің нақты сұраныстарына сай болу қажеттігі көрінуде. Бұл туризмді дамыту көрсеткіштерінің біріне айналған ұлттық қол өнер бұйымдары мен кәдесыйлардың аздығы, этнодизайнның бұйымдарының көп данамен шығарылмауы мен олардың туризм саласына жетіспеуі, қолөнер шеберлерінің жасаған қолөнер бұйымдарын қолмен жасау қарқынының баяулығымен, заманауи техникалық құралдармен жасалған ұлттық бұйымдарының аздығымен, осы салада өнеркәсіптің жоқтығымен, кәсіпкерлердің көп данамен өнім шығаруға даяр болмауымен көрініс көрсеткен.

Сонымен қатар қазіргі тайқазанның көркемдік ерекшеліктерін қалай анықтаймыз, көркемдік ерекшеліктерді анықтайтын көрсеткіштері не деген сұрақтар барған сайын тереңдеуде. Ғалымдар бұл сұраққа жауапты этнодизайннан іздеу керек деп пайымдайды. Егер өнертанымдық этнодизайнерлік сұрақтарға техникалық деңгейде кеңінен жауаптарды ойластырғанымен, соңғы он жылдан бастап, тайқазанды ұлттық өнертанымдық құндылық ретінде тану мәселесіне келгенде нақты өнертанымдық сұрақтарға нақты жауаптар іздеуді ұсынады.

«Ежелгі костюм тарихы» атты оқу құралында ежелгі киім әр уақытта да адамның әлеуметтік белгісінің қоғамдағы дәрежесінің куәсі ретінде көрсетілген. Киім адам денесін қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен сақтау қажеттілігінен пайда болады. Адамзат дамуының алғашқы қоғамында киім ретінде аң терілерін, ағаш, өсімдік жапырақтарын пайдаланған. Бертін келе мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды терісінен жасалған киімдерді пайдаланған, неолит дәуіріндегі шөп орамынан тоқылған белдемшелер киетін болған. Тоқымашылық кәсібін игергеннен соң адамдар иықтан, мықыннан киілетін жапқыштар қолданған. Одан кейін тігіссіз киім пішіндері дамығанын мәлімдейді.

Болашақ дизайнерлерге өнертанымдық білім беретін құралды жазу барысында ежелгі костюм тарихының ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Өркениеттің дамуына баланысты киімнің түрі де, пішіні де өзгерді. Ер адамдарға, қыз-келіншектерге, балаларға арналған киім үлгілері шыға бастады. Күнделікті және мерекелік киімдер, үйлену тойы киімдері, сондай-

ақ қаралы күндерге арналған киім үлгілері пайда болды. Еңбектің түріне қарай әр түрлі кәсіп саласына арналған киімдер де өндіріле бастады. Сән үлгісінің демократияландырылуы киімнің жаңа үлгілері технологиясының дамуына себеп болды, оның функционалдық, рационалдық, экономикалық қасиеттері аса бағаланған. Бұл ақпараттар болашақ дизайнерлерге қажетті білім көзі деп тұжырымдайды.

«Көркемдік білім берудегі инновация» атты оқу бағдарламасында жоғары оқу орындарындағы оқытушыға қажетті Көркемдік білім берудегі инновация мазмұны мен формасы, әдіс тәсілдерімен таныстыруға, педагогика, психологиямен тығыз байланыста отан сүйгіш азаматты эстетикалық, этикалық тұрғыдан тәрбиелеуге және бейнелеу өнері мәдениетінің бастауларын ұғындыруға бағытталған. Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына енетін типтік бағдарламаның басты мазмұны жоғары кәсіби білімді мамандар даярлауға негізделгендіктен, бұл заңдылық осы бағдарламада оқытылатын арнайы пәндердің басты бөлімдерінде де айқындалады. Мұнда көркемдік білім берудегі инновацияның кейбір мәселелері, курстың көркемдік білімдегі маңызы мен міндеттері, мазмұны, білімдері мен қажетті дағдыларын қалыптастыру, арнайы көркем практикалық білімді, өнертанымдық, көркем практикалық дағдыларды меңгерту жолдары қарастырған.

Студенттер дайындаудың мемлекеттік стандартында жеке тұлғаның рухани даму мәселелерін шешуде болашақ маманның білімін қалыптастыруда өнер заңдылықтарын оқытуға дайын болу қажеттігі көрсетілген. Сондықтан көркемдік білім берудегі инновацияны құрайтын білімдерді магистранттарға жоғарғы оқу орындарында меңгертудің маңыздылығы айқын анықталған.

«Этнодизайн» атты оқу құралында Этнодизайн құралы ғылыми пәндер түрі ретінде қарастыра келіп жоғары оқу орындарындағы «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының магистранттарына арнайы пәндерді оқытудағы практикалық іс-әрекеттермен қатар қазіргі заманғы жаңа технологияларды меңгерумен тығыз байланыста болатынын дәлелдейді.

Магистранттар дайындаудың мемлекеттік стандартына жеке тұлғаның рухани даму мәселелерін шешуде болашақ маманның білімін қалыптастыруда өнер заңдылықтарын оқытуға дайын болу қажеттігі көрсетілген. Сондықтан этнодизайнн құрайтын білімдерді магистранттарға жоғарғы оқу орындарында меңгертудің маңызды мәселе екендігін көрсетеді.

Тарих адамдар өміріндегі оқиғалардың жүйесін зерттейтын ғылым десек профессор Қ.Ералиннің ғылыми зерттеу еңбектері осы кезеңдегі еліміздің көркем білім беру тарихындағы жарқын беттері ретінде ерекше орын алады.

Ералин Қуандық Ералыұлы Ұлы дала еліне, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Шымкент қаласы мектептеріне бейнелеу өнері мұғалімдерін, сәндік өнер және дизайн өнері мамандарын даярлау және қаланың сәулеттік көркемдік безендіру жұмыстарына ұзақ жылдар бойы белсенді қатысып келеді, ғылыми шығармашылық зерттеулерінің нәтижесі келешек жас ұрпақтарға қуатты әлеует сыйлайтыны қақ.



ҚАЛЫБЕКОВА АСМА АХМЕТҚЫЗЫ

Ғалым, Ұстаз, Қайракер

ҰСТАЗ БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген ұғым қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Елбасы «Отбасы Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикалық, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктердің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін өте маңызды екенін айқындап берді. Әлімсақтан бастау алатыне, өзінің тарихи тәжірибесінен, салтдәстүрінен қол үзген қоғамда жаңғыру немесе жаңару мүмкін емес. Халқымыздың алтын тамыры терең кеткен, тарихынан біргек жасасып келе жатқан рухани байлығымыздың бірі отбасы құндылықтары. Тіпті қазақтың рухани құндылықтарының негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік.

Ұлттық құндылықтан ажырай бастаған жас буын ұлт, ел мен жер келешегінен гөрі, өз басының қамын ойлауға бейімделеді, оның патриоттық сезіміне, қасиетіне сызат түседі. Бұл аса қауіпті әрі аса қорқынышты құбылыс. Ал оның алдын алу, оны болдырмау күрделі қоғамдық, отбасылық, әрі білім беру саласының басты проблемасы болып табылады.

«Қайран, біздің аналар, барды ойламай, арды ойлаған» Тойқара, Сүзге сынды аруларының ерлігі мен пәктігі біріншіден, өз халқын ажал тырнағынан құтқарды. Екіншіден, тілі бөлек, діні бөлек, салт-дәстүрі бөлек жат жұрттыққа, ата жауына иілмей, көшпенділер рухының биіктігін, тау бұлағындай таза махабатының мөлдірлігін сақтап өтті бұл жалғаннан.

Одан бергі дәуірдегі белгілі кинорежиссер Дариға Тыналина Өзбекстан студия директорының «Дариға ханум» болуын қалаған кезінде әпкеміз жанын жаралайтын, намысына тиетін сөзге қатты абдарып: *«Жеке өмірімнің шаттығы үшін, қара басымың қамына бола, қазақтығымды талақ етіп өзбек болуыма келіспеймін, бұл сөз менің намысымды қорлау деп санаймын»*, деп қоштаспай кетіп қалған. Осы әрекетімен-ақ қазақ қызының материалдық байлық, жарқ-жүрқ еткен дүние, көкке көтерілген атақ-даңқтан гөрі, өз ұлтына деген ішкі дүние тазалығын, кісілік келбетін, іштегі рухани әлемінің биіктігін танытқан.

Қазақ қыз-келіншектер поэзиясының шыңы ақын Фариза Оңғарсынова халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қадірлеп өткен дегдар тұлға. Бір кездері Берлиннің «Фолк унд вельт» баспасы әпкеміздің кітабын неміс тіліне аударып шығаруды жоспарлайды. Қонақ болып келген талантты аудармашы Ильза Чертнер деген қыз Фариза апамыздың шаңырағында бірнеше әріптестермен дастарқанда бас қосады. Қонақжайлық көрсетіп алыстан келген сыйлы қонаққа қойдың басы ұсынылады. Мұны көрген мейман дәстүрді түсінбей күліп жібереді. Үй иесі бұрқан-талқан болып, білмейтінді біліп алудың орнына, таңырқау мен күлудің әдепсіздік екенін айтып, дастарқан басынан кетіп қалады. Қанша кешірім сұрағанымен илікпеді. Сондағы ақын әпкеміздің айтқан уәжі: *«Елімнің салт-дәстүрінен сонша тосырқап отырған адам, өлеңімді аударып қайдан қарқ қылсын»* деп жауап берген екен.

Тұмар, Зарина, Тойқара, Фариза, Ләззат т.б. сияқты мақтануға тұрарлық тұлғалар ұлттың рухани келбеті, намысының алқызыл қаны мен жаны, санадағы өшпес идеясы. Осынау үлгі-өнеге боларлық ұлы әпкелері бар халық рухының тұғыр-тиянағы да іргелі болмақ деп, ғалым-ұстаз Бегман Ысқақ өзінің өсиетнамасында жазған.

Ғұмырын бастағалы тағдыр заман,

Тылсымды сынақтарға салдың заман.

Қай ғасыр, қай заманда қазақ қызы

Ұятқа елін, жерін қалдырмаған», – деп жырлаған ақын Фариза Оңғарсынованың сөзіне қазіргі қоғамның тұлғасы ғалым-ұстазы ҚР ГҒА академигі, ҚР ПҒА, Халықаралық психология ғылымдарының академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қалыбекова Асма Ахметқызын теңеуге әбден лайық.

Еңбек жолын әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында «Педагогика, психология» кафедрасының оқытушысы, кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. 1996 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетінің ғылым және сыртқы байланыстар жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды. 30 жылдан аса М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің "Жалпы педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі қызметі атқарып, кафедраның қалыптасуы мен дамуына орасан зор үлесін қосты.

13.00.01 мамандығы бойынша аспирантура, докторантура, 6M010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша магистратура, әрі 13.00.01- Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика, 13.00.02- Оқыту мен тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі), 13.00.02 - Оқыту мен тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі (бейнелеу өнері) мамандықтары бойынша кандидаттық диссертациялық Кеңес ашылуына себеп болып, сол Кеңестің төрайымы болып 10 жылдан аса басқарды.

Оның ғылыми жетекшілігімен: 5 докторлық, 35 кандидаттық, 46 магистрлік диссертациялар қорғалды. Магистрлік диссертациялардың

ағылшын тілінде қорғалуы А.А.Қалыбекованың жетекшілігінің бәсекеге қабілеттілігінің айғағы.

А.А.Қалыбекованың қазіргі уақыттағы іс-әрекетінің бағдары - қазақ халқының педагогикалық мәдениетін, ұмытылған салт-дәстүрлерін зерделеу, талдау және қайта жаңғырту, оларды өскелең ұрпаққа тәрбиелік ықпал етудің негізгі әдістері мен құралдары ретінде пайдалану мәселесі. Мұның барлығы оның "Қазақ халық педагогикасының теориялық және қолданбалы негіздері", "Народная мудрость казахов о воспитании", "Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы" атты кітаптарында көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінің ұсынысымен "Қазақ халық педагогикасының теориялық және қолданбалы негіздері" атты монографиясы ағылшын тіліне аударылып, баспадан шықты. 350 ден аса ғылыми еңбектердің, 6 монографияның авторы. Оның ішінде 2 монография ағылшын тілінде, 220 аса ғылыми еңбектер мен мақалалар, 80 - халықаралық конференциялар мен симпозиумдар материалдарында жарияланған.

Құнды ғылыми еңбектері мен кәсіби басшылықтың арқасында көптеген жетістіктермен марапаттарға ие болды:

1999 жылы академик Қ.И. Сатпаевтың 100-жылдығына орай, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің премиясы; 2001 жылы Қазақстан Республикасы үкіметтік наградасы - "Құрмет" ордені; 2004 жылы Ғылым мен техниканың дамуына мол үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік стипендиясы; Ы. Алтынсарин атындағы Ішкі - премиямен марапатталды. 2008 жылы "Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы" атағы берілді.

2012 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы атынан "Меценат - 2012" медалі;

А.А.Қалыбекованың ғылыми еңбектері Кембридждегі биографиялық орталықтың назарын аударып, 2001ж. қазанында "XXI ғасырдағы кімнің кім екендігі туралы" атты бағдарламаның аясында ұлттық рухани мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін медалімен және дипломмен марапатталды.

Ғылыми - зерттеу жұмыстарымен қатар Асма Ахметқызы 1996-1998ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімшілігінің жанынан құрылған отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері жөніндегі Кеңестің жұмысын басқарды. Қайырымдылық істермен Мақтаарал ауданының Үлгілі ауылында 200 орындық бастауыш мектеп ашып, оқушылардың сапалы білім алуы үшін, оқу-тәрбие үрдісіне қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп келеді. Сонымен бірге облыстың алдыңғы қатарлы мектептерінің кітапханаларына өзінің "Народная мудрость казахов о воспитании", "Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы" атты 500 кітабын сыйға тартты.

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы

Азбайтұғын адамның алтындығы – деп,

ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, біздің ғалым ұстаздардың бар болғанына мақтаныш етеміз.

ХАС ШЕБЕР БИБАЖАР СИМОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР



Ұлттық дәстүрлі қол өнерінің дамуының бір қыры бейнелеудің жаңа технологияларының пайда болуымен байланысты. Сәндік қол өнеріне бір жаңа технология келіп жатса, мұның алдындағы өнерге келген технологиялар дәстүрге айнала береді. Сәндәк қол өнерінде дәстүр мен жаңашылдық бірін-бірі қайталап келіп жатады. Шығармашылық қызмет – бейнелеу нәтижесінде жаңашылдық элементтердің міндетті түрде болуымен сипатталатын өнердегі құбылыс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, жөн» - деп бағытымызды айқындап берген болатын. Мәдениетімізде, ата тарихымызда қазақ бейнелеу өнеріндегі шығармашылық туындыларда дәстүрімізді, мәдениетімізді, ұлттық мұраларымызды дәріптейтін бағыттары көп емес пе?!

Бибажар Симованың шығармашылығы өзіндік жаңа сипатымен танылатын өлшем - бейнелеудегі жүнді көркем өңдеу, қазіргі кезде суреткер шығармаларының даралығы, тұтастығын бөліп-бөліп қарастырып, тоқу арқылы туындыны станоктық картина деңгейіне көтеру іс-әрекеті, өнер нысаны ретінде зерттелген емес. Бибажар Симованың шығармашылығындағы басты ерекшелік – суреткердің үнемі белсенді ұлттық нақыштағы ізденісімен сипатталады. Олар дәстүрлі қол өнерінде жаңа шығармашылық технология табуға ұмтылыс, көркем образ сомдауда материал фактурасын композиция ұтымдылығымен біріктіру, клем түстерінің қасиеттерін композиция құрамымен ұштастыру арқылы жүзеге асырылады.

Суретші Б.Симова гобелен шығармашылығымен Ұлы дала еліне танымалы болғанмен, жүнді көркем өңдеу арқылы оны станоктық картина деңгейіне дейін көтеру еңбегін көпшілік қауым қазіргі кездегі жаңашылдық ретінде біле бермейді. Бұл жағдай автор шығармашылығындағы жүнді көркем өңдеу, композиция мүмкіндіктерімен идеяны ашу, түстік шешім табу қызметтерін көркем шығарма жасау кезеңдерін зерттеу пәні ретінде қарау қажеттігін көрсетті.

Қазақ халқының көне дәуірлен өшпес мұрасы болып келген, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға мұра болған, көшпенді елімізді әлемге ұлттық ерекшелімен танытқан өнер – қол өнері.

Халықтық тұрмыс салтымызбен тығыз байланысты және материалдық мүліктерімізбен қатарласып келе жатқан өнер. Қол өнерінің орны биіктен

көрінеді, әлеуметтік сана- сезімінің болмыс тіршілігінің жанданып, мәдениетінің өсін, тұрмыс жағдайларының жақсаруына әсерін тигізеді.

Материалдар мен әдістер.

Қазақ қол өнерін басқа елдерге таныта білген және қол өнерін жоғары бағалап, талдаулар жасаған этнограф, тарихшы, өнертанушы ғалымдарымыз Ш.Уалиханов, Ә.Марғұлан, Х.Арғымбаев, С.Қасиманов, М.Мұханов, Ө.Жәнібеков, Т.К.Бәсеновтерді айтуға болады. Сонымен қатар қазақ халқының қол өнерін дамытып, оны әлемдік деңгейге шығарып өшпес мұра етіп қалдырған шеберлер: Зайсан жағасы, шығыс қазақстандық ер-тұрман шебері Нәби Карибаев, Жетісулық ұста зергер Жәмәли Тараубайұлы, Ертіс өңірі, Баянауыл, Қарқаралы зергері Құлмағанбет Байпақұлы, Әбдікәрім Есалин, Марат, Қадыр Байжановтар, Жезқазған, Ұлытаулық танымал зергер Д.Садықов, Байман Алтаяқов, Торғайлық ұста Ж.Жұмабаев, Семей өңірінің әйгілі күйші, ершіатанған Әмірғазы Жақыпұлын айтуға болады.

Кеңес өкіметінің ықпалына қарамай, өнерді ламытып, іскерлігімен дәріптеп кележатқан бүгінгі жастардың ұстазы Дәркембай Шоқпарұлы.

Ал қазіргі таңда апалардан сабақтастық алған дәстүрді жалғастырушы кілем тоқымашы Сәуле Бапанова, қол өнер шебері Бибіаждар Симова, текемет басу жаңа технологиясымен шығармашылық жұмыс істем жүрген қол өнер шеберлері Гүлнар Жолдасбекова, Мереке Айбарша, Күлаш Бейісбекова т.б.

Халықтың дәстүрін, байлығын сақтап, қазіргі жастарға жеткізу, олардың бойына мәдениетті сіңіру басты міндетіміздің бірі. Бұл орайда халықтың тарихын, ұлттық өнерін, мәдениетін, тілін, дастанын, оқып білу қажет.

Суретші Бибаждар Симованың соңғы кездегі шығармашылығына тән жаңашылдық - малдың жүнін өнер материалы ретінде, бейнелеу мүмкіндігі ретінде қолдану. Суретшінің жиі қолданатын материалы қойдың жүні. Түктердің өсімділігі, ұзындығы мен қысқалығы дәстүрлі композицияны құрамдайтын сызықтар мен формалардың ролін атқаруымен ерекшеленеді. Композициясы сәндік өнерге тән болмысымен, симметриялық құрылымдауға жақындығымен байқалады.

Суретші композиция пішіндерін шығарма идеясына сай ұйымдастырады. Жүннің табиғи түсі мен сызықтарының бағыттары мен жіңішке жуандығы табиғаттағы формалармен сәйкес келуін, ұтымды пайдаланады. Суретші туындысын жарыққа шығарудағы ең көп қолданатын әрекет – сәндік безендіру әдісі. Шығармаларда зат пен құбылыстарды жинақтау, форма бөлшектерін теңеу, ойды пішіндермен символдау, өрнектерді стилдеу әдістері кең көлемде көрініс табады. Суретші картиналарына тән кіші сценалар: дала табиғаты, ел тарихы, адамның жан дүниесі. Ұлы дала шебері көркемдік бейнелеу дәстүрін визуальдық өнер технологиясымен, заманауи талғаммен талаптармен ұштастырады. Суретші өз шығармашылығында теріні көркем өңдеу өнерін жаңа тәсілдермен дамытып, жаңа композициялық колориттік шешімдермен үнемі толықтырады.

Суретші шығармашылығындағы басты бағыт – туынды идеясын ашу барысында жүн материалының табиғи фактурасын барынша ұтымды пайдалану. Суретшінің тақырып таңдаудағы ұстанымдары – бабалар дәстүрі, Ұлы дала, табиғат құбылыстары, адамдардың жан дүниесі, бейнелеудің ақпараттық қызметтік сипаты. Суретшінің ең маңызды ұстанымы – көрерменге өзінің жасаған көркем бейнелері арқылы жаңа ақпарат жеткізу, бейнелер арқылы танымдық тәрбиелік ықпал ету. Әрбір образдың мәнін фон мен фигура арқылы күшейту, идеялық ой салмағын түстер үйлесімділігі арқылы арттыру.



Суретші Бибажар Симова жүнді көркем өңдеп, станоктық панно жасау технологиясын көрсететін екі өлшем ұстаным ретінде қолданыс тауып отырады. Бірінші өлшем - суретшінің жүнді көркем өңдеу технологиясы ішіндегі дара ерекшелігімен көрінетіні - екі жақтама текемет. Өзінің аты айтып тұрғандай екі жағынан көруге болатын туынды. Суретші шығармашылығындағы екінші өлшем – жүннің фактурасын көркемдік элемент ретінде қолдану. Жүннің фактурасы – текемет бетінің тегістігі мен олардың бейнелеушілік мүмкіндіктері. Жүннің қасиеті - өңделуі нәтижесінде көрінеді. Жүннің өңделгеннен кейінгі нәтижелері: түсі, жұмсақтығы, бетіндегі өрнектері, бейнелері, сызықтары, дақтары, жалпы безендірілуі формаларының композиция заңдылығына сай қолданылуы болып сипатталады. Суретшінің жүнді көркем өңдеу шеберлігінің бір өлшемі - жүннің табиғи қасиеттерін композиция құрастыру үдерісінде ұтымды

пайдаланғанынан көруге болады. Суретші шеберлігінің бір қыры - текемет бетіндегі әрбір сызықты, пішінді, бояу түсін, шығарма композициясына сай көркемдік өңдеуден өткізіп, сол көркемдік элементтерді шығарма идеясына бағындыруы. Суретшінің текемет бетіндегі табиғи жаратылыс бейнелеріне, пішіндер сипатына қарап композиция құрамдауы, суретшінің қиялының ғажайыптылығы мен ұшқырлығын көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау.

Суретші Бибажар Симованың Кілем тоқу өнеріндегі композициясының негізгі және қосалқы элементтерінің ұлттық нақыштағы ою-өрнекті елестететін пішіндер жиынтығына құрылуы, форма мен композицияның станоктық сипатына басымдық берілуі – туындының ою-өрнектілік безендірушілік сипатын күшейткен. Жүннен жасалған клем панноларындағы пішіндердің конструкциясы, түстік шешімдер, фон мен фигура қатынастарын бейнелеу үдерісіндегі безендіру элементтерінің тартымдылығы, формалардың ықшамдалып берілуі, өрнектермен сипатталуы – суретшінің сәнділік бейнелеу стиліне басымдық бергенін аңғартады.

Қол өнері шебері Бибажар Симованың соңғы кездегі шығармаларының барлығы дерлік – жүнді өңдеп тоқылған паннолар жүйесін құрайды. Шебердің тоқу технологиясымен орындалған жұмыстары – пластикалық-реңктік шешімдердің суырыпсалмалыққа негізделген, композицияның ішкі ойына, сезімге, эмоциялық күйге, автор талғауына бағытталған үлкен өрнектану деңгейінде қолданыс тапқан. Табиғаттағы көріністер формаларының көру арқылы қабылданатын конструкциясы ою-өрнектермен сипатталған. Картинадағы өрнектанушылық барлық композицияның сәндік негізі, жұмыстың пластикалық концепциясы, эстетикалық-көркемдік құндылықтық бір тұтастыққа жинақталып қол өнер шебері Б.Симова шығармаларының көркемдік мазмұны болып анықталады.



Суретші Бибажар Симованың жүнді көркем өңдеу шығармашылығы жайлы бірқатар өнер адамдары бағалы пікірлер айтқан.

Кезінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін қалаушы Ғани Ильяев ауылдағы қолөнершіледің жасаған бұйымдарымен таныса келе, Бибажар апаның үйіне келіп, ішіндегі қолөнері бұйымдарына тандана келе, апасымен қызына үлкен алғысын білдіріп, іздегенім алдымнан шықты деп, бұл бұйымдарда нағыз қазақ халқының ұлттық өнерін, салт- дәстүрін, әдеп –ғұрпын, көріп тұрғанын айтып Бибажардың бойына біткен өнерді жалғастыруға ұсыныс жасаған.

Бойындағы өнерімен тамсандырып келген Бибажар Симова жоғарғы оқу онына барғанша 26- түкті кілем тоқыған. Тне қол өнердің түрлерімен ғана айналыспай, киім де тігумен айналысқан. Алғашқы ұстазы Ғани Ильяевтың шығармаларынан шабыт алып әрі қарай шығармашылыққа жеттелегенін үнемі айтып отырады.

Қазақ гобиле өнерінің негізін қалаушы кәсіпқой суретші Батырбек Өтепов *«Өнердің ең үлкен өлшемі суреткедің өз туған еліне деген махаббатымен өлшенеді»* деп айтып, Бибажар Симованың шығарамашылығын жоғары бағалаған. Кейіннен шеберге Қазақстанның ұлттық құндылықтарын дамытып дәстүрлі өнерді сақтап, дәріптеуінде еткен, еңбегі үшін қол өнерінің «ХАС ШЕБЕР» медалімен марапатталған.

Мемлекет және қоғам қайраткері Сайлаукүл Барақованың естелігінде ...Қазақтың қарапайым ғана, үнемі күлімсіреп жүретін, бойындағы сан қырлы өнерін көп адам байқай бермейтін Бибажар мен үшін өте қымбат жан. Ата-баба мұрасын асқақтатып, халықымыздың дәстүр-салтын бойына толық сіңірген екі адам болса бірі Бибажар дер едім. Бойына дарыған өнерді тұншықтырмай «Бәлмегенді көріп үйрен, білгенінді басқаға үйрет» деген нақылды мықтап ұстаныпәлі күнге дейін үйреніп, білгенін басқаларға үйретіп жүргенін көріп қуанамын деп жазады.

Қазақстан, Қырғызстан республикаларының Мәдениет қайраткері Нұрлан Шилібаев естелігінде халықымыздың ежелден келе жатқан керемет қасметті дәстүрді шебер ата-бабаларымыздың, әжелеріміздің қалдырған мұрасын жеткізуші талантты шеберіміз – Бибажар Иманбекқызы Симова деп көрсеткен.

Сонау студенттік өмірін бірге өткізген құрдасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Лесхан Сманов естелігінде: «Бибажардың шығармашылық өнерінің белгілі жоғары сатыға көтерілуіне 1974 жылдардағы «Халық шеберлерінің шығармашылығы», «Сәндік қолданбалы өнерді дамыту» атты бүкіл Одақтық шығармашылық көрмесі екенін еске алады.

Мен алты жастан үйренген өнерімді алпыс жасқа келгенше үзген жоқпын, үнемі жалғастырып отырдым... Қай уақытта шаршаймын не болмаса қиялыма жақсы ой келгенде отыра қалып кесте, тігін тігемін, тоқыма тоқимын. Сол кезде бар шаршағаным басылып, дем аламын. Өйткені бұл өнер деген адамға күш қуат береді, кеңес береді, сабырлыққа апарады, мына қызығушылық барлық ойынды сол өнерге қарай жалғасып керемет құлшыныс пайда болатынын жүрегім сезеді деп Бибажар апайымыз үнемі айтады.

Шебердің әрбір композициялық орталықта орналасқан фигура ұрпақтар сабақтастығын білдіретін негізгі композициялық элементті құрайды. Олар ата, әке, бала, әже, ене, келін көріністерінің символдық белгілері. Шығарма колориті жылы түрлі-түсті сипатты қауымдастырған. Колорит - қазақтың сары даласын елестетеді. Шығармадағы ерекше белгі - жүннің түгі мен түстерінің шығарма композициясындағы формалар түсімен идеялық ойды айтудағы суретшінің ұтымды шеберлігімен ерекшеленеді. Шығармаларында символдық көріністер: бабалар көші қонған жер, табиғат, аталар аманаты болған жер, береке бірлік – отбасы тұтас образды қарастырған.

Қазақстан дамып келе жатыр, қолөнерді де өзіміз қолға алатын шығармыз. Жеке-жеке әр қазақ мен сияқты үйінде шеберхана ашып ала бермейді. Бір адам істеген жұмыстың көлемі түк те болмайды. Мемлекет жүн иіретен фабрика немесе цех ашып, осы саланы қолға алып, дамытса жақсы болар еді. Менің осы өзгерістерді көріп кетсем деген арманым бар. Мысалы, ауылды жерлерде де, қалада да бос, жұмыссыз отырғандар көп, солардың бәрін жинап, ұлттық қолөнерді үйрететін орталық ашса екен. Біз сияқты шеберлерді шақырып, практикалық түрде жас келіншектерге сабақ өткізсе болады. Бір жерде құрақ құрасақ, екінші жерде басқұр, сөмкелерді тоқысақ — барлығын жинап, саудаға шет елге шығаруға болады. Оларда бұл бұйымдар өте құнды. Басшылардың құлағына алтын сырға: осыған керек жағдай жасаса, арманым да, тілегім де сол еді



Тұжырымдар.

Қол өнер шебері Бибажар Симованың жүнді көркемдік өңдеу технологиясын дамыту, шығарма идеясы, композициясы, колориті мен орындау технологиясы бойынша талдау жасау нәтижесінде мынандай тұжырымға келуге болады: суретші үнемі жаңашылдықпен дәстүрлі өнерді

іздеу үстінде, тоқу технология үстінде көрінеді; жүнді көркем өңдеу технологиясын меңгеруді станоктық картина деңгейіне дейін дәріптеген шығармашылық тұлға. Паннолардағы жылы түстерге құрылған шығарма колориті – еліміздегі сары арқаны, сары белдерді елестетеді. Шығарма композициясында айқын симметриялық орталықтың көрініс табуы мен шығарма композициясының құрылымдық жүйесінің туынды идеясына қатаң түрде бағынуы, паннолардағы ою-өрнектілікті, сәндік безендірушілікті көрсетеді. Бейнелеу өнеріндегі жаңашылдығымен сипатталатын жүн түгінің түстері – Ұлы дала өнерінде көркемдік элемент ретінде қолданыс тапқан. Шебер Б.Симованың жүнді көркем өңдеу арқылы идеялық ой айтқан, шығармашылық даралық сипатты бар композиция құрастырған, табиғи жүн материалдарын ұтымды қолдану арқылы түстік шешім шығарған, жүнді шығарма идеясына сай бояу техникасын таңдаған. Қол өнер шебері жүннен тоқу композициясын жасау арқылы өткен дәуір тынысын білдіретін ауқымды идеялық ойды көрерменге жеткізе білген, оны дамыта отырып, белгілі бір дәуір тынысын суреттейтін образ деңгейіне дейін көтерген кәсіби қабилет ауқымы кең шебер. Бұл іс-әрекеттер суретші-шебер шығармашылығының жоғары деңгейін көрсететін өлшем - заманауи технологиялық жаңашылдық пен ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы рухани жаңғыру идеясының бірлігін көрсетеді



ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР КӨРІНІСІНДЕГІ КӨШПЕЛІЛЕР ӨРНЕГІ. РАСУЛ ЕСТЕМЕСОВ

80 жылға жуық тарихы бар қара шаңырақ - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Мәдениет және спорт факультеті,

«Бейнелеу өнері және Дизайн» кафедрасының ұйымдастыруымен университеттіміздің «Жетіасар» галереясында, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған Расул Естемесовтың «КӨШПЕЛІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӨРНЕГІ» атты жеке шығармашылық көрмесі ашылып, Басқарма-төрағасы, ректор Дария Пернешқызы Қожамжарова суретшіге құттықтау сөз арнады:

«Сіздің Оңтүстіктің жерінде, Түлкібас ауданы, Дауан ауылында туып-өскен жерлесіміз, қазақ халқының маңдай алды суретші, кәсіби графика өнері шебері ретінде өзіңізді мақтан тұтамыз!

Сіздің үлкен талант иесі ретінде халық сүйіспеншілігіне бөленіп жүруіңіздің сыры - ел мен жердің киесін терең сезініп, туған топырақтан тамыр үзбей, Қазақ ұлтының ұлық қасиетін бойыңызға сіңіре білуіңізде болса керек. Оның дәлелі сіздің бағасыз жаухар шығармашылық туындыларыңыз. Бүгін «Жетіасар» көрме залында келешек өнерлі жастарға ұсынып отырған шығармашылық көрмеңізді ашып, жас суретшілер қауымының шығармашылықпен айналысуына жол көрсету деп түсінеміз.

Қазіргі таңда, Шымкент қаласында «Тасбақа жолы», Өскемен қаласында «Түйе» мүсіні орын алғаны көпке мәлім. Сонымен қатар қала ғимараттарының қабырғасындағы монументтік кескіндеріңізде қаламыздың көрікті жеріне айналып отыр. Сіздің өнер жолында береріңіз әлі де орасан зор деп білеміз. Сондықтан да сізді жас буын өкілдеріне ұлағатты үлгі көрсетіп келе жатқан зиялы тұлғалардың бірі деп танимыз!» деп ыстық ықыласын білдірді.

Бүгінде елімізде ерен еңбегімен елге танылып, өнер мен мәдениет саласына өз үлесін қосып жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірі өзінің ерекше талантымен ғажайып туындыларды өмірге әкеліп, көпшіліктің мақтанышына айналған суретші Расул Естемесовтің шығармашылығы тек қазақ елінде ғана емес, сондай-ақ әлем елдерінде үлкен қызығушылықты танытқан. Кеңес үкіметі заманының өзінде Францияның Канн қаласында сәндік қолданбалы өнер туындысы сатылған. Бүгінде таланттың табиғаттың тылсым сырларына тіл бітіріп, бейнелеу өнерінің байырғы сипатын жаңғыртып жүрген суретшінің өнер туындылары Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайына қойылған. Шебердің шеберханасындағы әрбір туындының өзіндік тарихы бар. Оның тәрелке беттерінде бейнелеген графикалық шығармашылық жұмыстары да жеткілікті. Негізгі композициясы махаббат, ұрпақ жалғасы, ақ пен қара, символдар тақырыбын бейнелейді. Осы туындысы тәрелке беттеріне сызықтық графика техникасы арқылы жасалған. Графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қоңыр дақтардың арақатынасы жетекші маңызға ие.

1997 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Дизайнерлер федерациясының төрағасы болып тағайындалып, бүкілодақтық (Мәскеу, Ереван, Ялта, Бендер), республикалық және халықаралық (Франция) көрмелердің тұрақты түрде қатысып келеді. Жас кезінде сәндік қолданбалы өнермен айналысып, көптеген қазақи қолөнер сырмақ, текемет, киіз басу өнеріне жаңа леп береді.

Суретші Айнұр Асанова былай дейді: «Оның суреттері ерекше, әрбір композициясы аяқталған белгілі бір ойды білдіреді, сызықтық техникаларды шегіне жеткізіп бейнелейді». Расында, Расул Естемесовтың композициялары бақыт пен тыныштықты, жұмсақтық пен жылылықтың лебі сезіледі. Суреттер мен гобелендер көре қазақ халқының көшпенділер тарихына да терең шолу жасайды. Түстер үйлесімін тапқан сақ дәуіріндегі ою-өрнек нақыштарын да көруге болады.



Тасбақа – монументалды ескерткіш, тастан жасалған үстіңгі бөлігінде ерекше иллюстрациялар бейнелеген. Бұл ескерткіш байлық пен даналықтың бейнесін бейленеп тұрғандай, адамға тыныштық сезімін сыйлайды. Жолдың бойында тұрған себебі, адамадарды сабырлыққа шақырып тұрған секілді бір ерекше сезім сыйлайды.

Көшелер мен мегаполистер, шағын қалаларда тасбақа, түйе, құс, киіз кескіндегі бейнелерден құралған мүсіндер өзіндік көрік беріп тұр. Қылқалам шебері балықты - су мен өмірге, құсты - қиялға, бұқаларды - күшке, қызды - нәзіктікке теңейді екен.



Мына бір иллюстрация көп қабатты үйлердің бірінде бейнеленген. Авангард стилінде орындалған, түстері қанық әрі көзге жағымды композицияны көруге болады. Бұл жерде стилизацияланған ою-өрнектер және салт атты ер адамды байқауға болады. Ол жай ғана ер адамды бейнелеп қана қоймай, қазақтың жайлауында демалып жүргенін көрсеткісі келген сияқты, бір жағынан қараса бір отбасыға да ұқсап кетеді.

Сурет өнерінің тағы бір түрі – гобелен. Дербес суретшілік өнер түріне айналған гобеленің бөліктері түрлі түске боялған жүнжіптерден тоқылып, бір-бірімен тігіліп біріктірілген. Гобелен кілемінде белгілі бір тақырып бойынша қайталанбас суреттер көрініс береді, оның жай кілемдерден айырмашылығы суреті мен колориттік түстерінде. Қыл қалам иесі бұқаны күш ретінде бейнелей отырып, құсты қиял есебінде суреттеген. Әр адам картинаға қарай отырып әр түрлі ой тұжырымға келеді. «Расул ұлы шебер, жүрегіңе із қалдыратын, қызығатын жұмыстардың иесі, -дейді суретші Александр Грищенко». Расында суретші шеберлігі картиналар мазмұнын жұмбақ күйінде қалдырды.

Гобелен түрлі-түсті жіптермен авангард стилінде жасалынған. Автор бұл жұмысында отбасылық құндылықтарды жеткізгісі келді деп ойлаймын. Бұқа – күш пен отбасын қорғайтын, асырайтын отағасына тән қасиетті бейнелейді, ал құс балапандарының қамқоршы анасы ретінде, жауапты бір рөлді сомдап тұрған секілді. Бұл гобеленнің құндылығы, ойы өте терең әр суретші және бақылаушы әр түрлі ойда қабылдайды себебі психологиялық мағынасы өте бай әрі терең.



Суретші бір сұхбатында «Мен мақсатты түрде сурет салмаймын.

Идея келгеннен кейін ғана мен жасаймын. Бейнелер қиялда пайда болады мен оларды қағазға көшіремін.» - дейді ол. Кейбір жұмыстарды тек сызықпен қалдырған жөн санайды. Себебі, ол туынды соны талап етеді, яғни сурет белгілі бір ойды білдіретін дәрежеге жетті деген сөз. Мысалы мына бір сызықтық графикалық туындыларға назар аударайық

Суретшінің шығармаларына үңілсек, ол бірнеше жанрды қамтиды. Айталық, gobelenге арналған эскиздер, гипс пен платилиннен жасалған мүсіндер, қаланы көркейтуге арналған бірін-бірі қайталамайтын фигуралар, портреттерді жатқызуға болады. Расул Естемесовтың қылқаламы ұлттық қазақ халқының мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, жан-жануарлар арқылы құрастырылған мән-мазмұны терең астарлы символдарды еркін бейнелей алады. Сонымен қатар оның әрбір композициясы өз көрерменіне өзіне тән көңіл күйді шебер жеткізе біледі.

Расул Естемесов, суретші: «егер мен дүниеге екінші рет келсем де суретші болар едім» деп жауап берді. Себебі, менің жанымның қалауы да осы. Өмірімді осы қолөнерінсіз елестете алмаймын. Сондай-ақ мен сурет салып, шығармашылықпен айналысқанда жаным рахат алып, рухани байы түсемін. Сондай-ақ өмірім мен өнерім – қос қанатым секілді. Әр күні ұйқыдан ояңғанда, ерекше екпінмен, жаңа туындыны дүниеге әкелу үшін ояңғандай сезінетінін әрдайым айтып отырады.

Расында сурет өнері адам жанына ләззат сыйлайтын, ал суретші шығармашылығы адамның ішкі айнасын көрсететін үлкен туынды.



ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТЫ АРҚАУ ЕТКЕН СУРЕТШІ ОСПАНОВ АЙНАБЕК МЫҢЖАСАРҰЛЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болады. Қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне тың серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс», - деген Елбасы Н.Назарбаев.

Бастамаға арқау болар шығармалары шындықпен үндескен өзіндік орны бар суретші Айнабек Мыңжасарұлы Оспанов. Суретшіні рухани жұтандық, қоршаған орта мәселелері, ұлттық тамырдан айырылу, туған жерден қол үзу, мұндай келеңсіздіктерден шығу жолдары толғантады. Суретші тарихи тақырыпты арқау ете отырып көптеген туындылар жазған.

Оспанов Айнабек Мыңжасарұлы - Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркем академиясының академигі. «Әлем халықтарының өнері» ассоциациясының еңбек сіңірген суретшісі және академигі. Халықаралық психологиялық ғылымдар академиясының «Құрметті академигі» (Ресей). Суретші-график, кескіндемеші, тәжірибелі басшы.

Басшылық қызметпен қатар шығармашылықты ұштастыра отырып алыс-жақын шетелдерде, елімізде бірнеше рет жеке шығармашылық көрмелері өткізілген. Тарихи, философиялық, сюрреализм, салт-дәстүр, лирикалық тақырыптарда жұмыс жасайды. Үнемі ізденістегі суретшінің

тақырыптық шығармашылық жұмыстары әлемнің көптеген елдерінің музейлеріне сақтаулы.

Айнабек Оспанов кескіндеме өнерінде ойып орын алатын, ерекше тұлғалардың бірі де, бірегейі. Елімізге өзіндік шығармашылық қолтаңбасы кескіндемеде, графикада қалдыра білген қыл қалам шебері. Бұл саланы таңдауға өзінің керемет ұстазы, графика өнерінің аса білгір шебері Тимур Ордабековтың сабақтары, сондай-ақ, өзінің ұлы тәлімгерлері С.Сидоркин мен М.Қисамединовтың әсері болғаны анық еді. Олар сурет салушы Айнабектің қолын ғана ашып қойған жоқ, бейнелеу өнерінің шексіз мол тәсілдері мен әдістерін де меңгеруіне мүмкіндік берді. Олар оған өз тәжірибелерін үйретті. Бұл оның болашақтағы шығармашылық жолын ашты, яғни, ой-идеяларды жинақтау, қазақ өнерінің өзіндік болмысын игеру, әлемге «көшпенділік көзқарас» қалыптасты.

Станоктық кескіндеме шебері ретінде Айнабек туралы көп жазылды. Дей тұрғанмен осы альбомды шығарушылар оның соңғы 10 жылдықтағы станоктың кескіндемелеріне ерекше назар аударуды жөн санады. ХХІ ғасырдың басында суретші өз шығармашылығында түрлі тақырыптардың мазмұнын ашу жолында жаңа бейнелеу мәнерін іздеп, толықтай кескіндемеге көшеді. Бұл тұрғыда оның таланты жаңа қырынан көрінеді. Айнабек алғашқы кескіндемелік циклінде-ақ өзін таныта білді. Жинақталған тәжірибе, ой-толғаныстары алғашқы бояудан-ақ айқын көрінеді. Ешбір қобалжу жоқ. Жаңа техникадағы алғашқы циклдік жұмыстарында автордың жарқын көңіл толғаныстары көрініс табады. Басты тақырып төңірегінде болып жатқан құбылыстарда суретшінің ой-толғамы айқын сезіледі. Оның рухани жұтаңдық, қоршаған орта мәселелері, ұлттық тамырдан айырылу, туған жерден қол үзу, мұндай келеңсіздіктерден шығу жолдары толғантады. Тұрмыстық гармонияның бұзылуына қарсылық, оны жаңғыртуға ұмтылыс оның өнерінде ең негізгі мазмұнға айналады. Суретшінің бейнелеу тілі замана жыршысының тіліне қарай көп ойыса бастайды. Бұл арада барлығы бір идея мен тақырыпқа бағынған, көңіл-күйдің нәзік қылы нақты және қиял әлемінде өзара астасып жатады. Бірақ, бейне мен боссыздықта, түс пен түрде ешбір айырма жоқ, бастысы автордың не айтпақ болғаны байқалып тұрады.

2006 жылы жазылған «Баянсыз бақыт» картинасында әйел мен еркектің жалаңаш бейнелері сомдалған. Олар бірінің құшағында бірі отыр. Бұл сюжеттен тамаша не болуы мүмкін? Бірақ автордың ойынша, бұл махаббат ләззәті емес. Олардың денелері бұзылған, оларда нақты қаңқа жоқ.

Егер, қызда кішкене болса да әдеміліктің табы білінсе және қай этникалық топқа жататын айыруға болса, ал еркек ұсқынсыз. Оның бет-бейнесі үлкейтілген, ал, көзқарасында өмірге ешқандай қызығушылық жоқ. Біз олар пейзаждың фонында жазылған деп жобалауымыз мүмкін. Бірақ, бұл нақты пейзаж емес, қалың боялған полотно. Фоннан өзгеше етіп суретші қоңыр жер қыртысының үстіне төселген «ғашықтар» жайғасқан құрақ көрпені нақтыланып салады. Әртүрлі шүберек қиындыларынан тігілген әдемі, ашық жапқыш барлық оқиғалармен үйлесіп жатады. Бір қарағанда, суретші байлық пен рухсыздық, қазақ қыздарының, жердің, дәстүрдің бөтен, кәрі де ұсқынсыз байларға тиесілі болуы туралы ой толғайды деп түсінуге

болады. Бірақ картинада жеңіл оқылатын мәтіннен гөрі әлдеқайда терең ойлар бар.

Атап айтқанда, олардың ағзасыз денелері арқылы суретшінің барлық ой-толғау тереңдігі тасаланып тұрғандай. Олардың денелерінде ағза жоқ, тек табалдырықтар мен деңгейлер бар. Яғни, сезім саналық мәнге ие бола алмайды. Сезім – бұл тербеліс. Ағзасыз денелер тірі, бірақ органикалық дене емес, біз көріп үйренген көзқараспен ешбір үйлеспейді. Бұл жердегі әдемілік қалыпты формада емес, нақты барлығынан ада болған кеңістікте. Осыдан созылған қолдар, арқа мен мойын, майысқан аяқтар, бет жүздегі, ландшафтағы сұрықсыздық туындап жатыр. Бәрі біз ойлағаннан әлдеқайда терең толғаныстарға бағындырылған. Яғни, көзге көрінбейтін материалдық, денелік пен тығыздықтан «өзге» дүние туындайды. Мұны біз өмір мәнінен тыс түйсінеміз, естиміз, сезінеміз.

Меніңше, суретші бұл жұмыста сол кезеңдегі (2008-2009) өзін толғандырар тақырыптардың бәрін бір арнаға тоғыстырған секілді. Бұл жұмыста суретшінің өзіндік дамуы бар барлық шығармашылық лейтмотиві жинақталған. «Биіктіктегі дабыл» 2005-2006 жж. «Биіктік» 2005-2006 жж. «Биіктік» 2005-2008 жж. «Алыс сапарға» 2005 ж. «Бақыт құсы» триптихы, «Биіктіктен соң», «Періштелер түскен күн», «Алыптың азабы» 2007 ж. «Бесігінді түзе» 2009 ж. жұмыстарындағы символизм мен метафора, «Далалық пирамида», «Елім үшін», «Бойжету», «Баян батыр» сериясы, «Кешкі әңгіме» 2006 ж. «Ашық күн» 2008 ж. сияқты жұмыстарында бүлінбеген әдемілік, суретшінің адамға деген қарым-қатынасы, оның махаббаты мен сезімдері көрініс табады.



Көне қала. к.м.б. 123x154 см. 2019 ж.

Айнабек Оспанов – еңбек сүйгіш, үнемі шығармашылық ізденісте жүретін азамат. Өзінің шеберлігін арттыру мақсатында көптеген эскиздер жасап өзіне ауқымды жұмыстар міндеттей алады. Соның нәтижесінде жылына 150 ден аса жұмыс жазады. Соңғы жылдары ол көптеген жұмыстар жазды. Солардың бірі:

«Көне қала» картинасы орта ғасырдың басындағы тарихты баяндайды. Көне замандағы сауда керуені, салт атты әскери азаматтары, қала ортасындағы қайнаған сауда, базардағы қарбалас бәрі-бәрі өз үйлесімін тапқандай. Картинаны көргенде жан бітіп тіршілігі әліде сол бейненің арғы бетінде жалғасып жатқандай күй кешесің. Суық түстермен жылы түстерді ұштастыра білген.



Құнанбайдың қажылық сапары. к.м.б. 100х130 см. 2020 ж.

«Құнанбайдың қажылық сапары» 1870-1880 жж. Қажылық сапарда Құнанбайдың Медина қаласында көк мешіт Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жерленген мешіт кесенесі алдында тәкбірде тұрып үш жыл бұрын қажылыққа келіп шейіт болған Жанқұты шешенмен қоштасуды «Сен пейіштің табалдырығында, Пайғамбарымыздың қасында жатырсың досым, Алла тағала тілеуінді берді. Ал мен еліме әлі де керек болдым ба?, Қош бол досым мен кеттім боқ дүниеге», -деп қоштасуын суреттеген кезі екен. Пікір айтудың өзі артық, картина өзі сөйлеп тұр.



Тоғжанның келбеті. к.м.б. 89x119 см. 2020 ж.

«Тоғжанның келбеті» тақырыптық картинада Тоғжанның ауыл жанындағы қыр үстіндегі образы арды нәпсіден жоғары қойған қазақ қызының келбеті бесікте атастырылған Тоғжан салт-дәстүрді сақтап, қадірлеген ақылды бойжеткен.

Көптеген суреттер ашық аспан астында салынды, өйткені бұл суретшілер біздің музей ұйымдастырған симпозиумдарға бірнеше рет қатысқан, - деді Түркістан облысы бейнелеу өнері мұражайының директоры Айнабек Оспанов. - Оңтүстік Қазақстанда боялған кейбір полотноларды авторлар бізге сыйға тартты. Бұл мұражайда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген суретшілердің туындылары болуына мүмкіндік беріп, коллекцияны толықтырудың жақсы тәсілі.

Сондай-ақ, кескіндемені сүйетіндер мұндай ұжымдық көрмелерде оңтүстік пен солтүстік, батыс пен шығыстың қылқалам шеберлерінің мектептерін салыстыруға мүмкіндік алады.”-дейді Жұмабай Дилманов.

Қазіргі қоғамға әрбір азамат еліміздің өркендеуіне үлес қоса отырып, еңбегімізді сіңіруіміз керек. Еуропаға еліктеп бөлме үлгілерін, тұрмыс салтымыз тіптен жазатын картиналарымыздың өзі шет елдің өмір салтына ұқсап бара жатқандай. Біз болып, сіз болып еліміздің өркендеуіне тарихын, сат-дәстүрін, дінін ұмыттырмай үлесімізді қойымыз керек. Қыл қаламынан тарих тамған суретшілеріміздің алдыңғы буындарын бағалап, зерттеп отырып әрі қарай біз жастар жалғастыра отырып, жандандыруымызды қоғам қажет етеді.

СУРЕТШІ ҚҰТТЫБЕК ЖАҚЫП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ



Бейнелеуде дәстүр мен жаңашылдық бірін-бірі қайталап келіп отырады. Шығармашылық қызмет – бейнелеу нәтижесінде жаңашылдық элементтердің міндетті түрде болуымен сипатталатын өнердегі құбылыс. Құттыбек Жақып шығармашылығы өзіндік жаңа сипатымен танылатын өлшем - бейнелеудегі теріні көркем өңдеу, қазіргі кезде суреткер шығармаларының даралығы, тұтастығы бөліп-бөліп қарастырғанымен, теріні көркем өңдеу арқылы туындыны станоктық картина деңгейіне көтеру іс-әрекеті, жаңа шығармашылық

технология табуға ұмтылыс, көркем образ сомдауда материал фактурасын композиция ұтымдылығымен біріктіру, тері түстерінің қасиеттерін композиция құрамымен ұштастыру болып табылады.

Суретші Құттыбек Жақыпұлының соңғы кездегі шығармашылығына тән жаңашылдық - малдың терісін өнер материалы ретінде, бейнелеу мүмкіндігі ретінде қолдану дәстүрлі композицияны құрамдайтын сызықтар мен формалардың ролін атқаруымен ерекшеленеді. Жүннің табиғи түсі мен сызықтарының бағыттары мен жіңішке жуандығы табиғаттағы формалармен сәйкес келуін, ұтымды пайдаланады. Ұлы дала шебері көркемдік бейнелеу дәстүрін визуальдық өнер технологиясымен, заманауи талғаммен талаптармен ұштастырады. Суретші өз шығармашылығында теріні көркем өңдеу өнерін жаңа тәсілдермен дамытып, жаңа композициялық колориттік шешімдермен үнемі толықтырады. Суретші шығармашылығындағы басты бағыт – тері материалының табиғи фактурасын барынша ұтымды пайдалану. Әрбір образдың мәнін фон мен фигура арқылы күшейту, идеялық ой салмағын түстер үйлесімділігі арқылы арттыру.

Суретші Қ.Жақыптың теріні көркем өңдеп, станоктық панно жасау технологиясын көрсететін екі өлшем ұстаным ретінде қолданыс тауып отырады. Суретші шеберлігінің бір қыры - тері бетіндегі әрбір сызықты, пішінді, бояу түсін, шығарма композициясына сай көркемдік өңдеуден өткізіп, сол көркемдік элементтерді шығарма идеясына бағындыруы. Суретшінің тері бетіндегі табиғи жаратылыс бейнелеріне, пішіндер сипатына қарап композиция құрамдауы, суретшінің қиялының ғажайыптылығы мен ұшқырлығын көрсетеді.

Суретші Қ. Жақыптың «Ахмет Ясауи кесенесі» атты панносы, тері бетіне, майлы бояумен 2019 жылы салынған шығармасы. Шығарма екі жағына да көріністер салынған, екі жағынан да көруге болатын картина.



Суретші Қ.Жақып. «Ахмет Ясауи кесенесі».
Тері. Майлы бояу. 2019 ж.

Қарт кесене, қасиетті бабалар көзіндей көрінеді, ежелгі елдің мәдениеті Ұлы даланың заманауи өміріне бір сәт көрік беріп тұрғандай. Кешегі бабалар көші қонған жер, аталар аманаты болған жер бүгін де сол күйінде сақталған, көнермеген, өміршең қалпын сақтаған. Картина орталығындағы кесене көрінісі сәндік безендіру әдісімен майлы бояумен жазылғандығы бейнелеудегі бір үлкен жаңашылдықтың бір бөлшегіндей көрінетін көркемдік іс-әрекет.



*Суретші Қ. Жақып. Түрік қазанаты сериясынан.
«Табыну». Тері. 2020 ж.*

Колорит - қазақтың сары даласын елестетеді. Шығармадағы ерекше белгі - терінің түгі мен түстерінің шығарма композициясындағы формалар түсімен идеялық ойды айтудағы суретшінің ұтымды үйлестіре білуі шеберлігімен ерекшеленеді. Бұл сөзімізге мысал ретінде картинаның жоғарғы бөлігіндегі жалаулардың, адамның бет бейнесінен көруге болады. Картинадағы символдық көріністер: бабалар көші қонған жер, аталар аманаты болған жер, береке бірлік – отбасы тұтас образды құрамдаған.



Суретші Қ.Жақып. «Бүркітші». Тері.Бояу. 2019ж.

Құттыбек Жақыптың «Бүркітші» картинасының басты идеясы халқымыздың салт-дәстүрінің бірі – бабалардан мирас болған аңшылық дәстүрді, оның ішіндегі бүркітші әлемін көрсету. Картинаның композициялық орталығында бүркітшінің монументтік бейнесі көз тартады. Композициялық қосалқы элементтер композициялық орталықты айнала орналасқан. Суретші бүркітші образын ашуда жыршы жігіт, биші қыз, қыран бүркіт, еліктің лағы, жүйрік тұлпар, аспандағы бұлттар көрінісін, ақ түспен берсе, аспан көрінісі көк түспен жұпталған.

Суретші Құттыбек Жақыптың «Жекпе-жек» атты ойылған теріден 2020 жылы жасаған шығармасы – өмірдегі қарама-қарсылықтар мен олардың үнемі бірлік болу сипатын көрсетуге арналған. Туындының негізгі идеясы – өмір өткелдері, қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін суреттеу. Суретші Құттыбек Жақыптың «Жекпе –жек» атты картинасы, ойылған және жүні қырқылған теріден жасалған.



Суретші Құттыбек Жақып. «Жекпе – жек». Ойылған тері. 2020 ж.

Жарық пен көлеңке көріністері кезектесе келе, күн мен түннің, жақсылық пен жамандықтың кезектесуін көрсеткендей. Найзалы баба, қамқор ана, қасиетті дала, жаз бен қыс – картинаның басты қарама қарсылық пен бірлікті білдіретін символдары.

Суретші Құттыбек теріден панно композициясын жасау арқылы өткен дәуір тынысын білдіретін ауқымды идеялық ойды көрерменге жеткізе білген, оны дамыта отырып, белгілі бір дәуір тынысын суреттейтін образ деңгейіне дейін көтерген кәсіби қабылет ауқымы кең суреткер. Бұл іс-әрекеттер суретші шығармашылығының жоғары деңгейін көрсететін өлшем - заманауи технологиялық жаңашылдық пен ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы рухани жаңғыру идеясының бірлігін көрсетеді.

**ГРАФИКА ӨНЕРІН ЖАҢАША ЖАҢҒЫРТҚАН
БАЙМЕН БАТУХАН ӘБДІКЕРІМҰЛЫ**



Баймен Батухан Әбдікерімұлы 17.08.1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Абай ауылында дүниеге келді.

Өз еңбек жолын 1977 ж. М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының көркем-графика факультетін бітіріп, Ә.Қастеев атындағы көркемсурет колледжінде мұғалім болып бастады.

1979 жылы ОҚ облысы суретшілер одағы жүйесінде жұмыс істеді;

1985 жылы КСРО Жас суретшілер одағының мүшесі;

1989 жылы КСРО суретшілер одағының мүшесі;

1990 жылы ОҚ облысы суретшілер одағының Бас суретшісі;

1991 жылы Шымкент қаласының Бас суретшісі;

1992 жылы «Шымкентқалабезендіру» мекемесінің директоры;

1994 жылы «АБАЙ.өмір, уақыт, өнер» атты үш тілде ЮНЕСКО баспасының көмегі арқылы басылып шыққан альбомда Батухан Байменнің «Абай өлеңдеріне» арналған графикалық топтамасы жарық көрді;

1995 жылы «Шымкент қалалық дизайн» басқармасы, «Модерн» өндірістік шығармашылық бірлестігінің директоры;

1996 жылы «Шымкент қалалық сәулет және құрылыс» басқармасы, «Монументальді жұмыстар және қаланы безендіру» бөлімінің бастығы;

1998 жылы «Түркістан қалалық дизайн» басқармасының директоры;

2001 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімшілігінің «Дизайн және ортаны әрлендіру» басқармасының бастығы;





2003 жылы «Тәуекел» ЖШС-інің директоры. Осы қызметтерді атқарған жылдары қаланы, аудан орталықтарын көркейтуге, жобаларды іске асыруда көптеген жұмыстар атқарылды және көптеген жобалардың авторы.

-Республикалық, Одақтық, Халықаралық және шетел көрмелеріне қатысушы. -Еңбектері Қырғыстан, Кипр, Индия, Қазақстан т.б. өнер мұражайларында және жеке өнер коллекцияларында сақтаулы.

-2011 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды.

-2012 жылы «Ұстаз һәм шәкірт» атты шығармашылық альбомы жарық көрді.

-2013 жылы Москва қаласы Суретшілер одақтары халықаралық конфедерациясы атқару комитетінің шығарған «Қазақстан бейнелеу өнері» альбомына Батухан Байменнің графикасы басылды.

-2013 жылы Қазақстан суретшілер одағының 80 жылдығына арналған 5 томдық «Қазақ өнері» альбомына Батухан Байменнің графикалық туындылары басылып шықты.

-2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Уақытқа бағынбайтын естелік» облыс суретшілері мен фотосуретшілердің байқауында Бас жүлдені иемденді.

-2015 жылы Қазақстан Суретшілер Одағының 80 жылдығына арналған «Үздік шығармашылығы үшін» медалімен марапатталды.

-2015 жылы ОҚО облыстық «Qurmet-AB» Қоғамдық бірлестігінің «Ерен еңбегі үшін» медалі табыс етілді.

-2015жылы ОҚО әкімдігінің Облыстың мәдениет саласын дамытуға ерекше үлес қосқаны үшін 2015 жылдың «Үздік суретшісі» номинациясының иегері.

-2015жылы Кентау қаласының 60 жыл мерекелік медалімен марапатталды.

-2016жылы Қырғыз Республикасы президентіне қарасты мәдениет кеңесінің алғыс хаты табыс етілді.

-2016жылдың қортындысы бойынша Қазақстан Суретшілер Одағы Ә.Қастеев атындағы «Үздік шығармашылығы үшін» атты алтын медаліне ие болды.

-2016жылы Суретшілер Одақтары халықаралық конфедерациясы дипломының Қазақстандағы алғашқы иегері атанды.

-2016жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің «25-жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

-2016жылы Батухан Байменнің жеке шығармашылық альбомы басылып шықты.

-2016жылы Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурстың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «Ең үздік бейнелеу өнері туындысы» номинациясы бойынша І-орын иегері атанды.

-2017жылы Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Оңтүстік облысы әкімінің арнайы сыйлығының иегері.

-2018жылы Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы елшілігі грамотасымен марапатталды.

-2018жылы Өзбекстан Өнер Академиясының дипломымен марапатталды.

-2018 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша шығарған «Заманауи Қазақстан суретшілері» альбомында еңбектері жарық көрді.

-2018жылы «Qurmnet-AB» қоғамдық бірлестігінің «Халық құрметі» медалімен марапатталды.

-2018жылы Қазақстан Республикасы Otrar.kz телеарнасы « Батухан Баймен.Суретші-график.Өмір жолы,шығармашылығы, отбасы» атты документальды фильм түсірді.

-2019жылы Қырғыз Республикасының «Қырғыз көчу» бүкіл әлемдік лигасы медалы табыс етілді.

-2019 жылы Кипр мемлекетінде жеке көрмесі өтті.Қойылған 55-графикалық туындылар түгелімен Кипр мемлекетінің Заманауи өнер музейіне қалдырылды.Әлемдік Заманауи өнерге сіңірген еңбегі үшін Кипр мемлекетінің күміс кілті және дипломдар табыс етілді.

-2019жылы Қырғыз Республикасы «Қырғыз Туусу»газетінің 95жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

-2019жылы Қазақстан Суретшілер Олағының «Буйнелеу өнеріне сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

-2020жылы Түркістан облысының «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

-2021 жылы Қазақстан Республикасы. «KazArt» телеарнасы (Батухан Бәйменов_ Менің мақсатым көрермендерді ойландыру), (Мост в прошлое номадов. Батухан Байменов.)

Bridge to the past of the nomads. Batukhan Baimenov атты үш тілде документальді фильм түсірді.

-2021 жылы Қазақстан Республикасы Otrar.kz телеарнасы Батухан Баймен шығармашылығы жайлы «BIZDER, BIZDER...» атты документальды фильм түсірді.



-2022 жылы Ресей Федерациясы профессиональды суретшілер одағының біріккен реестр сертификаты берілді.

-2022 жылы Ақтөбе облыстық өнер музейінің «Графиканың монохромды әлемі» республикалық графика байқауында II-орын иеленді.

-2022 жылы Қазақстандық белгілі өнертанушы Дина Дуспулованың басылып шыққан «Художник Казахстана говорит» альбомына еңбектері жарияланды.

-2022 жылы «Кыргыз жер» КГ қоғамдық саяси журналының «Өлкөге өмүрүн арнаған инсан» орденімен марапатталды.

-2022 жылы Өзбекстан Республикасы IX Ташкент халықаралық заманауи өнер биеналесі «Суретші және қоғам. Болашақ өнер концепсиясы» атты биеннале аясында жеке көрмесін өткізіп әлемнің 35 елінен жүзге тарта майталман суретшілер қатысқан көрмеде I-орын иегері атанды.

-2023 жылы Францияның MONDIAL ART ACADEMIA академиясының Мүшелігіне қабылданды.

-2023 жылы Қазақстан Суретшілер Одағының 90 жылдығына арналған естелік медалімен марапатталды.

ҚАЙРАН БІЗДІҢ АНАЛАР - БАРДЫ ОЙЛАМАЙ, АРДЫ ОЙЛАҒАН



Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген ұғым қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Елбасы «Отбасы Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикалық, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктердің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін өте маңызды екенін айқындап берді. Әлімсақтан бастау алатыны, өзінің тарихи тәжірибесінен, салтдәстүріне қол үзген қоғамда жаңғыру немесе жаңару мүмкін емес. Халқымыздың алтын тамыры терең кеткен, тарихынан біргек жасасып келе жатқан рухани байлығымыздың бірі отбасы құндылықтары. Тіпті қазақтың рухани құндылықтарының негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік.

Өкінішке орай, қазіргі қазақ қоғамында отбасы құндылықтары құлдырауға ұшырап бара жатқаны ащы да болса шындық. Бұған дәлел ретінде неке құрған жас отбасылардың арасындағы ажырасудың кейінгі

жылдары аса қауыпты деңгейге жеткенің айтсақ та жеткілікті. Ресми дерекке сүйенсек. «АХАЖ Тіркеу пункіті» ақпараттық жүйесінің мәліметінше, 2013 жылы 167 411 неке қиылып, 51 305 жұптың заңды некесі бұзылған екен. Аталған көрсеткіштер жыл сайын нашарлап, 2017 жылы 141 785 жаңа шаңырақ пайда болып, 54 948 неке сәтсіз аяқталыпты. Бар болғаны төрт жыл ішінде некелесу саны 26 мыңға кемісе, ажырасудың пайыздық көрсеткіші 31%-дан 39%-қа артқан.

Ажырасулардың кесірінен республика бойынша толық емес отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалар саны жылына 40 000-нан асып отыр. Бұл жай ғана жалаң цифрлар емес, қазіргі қоғамдық дерттің көрсеткіші. Қаншама жас сәбидің көз жасы, көңіл наласы бар. Әкесіз тәрбиеленген ұл мен қздың жарымжан тағдырына жалпы қоғам болып жауапты екенімізді ұмыта бастаған сыңайлымыз. Әке мен шеше тым балажан болып алды. «Ішіме сыйған бала сыртыма да сыйады» деген сөз бүгінгі ата-ананың басты уәжіне айналған. Қазақтың келешегіне балта шабатын қасиетсіз бұл сөзді қай көргенсіз шығарды екен? Кім?...

Ұлттық құндылықтан ажырай бастаған жас буын ұлт, ел мен жер келешегінен гөрі, өз басының қамын ойлауға бейімделеді, оның патриоттық сезіміне, қасиетіне сызат түседі. Бұл аса қауіпті әрі аса қорқынышты құбылыс. Ал оның алдын алу, оны болдырмау күрделі қоғамдық, отбасылық, әрі білім беру саласының басты проблемасы болып табылады.

Осындай өзекті мәселелерге арналған ардагер ұстаз ағамыз Бегман Ысқақтың «Қызым саған айтам...» атты кітабының алғы сөзінде: «Қыз – ұлтты ұрпақпен ұластыратын ұлы күш. Демек, қыз тәрбиесі – болашақ тәрбиесі. Дүниенің қызығы мен құндылығын ұрпақ тәрбиесінен тапқан бабамыздың: «Қыздың үш қасиеті бар. Ол – өміріңнің қызығы, төріңнің Қызыры, бетіңнің қызылы. Қызың жақсы болса – қызығың молаяды, төріңнен Қызыр кетпейді, жүзінді жерге қаратпайды. Ал қызың жаман болса, өмірің тозаққа айналады, төріңнен Қызыр кетеді, ұяттан бетің өртенеді» деген нақыл сөздермен басталып, «бір қолымен үкілі бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін» болашақ ана-қыз баланың отбасынан алар тәлімі, дос, жар таңдауы, отбасын құрудағы алғышарттар жайында, ұлт болып ұйысу, ел болып ертеңге нық қадам басу жөнінде өз ойларымен бөліседі.

XI ғасырда жазылып, тәлім-тәрбиелік маңызы жағынан аса құнды шығармалар қатарынан саналған өсиетнамасы жайында Кейқауыстың «Менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат асыл заттарым – саған арнап жазған осы үгіт-насихат кітабым» деген екен. Сондай-ақ, қазақ жазушысы Немат Келімбетовтің «Ұлыма хат» эссесі жазушының ұлына ғана емес, тұтас қазақ жастарына арнап жазған хаты деуге болады. Туынды «дүниеге не үшін келдің, ұлтыңның келешегі үшін не істедің?» деген мәселені бала тәрбиесінде арқау етіп қоюымен құнды саналды. Сондықтан да Бегман ағамыздың да немересі Айданаға сөз арнай отырып, ақыл-кеңесін тұтас қазақ бойжеткендеріне бағыштаған құнды дүниесінде қазақ арулары әрдайым

абырой биігінен көрініп, жаман әдет, өрескел мінез, жөнсіз іс пен жат пиғылдан абай болса екен дейді.

Қазына боп қартаюды ойлаған ұстаздың өмірлік ұстанымына тәнті бола отырып, қазақтың әрбір қариясы ұрпақ тәрбиесіне осылай алаңдайтын болса, ұл-қыздарымыз «ұят» деген қасиетті сөзді өміріне арқау етіп, жағымсыз қылықтарға бармауға шақырады. Сонымен қатар, автор өсиетнамасын халқымыздың ғибраты мол «Күн батқан соң қызды су әкелуге жұмсама», «Қызға құрық ұстатсаң да, малыңның түнгі күзетіне қойма», т.б. деген тыйым сөздерімен тұздықтап, «Қыз – қазақтың бетіндегі ұяты, көңіліндегі мияты». Бойжеткен намысы – ұлт намысы. Ел келешегі текті қызға тәуелді. Текті қыздан текті ұрпақ өрбиді» деген мақал-мәтелдермен келісті тұжырымдаған.

Кітаптағы туындының әрбір бөлігінің көтерген жүгі салмақты ой толғаныстармен баяндалған. Әсіресе қазақ аруларына «Жатқа неге қор болдың, қарашығым?» атты тақырыпта автор соңғы жылдары жат елдікке тұрмысқа шыққан қазақ аруларының қате қадамына наразылық білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрімізде қазақ қызын жат елдікке тұрмысқа беру қорлық саналғанын, «Жеңіліске ұшыраған елдің қызын күндікке әкетіп, ұлтты қорлау үрдісі екенін, қызды бұзу – ұлтты бұзу, қызды қорлау – ұлтты қорлау» деп біледі. Қазақ аруларының «жат жұрттыққа» жаралғанымен, «жат елдікке» келін болып түсуіне мүлде қарсы екенін білдіреді.

Ұлтымыздың небір кесір-кесепаттарға қарсы тұрып, халқымызды қорғап қалатын жалғыз нәрсе – ұлттың салт-дәстүрі екенін сөз етеді. Қазақ халқы: «Дастарқан басы – адамдардың бір-біріне пейілі, мейір-шапағаты түсетін киелі орын. Мұндай салт-дәстүрді білмеген жанды қазақ қоғамында «тәрбиесіз, көргені жоқ, көргенсіз» деп санаған. Халқымызды қалыптастырған – дәстүр өрнектері, кәде-ғұрыптары, тұрмыс тіршілігіндегі ырым-тыйымдары, әдет-ишаралары, ортақ мұралары» дей келе қоғамдағы тәртіпті заң мен ғана емес дәстүрмен реттеуді ұсынады. Дәстүрді заңнан да жоғары тұратын ұғым деп тану керек» деп дұрыс тұжырымдайды.

Қазақ қызы кімге қарап бой түзегені жөн? Бұл орайда автор намысы тұғырлы, рухы биік арулардың өз мүддесінен ел мүддесін, өз бақытынан халқының бақытын жоғары санаған сақ дәуіріндегі Тұмар (Томирис) патшайымның ерлігін үлгі етеді. Парсы елінің патшасы Кир елші жіберіп: «Маған тұрмысқа шық. Екеуміз екі елдің басын қосып, бірігіп билейік» деген зымыстан ұсынысына Тұмар ханым: Мен елімнің патшасымын. Менің илегенім – елімнің илегені. Сенің түпкі мақсатың мен емес, менің елімді тізе бүктіру. Билеу. Бүкіл байлығын иелену. Ұлын – құл, қызын – күң ету. Сондықтан мен қасиетті жерімді жаудың табанына бастырмаймын! Ата-баба әруағы мен зүриятымды ешкімге қорлатпаймын. Кімде кім менің еліме қан сұрап келсе, өз қанына өзін тұншықтұрамын. Кир соны есінен шығармасын!» деп зіл сала жауап берген. Патшайым сөзінде тұрды. Қасиетті даласын қаскөй жауға таптатпады, зұлым Кирді өз қанына тұншықтырды.

«Қайран, біздің аналар, барды ойламай, арды ойлаған» Тойқара, Сүзге сынды аруларының ерлігі мен пәктігі біріншіден, өз халқын ажал

тырнағынан құтқарды. Екіншіден, тілі бөлек, діні бөлек, салт-дәстүрі бөлек жат жұрттыққа, ата жауына иілмей, көшпенділер рухының биіктігін, тау бұлағындай таза махабатының мөлдірлігін сақтап өтті бұл жалғаннан. Міне, Бегман ағамыз тәлім алар, мақтан етер тұлғалардың өмірін бойжеткендерімізге өсиет еткен.

Одан бергі дәуірдегі белгілі кинорежиссер Дариға Тыналина Өзбекстан студия директорының «Дариға ханум» болуын қалаған кезінде әпкеміз жанын жаралайтын, намысына тиетін сөзге қатты абдарып: «Жеке өмірімнің шаттығы үшін, қара басымынң қамына бола, қазақтығымды талақ етіп өзбек болуыма келіспеймін, бұл сөз менің намысымды қорлау деп санаймын», деп қоштаспай кетіп қалған. Осы әрекетімен-ақ қазақ қызының материалдық байлық, жарқ-жұрқ еткен дүние, көкке көтерілген атақ-даңқтан гөрі, өз ұлтына деген ішкі дүние тазалығын, кісілік келбетін, іштегі рухани әлемінің биіктігін танытқан.

Қазақ қыз-келіншектер поэзиясының шыңы ақын Фариза Оңғарсынова халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қадірлеп өткен дегдар тұлға. Бір кездері Берлиннің «Фолк унд вельт» баспасы әпкеміздің кітабын неміс тіліне аударып шығаруды жоспарлайды. Қонақ болып келген талантты аудармашы Ильяза Чертгнер деген қыз Фариза апамыздың шаңырағында бірнеше әріптестермен дастарқанда бас қосады. Қонақжайлық көрсетіп алыстан келген сыйлы қонаққа қойдың басы ұсынылады. Мұны көрген мейман дәстүрді түсінбей күліп жібереді. Үй иесі бұрқан-талқан болып, білмейтінді біліп алудың орнына, таңырқау мен күлудің әдепсіздік екенін айтып, дастарқан басынан кетіп қалады. Қанша кешірім сұрағанымен илікпеді. Сондағы ақын әпкеміздің айтқан уәжі: «Елімнің салт-дәстүрінен сонша тосырқап отырған адам, өлеңімді аударып қайдан қарқ қылсын» деп жауап берген екен.

Автор «Қазақтар! Кіріптарлық пен қорлықта өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміздің тәуелсіздігін толық жеңіп алған кезде ғана азат елге айналамыз! Тәуелсіздік жасасын! ЕГЕМЕНДІ ЕЛ жасасын!» деген ұранмен Алматы қаласының алаңындағы ереуілшілер қатарында болған желтоқсаншы Ләззат Асанованың ерлік істерін баяндайды, қазақ аруларымызға үлгі етеді. Тұмар, Зарина, Тойқара, Фариза, Ләззат т.б. сияқты мақтануға тұрарлық тұлғалар ұлттың рухани келбеті, намысының алқызыл қаны мен жаны, санадағы өшпес идеясы. Осынау үлгі-өнеге боларлық ұлы әпекелері бар халық рухының тұғыр-тиянағы да іргелі болмақ.

«Міне, қызым, сенің үлгі алар, тәлім көрсетер Таңшолпандай жарқыраған тұлғалар осылар» деген немересіне айтқан өсиеті автордың бүкіл қазақ қыз-келіншектеріне арналған ғибраты деп түсіну лазым.

«Қыз мінезімен көрікті» тақырыбында қолдағы бақытты ұзағынан ұстап тұру да, не болмаса бақытсыздыққа ұшырау да мінезге байланысты екенін айта келіп, жақсы мінез ғұмыр бойы таусылмайтын жан азығы екенін жеткізеді.

Бегман Ысқақтың өсиетнамасында дос таңдау, кітапты өмірлік серік ету, жар таңдау, қызғаныш, есеппен тұрмыс құру, әлеуметтік желі арқылы танысу, ұрпақ жалғастыру, кәрі қыздар, қарттар үйіндегі бейбақтар мәселесі де кеңінен қамтылған. Әрбір қазақ қызы жүріп өтуі тиіс ақылды бойжеткен, келісті келін, парасатты ана, кемеңгер кейуана секілді уақыт кезеңдерінің қыр-сырына жан-жақты тоқталып, мәнді де нәрлі мысалдармен өрнектеп, дұрыс бағыт-бағдар сілтеуге ұмтылады.

Автор «Көп білген кісі кемеңгер емес, білгені елге көп пайда келтіретін кісі кемеңгер» деген Эсхил ғұламаның өсиетін сүйене отырып «Қызым, алған біліміңді отаныңның, халқыңның, кіндік қаның тамған туған жеріңнің, қазағыңның көсегесін көгерту үшін жұмсасаң, өмірің ажарлы да базарлы болмақ. Ұлттық мүдде үшін еш нәрседен тайсалмай қорғап, қолдап отырсаң, халқыңның сүйіспеншілігіне бөленесің. Одан артық сый-сияпаттың қажеті шамалы» деп өсиетін айтады.

Бегман Ысқақ ағамыздың «Қызым, саған айтамын...» атты туындысы – жалпы қазақ қыздарына арналған шынайы өсиетнама. Автор қазақ қыздарын бала жасынан ұлттың ұлы мұрасын, құндылықтарымызды әспеттеуге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтауға, ұлтжанды болуға тәрбиелеуді алдына мақсат қойып «Кімде-кім барған жерінде судай сіңіп, тастай батамын десе осы кітапты оқығаны дұрыс» пайдалы дүние болатынына сенеді.

Қазақтың инабатты да ибалы қыздары! Қарақтарым! Біле білсеңдер жоғарыда айтылған бұл кеңестер – өн бойыда көрегенділік пен тектіліктің ірге тасын қалайтын қасиеттер. Отбасында бақытты болудың алғы шарттары.

Мен сендерді рухы да намысты тұлға болса екен деп армандаймын. Киелі ата-баба рухы мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы мен тілі-дінін сақтауға бар күш жігерін салатын, Отанымыздың тәуелсіздігі үшін ерлік жасауға әзір болатын, білімді де намысты тұлға болып өссеңдер, атымызға кір келтірмейтін ұрпақ өсірдік деп мақтан тұтар және үлгі-өнеге етер едік. Қазақ: «Тегінді сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле» деген. Қызы – таза елдің келешегі кемел екенін ұмытпаңдар!

«Әлемді нұрға бөлеп тұрған құдретті Күн жалғыз, жұлдызды түнде ғашықтардың сезіміне куә болған Ай жалқы. Көк туы көкте желбірген Отаның, ҚАЗАҚ ЕЛІ біреу ғана, дара. Бізде одан басқа Отан жоқ. Әр уақытта ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ мәртебесін көтеруге, МӘҢГІЛІК ЕЛ болуына барлық күш-жігерлеріңді, бүкіл қазақ халқының тағдыры тұрғанын ұмытпаңдар, қарақтарым!

Ғұмырын бастағалы тағдыр заман,

Тылсымды сынақтарға салдың заман.

Қай ғасыр, қай заманда қазақ қызы

Ұятқа елін, жерін қалдырмаған», – деп жырлаған ақын Фариза апамыз

Оңғарсынованың сөзімен Бегман ағамыз өсиетнамасын аяқтаған.

Қане, қазақ арулары, «Қызым, саған айтамын...» деген кітап қолыңыздан түспейтін өсиетнамаңызға айналсын!

ТОЛҒАНЫСТАРҒА ТОЛЫ БОЛҒАН СУРЕТШІ-ПЕДАГОГТЕР СИМПОЗИУМЫ

Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сіңіру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жұртшылық назарын аударуда. Бейнелеу өнері арқылы ұлттық, эстетикалық, адамгершілік, рухани тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы суретшілердің шеберлігі мен ізденімпаздығы, шығармашылығы, білім деңгейімен де тығыз байланысты болмақ. Осы орайда, еліміздің барлық өңірінен суретші -педагогтар Шымкент қаласында 2021 жылы 24–26 қараша аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне арналған «МӘДЕНИ МҰРА» атты халықаралық суретші-педагогтер симпозиумы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде, Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымы, Облыстық бейнелеу өнері музейі бірлесіп ұйымдастырған іс-шара қатысты.

Университетіміздің Басқарма төрайымы - ректор Дария Пернешқызы Қожамжарова симпозиумға қатысушыларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, «Кеше ғана Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы үндеуінде «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. Жеті тұғырдың Бесінші тұғыры, Ұлттық мәдениет–халықтың рухани тірегі деп атап көрсетті. Бұл симпозиум Тұңғыш Президентіміз атап көрсеткен БЕСІНШІ ТҰҒЫР бойынша дер кезінде орындалып отырған іс-шара ретінде қабылдауларыңызды сұранамыз» - деп симпозиум қатысушыларына аталған іс-шараға алыс-жақын шет елдерден, еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, атсалысқандықтары үшін алғысын білдірді.





Симпозиум заманауи педагогикалық көркем білім беру мәселелерін зерттеп жүрген ЖОО ғалымдарының, докторанттар мен магистранттардың, суретші-педагогтердің, орта мектептерде дәріс беретін көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу нәтижелері мен көкейкесті мәселелері бойынша шығармашылық тәжірибе алмасып, «ШЫРАЙЛЫ ШЫМҚАЛА», «ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН» атты табиғат аясында пленэр жазды.

Симпозиумының бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті туралы презентация көрсетіліп, Басқарма төрағасы-ректоры Қожамжарова Дария Пернешқызы алғы сөз арнап, Түркістан облыстық бейнелеу өнері музейінде Тәуелсіздікке 30 жыл мерекесіне арналған «МӘДЕНИ МҰРА» атты Бейнелеу өнер және Дизайн кафедрасының педагогтары мен студенттерінің шығармашылық көрмесін ашты.



Ары қарай симпозиумға қатысушылар Шымкент қаласының демалыс орындарында (Қызғалдақ, Дендросаябақ, Тәуелсіздік саябағы, Наурыз алаңы, Абай саябағы, т.б.) үміткерлердің таңдауы бойынша табиғат аясында пленэр жазды.

Симпозиумның екінші күні Түркістан қаласына барып «ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН» тақырыбында табиғат аясындағы пленэрлік жұмыс орындады.

Симпозиумның үшінші күні қатысушылардың орындаған жұмысы мен өзінің алып келген шығармашылық жұмыстарын көрмеге дайындап Облыстық бейнелеу өнері музейінде қорытындыланды. Концерттік іс-шара ұйымдастырылып «Қазына» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуінде ХОР және «Қаракөз» би ансамблі өнерлерін көрсетті. Қазақи ырғақты ән әуенінде «Нұрлы мұра» сәнді киім жыйынтығы қойылымы көрсетілді.

Симпозиум мақсаты: отаншылдыққа тәрбиелеу, бейнелеу өнерінің талант иелерін анықтау, дарынды шығармашыл тұлғаларға қолдау көрсету.

Симпозиум Тәуелсіздікке 30 жыл мерекесіне арналған «МӘДЕНИ МҰРА» атты пленэр қорытындысы бойынша симпозиум қатысушыларына Бас жүлде—біреу, I орын—біреу, II орын—екеу, III орын—үшеу, Дипломанттар — бесеу сонымен қатар Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымы атынан, Облыстық бейнелеу өнері музейі атынан дипломдар мен сертификаттар тапысырылды. Басқа облыстан келген қатысушыларға қаржылай марапаттаулар беріледі.





М.Әуезов атындағы ОҚУ-і ұйымдастырушылары жасаған ереже бойынша өткізіліп, бейнелеу өнері саласы бойынша ЖОО ғалымдары, докторанттар мен магистранттар, суретші-педагогтер қатысты. Орындалған шығармалар бойынша көрме ұйымдастырылып, каталог шығарылды.

Симпозиумға қатысушылар толғаныстарға толы болған суретші-педагогтер симпозиумына хаттар жолдауда.

Құрметті әріптестер!

Біріншіден менің айтарым М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің ұйымдастырушы ұжымына және қатысушыларға, қызмет көрсеткен барлық азаматтарға қонақжайлығы мен ілтипатына Тараздықтар атынан мыңда бір рақмет, алғысымыз шексіз. Мұндай іс-шараны күнде, ай-сайын, тіпті жылда өте бермейтіні рас. Симпозиум өте жоғары деңгейде өткеніне барлық қатысушылар куә деп ойлаймын. Біздің сіздерден үйренетініміз көп екенін мойындаймыз, жұмыс жасайтын ортамызға келіп симпозиум жайлы ақпараттық дәріптеп барынша насихаттаудамыз... сіздерге Қазақстан көлемінде жоғарғы лигада бақтарыңыз жанып әрдайым осылай биікте көріне берулеріңізге тілектеспіз. Құрметпен Тараз қаласы, Сарыкемір ауылы, 1-ші мектеп гимназиясының мұғалімі Алдаберген Асылхан.

Бәріміздің илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы. Ала тағала осындай керемет іс-шараларда бас қосуды жазып, бірауыздан бейнелеу өнері мәселелерін онды шешуге атсалыса берейік. М.Әуезов атындағы ОҚУ, Мәдениет және қоғаммен байланыс жөніндегі проректор Сәдібек Бейсенбаев.

Құрметті суретші-педагогтер!

Құрметті университет Басқарма төрайымы-ректоры Дария Пернешқызы!

Құрметті Сәдібек Қалмаханұлы, Медеубек Жұматайұлы!

Сіздермен осы симпозиум арқылы танысып, ой пікір бөлісіп, тәжірибе алмасқаныма өте қуаныштымын. Симпозиум өте жоғарға деңгейде өтті. Аман-есен еліме жетіп, өзімнің ректорыма кіріп алған әсерімді, қуанышымды, алған сертификаттарымды жеткіздім. Ізгі ниетпен Қызылорда, Болашақ университетінің аға оқытушысы Рамазанова Гүлнара.

Құрметті «Мәдени мұра» атты халықаралық суретші-педагогтер симпозиумына қатысушылар, әріптестер және өнерді бағалайтын ұстаздар мен ғалым профессор қауымы! Сіздердей суретші-педагогтермен танысқаныма, ой-пікір алмасқаныма және байқау соңына дейін бірге жетіп, әр қайсымыз кескіндеме жанрында өз қолтаңбамызды көрсетіп, іс-шараны жоғары деңгейде өткізіп алдық. Аллаға шүкір! Бас жүлде маған бұйырыпты. Осы аталмыш симпозиумды ұйымдастырушы және қолдау көрсеткен университет басшылығына мың алғыс. Алдағы уақытта баршаңызға Сәттілік пен жеңістер тілеймін. Қ.А.Ясауи ат.ХҚТУ-нің PhD докторы, Қазақ өнерінің қайракері Ержан Рысымбетов.

Симпозиум өтуіне мұрындық болған Мәдениет және спорт факультетінің деканы п.ғ.д., профессор Медеубек Жұматайұлы! Сізге алғысымыз шексіз. Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қазсақстанның барлық аймақтарынан ЖОО, колледж, мектеп суретші-педагогтерін жинап шығармашылық тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік жасадыңыз. Әрбір қатысушы университет ұжымына дән риза. Құрметпен Есенгелді Қожабаев Абай атындағы ҚазақҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне арналған «МӘДЕНИ МҰРА» атты халықаралық суретші-педагогтер симпозиумына қатысушылардың бірауыздан ұсынысы бойынша алдағы уақытта Көркем еңбек, графика және жобалау мамандарын дайындаудағы түйткіл мәселелерді шешу мақсатында халықаралық ғылыми практикалық конференция ұйымдастырылып, білім және ғылым министрлігіне қорытынды ұсыныстарды жолдауды сұранды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тарту жасап, тамаша туындыларды шығарған суретші-педагогтардың ізгі бастамалары мәдениеттің дамуына ықпал ететін дара жол екенін ұмытпайық.



III БӨЛІМ.

«ҰЛЫ ДАЛА ТОПЫРАҒЫН ҰЛЫҚТАЙЫҚ» атты халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумы

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының бейнелеу өнері үлкен тарихи даму жолын бастан кешірді, Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, қарқынды саяси оқиғалар, мемлекет аумағында қалалардың өсуі – мұның барлығы аймақтардың бейнелеу өнерінің қалыптасуына, оның жергілікті оқу орындарының құрылуына және дәстүрлердің сабақтастық сипатына әсер етті.

Қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ, саясаткер, саяхатшы дипломат, этнограф әрі суретші Ш.Уәлиханов өнерге, мәдениетке қатысты қыруар ғылыми еңбектер жазды. Күннің көзіндей жарқырап, нұрын шашып, қазақ бейнелеу өнерінің қара шаңырағын қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан – Әбілхан Қастеев. Ғасырлармен үндескен халық суретшісі бейнелеу өнерінің бас тұлғасы болып танылды.

Бейнелеу өнері туралы Кеңес Одағының үш дүркін батыры, атақты ұшқыш Иван Кожедуб мектеп қабырғасында сурет сабағының дұрыс жолға қойылуының нәтижесінде сурет салу қабілеті дамып, соғыс кезінде көз өлшемінің жақсы қалыптасуына көп көмегі тигенін үнемі есінен шығармай айтады. Аты әлемге танымал авиаконструктор А.С.Яковлев те бейнелеу өнері арқылы жеткен жетістіктерін былай деп жазған: «Мен тағы бір нәрсе үшін мектепке дән ризамын, онда сурет салу жақсы жолға қойылған болатын. Сурет сала білгенім маған болашақтағы өміріме көп көмегін тигізді. Өткені инженер–конструктор әлде қандай машина жасауды ойластырған кезде, ол өзінің болашақ туындысын егжей-тегжейлі көз алдына келтіруге және оның бейнесін қарындашпен қағаз бетіне түсіре білуі тиіс». Ал географ А.Половкин тіпті «География және сурет салу»- деп аталатын бір тұтас кітап та жазған.

Рухы асқақ, руханияты өркендеп көркейген, дәлірек айтқанда дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге іргелі ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетін, өнерін жетік білетін, қазақтың жанын ұға алатын, туған елінің жанашыры бола алатын, өз елінің бәсекеге төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау елі сүйген Елбасымыздың алдымызға қойған басты міндеті. Сондықтан бұл суретші-ұстаздардың симпозиумында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейіне арналған «Оңтүстік көне көздері», «Шырайлы Шымкент» шаһарын бейнелеу өнері арқылы көпшілікке насихаттап, шығармашылық туындыларын көрме ұйымдастыру арқылы қалың жұртшылықтың назарына ізгі ниетпен ұсынады.

ОҚМПУ,
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі,
Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы



«ҰЛЫ ДАЛА ТОПЫРАҒЫН ҰЛЫҚТАЙЫҚ»

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейіне арналған «Ұлы дала топырағын ұлықтайық» атты халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумына қатысушылардың шығармашылық жұмыстарынан жасақталған.

Каталог өнертанушылар, мәдениеттанушылар, тарихшылар, суретші – ұстаздар, студенттер және жалпы өнерсүйер қауымға арналған.

«Ер-Нияз» ЖШС, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МУЗЕЙІ



**Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдық
мерейтойына арналған
«ҰЛЫ ДАЛА ТОПЫРАҒЫН ҰЛЫҚТАЙЫҚ»
атты халықаралық суретші-ұстаздар
симпозиумы**



03-05 қараша 2016 жыл











«МӘДЕНИ МҰРА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СУРЕТШІ-ПЕДАГОГТАР СИМПОЗИУМЫ

26.11.2021ж. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Мәдени Мұра» Халықаралық суретші-педагогтар симпозиумының қорытынды көрмесі өтті.

Еліміздің түкпір-түкпірінен қатысқан 45 суретші-мұғалімдер Шымкент және Түркістан қалаларының көрікті жерлерін бүтін бір туындысына арқау етіп, жұртшылық назарына ұсынды.

Симпозиум - ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Түркістан облыстық Бейнелеу өнері музейі, ҚР Суретшілер Одағының Түркістан облыстық филиалы мен Қазақстан Республикасының Көркем академиясының Түркістан ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген екі күндік іс-шара.

Аталған шараның мақсаты - заманауи педагогикалық көркем білім беру мәселелерін зерттеп жүрген ЖОО ғалымдарының, докторанттар мен магистранттардың, суретші-педагогтердің, орта мектептерде дәріс беретін көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу нәтижелері мен көкейкесті мәселелері бойынша шығармашылық тәжірибе алмасу.

Ашу рәсімінде, техника ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бірінші проректоры Нұрманбетов Қайрат Еңбекшіұлы, осындай симпозиумдар өткізу дәстүрге айналғанын және оған қатысушылардың аясы кеңейе түскенін жеткізді. Жалпы Қазақ Елін алдағы еліміздің ұлы мейрамдарымен құттықтай келе, суретші-педагогтарға жаңа шығармашылық сәттіліктер мен жетістіктер тілеп, суретші-педагогтарға қатысқаны үшін диплом мен ақшалай сыйлық табыстады.

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркем Академиясының академигі, Халықаралық «Тұран» сыйлығының лауреаты, суретші-кескіндемеші, ТО Бейнелеу өнері музейінің директоры Оспанов Айнабек Мыңжасарұлы сөз кезегінде, суретші мамандығының мәртебелі мамандық екендігіне тоқталып және осындай аталмыш іс-шаралардың маңыздылығын баса айтып, марапаттау барысында суретші-педагогтарға Халықаралық деңгейдегі сертификат пен естелік сыйлықтарын табыс етті. Ал ұйымдастырылған іс-шараның қатысушы суретші мұғалімдері БАҚ өкілдеріне берген сұхбаттарында симпозиум жайлы орамды ойларын білдіріп, аталған шараның берері көп екендігін айтып, ұйымдастыру алқасына алғыстарын білдірді.

«Мәдени Мұра» халықаралық суретші-педагогтар симпозиумының шеңберінде - ұлттық киім киіп, қазақтың ұлттық музыкаларын орындаған «Қазына» фольклорлық ансамблі сүйемелдеуінде ХОР орындалып, тәуелсіздігімізді бейнелеген билерімен «Қаракөз» би ансамблінің бишілері би билеп, ал ұлттық нақыштағы «Нұрлы мұра» дизайнерлері сәнді киім жиынтығын ұсынып, модалық сән үлгісін көрсетті.



Кездесуді оқу орны Басқарма Төрағасы-ректор Дария Пернешқызы Қожамжарова ашып, өз сөзінде «Кеше ғана Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы ҮНДЕУІНДЕ «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. ЖЕТІ тұғырдың Бесінші тұғыры, Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі деп атап көрсетті. Бұл симпозиум Тұңғыш Президентіміз атап көрсеткен БЕСІНШІ ТҰҒЫР бойынша дер кезінде орындалып отырған іс-шара ретінде қабылдауларыңызды сұранамыз» – деп симпозиум қатысушыларына аталған іс-шараға алыс-жақын шет елдерден, еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, атсалысқандықтары үшін алғысын білдірді.

Симпозиумға қатысушыларды Ресей Федерациясының Омск мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қ.Ж.Амиргазин және Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Ералин Қуандық Ералыұлы тікелей эфирде құттықтап, симпозиум жұмысына сәттілік тіледі. Келесі кезекте Низамий атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті, Бейнелеу өнері кафедрасының доценті У.Н.Нуртаев, Шәкәрім атындағы университеттің «Өнер және музыка» кафедрасының профессоры, п.ғ.к., ҚПҒА академигі, ҚР Суретшілер одағының мүшесі М.С.Мырзаханов сөз алып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, симпозиум жұмысына сәттілік тіледі.







«ALTYN ORNEK» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Қазіргі қоғам – бұл жаңа дәуір, жаңаша көзқараста, заманауи жаңашылдықты талап ететін кезең. Соның ішінде, білім саласында болып жатқан жаңаша технологиялық өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Бүгінгі таңда ұстаздармен педагогтардың алдына сапалы білім беруде кәсіби шығармашылық құзыреттілікті меңгеру қажет. Екінші жағынан, еліміздің халықаралық экономикалық қауымдастыққа енуі білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты жаңа жағдайда жұмыс істеуге қабілетті педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Дизайн өнері барлық озық әзірлемелер мен тұтынушылық өнімдердің ажырамас және өте маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір ғимараттың ішкі, сыртқы пішіміне, Заманауи сәнді киімдерде, өндірістік өнімдер жарнамасына дизайн өнері негізгі жарнамалық құралы болып табылады. Дизайн өнері қандайда болмасын заттың эстетикалық сұлулығын паш етеді.

Қоғам талабының міндеті – сапалы білім беруде әр студенттің қабілетіне қарай білім беруді. Оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған көркем білім технологиясын меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда.

«ALTYN ORNEK» атты халықаралық байқауының мақсаты этномәдениетті насихаттау және сақтау, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту, мәдениет құндылықтарына, сонымен қатар дизайнерлердің кәсіби ортасына құрметпен қарауды қалыптастыру, шығармашылық бастаманың толыққанды көрінісіне ықпал ету. Байқаудың басты идеясы – «Этно стиліндегі авторлық коллекция» номинациясы бойынша жас дизайнерлер арасында заманауи сәттерді түсіру, жас талантты дизайнерлер жасаған этникалық стильдегі жаңа жоба жасау.

Рухы асқақ, руханияты өркендеп көркейген, дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге іргелі ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетін, өнерін жетік білетін, қазақтың жанын ұға алатын, туған елінің жанашыры бола алатын, өз елінің бәсекеге төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау алдымызға қойған басты міндет.

Сондықтан бұл М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерекесіне арналған «ALTYN ORNEK» атты халықаралық байқауы дизайн өнерін көпшілікке насихаттап, шығармашылық сәнді ұлттық киім туындыларымен көрме ұйымдастыру арқылы қалың жұртшылықтың назарына ізгі ниетпен ұсынады.

М.Әуезов ат.ОҚУ

*«Мәдениет және Өнер» факультетінің деканы
Педагогика ғылымдарының докторы, өнер профессоры
Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі,
Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы*
















ИСПАНИЯ МЕМЛЕКТІНДЕ БІЛІКТІЛІК КУРСЫ БОЙЫНША
ІС САПАР (2015)













ӘУЛИЕЛІ АҚСҰМБЕ – ПЕРІШТЕЛІ АҚБИКЕШ







IV БӨЛІМ.

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(докторлық диссертация қорғалғаннан кейінгі мақалалар)

* Болашақ дизайнер мамандарын өрнек өнері арқылы көркем шығармашылыққа дайындаудың мүмкіндіктері. «Оқытудың ақпараттық технологиялары негізінде инновациялық білім беруді жетілдіру жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. ШӘПУ. Шымкент, 2011ж.44-46б.

* Қазақстан графикасы студенттерге білім берудің құралы. «Қазақстан өнері: Кеше, Бүгін, Ертең» халықаралық ғылыми практикалық конференциясы материалдар жинағы. Астана, 2011

* Развитие творческих способностей школьников на занятиях по декоративно-прикладному искусству. Научный мир Казахстана. Международный научный журнал. №2, Шымкент, 2012.145-148б

* Қазақстан сәндік қол өнерін оқыту арқылы студенттерге көркемдік білім беру. Научный мир Казахстана. Международный научный журнал. №2, Шымкент, 2012.157-160б.

* Он екі жылдық білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері. Қазығұрт KZ. Ақпараттық танымдық, әлеуметтік мәдени журнал №10, Шымкент, 2013.

* Формирование будущих учителей изобразительного искусства и черчения навыков конструирования изделий. Материалы за 8-я международная научно-практическая конференция «Дни науки-2012» Том 34. Прага.С8-10.

* Пути и возможности использования педагогических технологий на уроках изобразительного искусства в 5-6 классах. Материалы за 8-я международная научно-практическая конференция «Efektivni nastroje modernich ved-2012» Педагогика, Том 18. Прага. С37-41.

* Использование основных четырех элементов графики и методы их изучения. Материалы за 8-я международная научно-практическая конференция «Новейшие научные достижения»-2012. Том 17.София.С50-52.

* Первые четыре элемента вселенной. Материалы за 8-я международная научно-практическая конференция «Новейшие научные достижения»-2012. Том 17.София.С41-43.

* Интеграция предметов, как одно из средств активизации познавательной деятельности школьников. Материалы за 8-я международная

научно-практическая конференция «Европейская наука XXI века-2012» Том 8. Przemysl. Nauka i studia. C37-39.

* Дидактическая игра как одна из технологий обучения изобразительному искусству. Материалы за 8-я международная научно-практическая конференция «Европейская наука XXI века-2012» Том 8. Przemysl. Nauka i studia. C37-35

* Актуальность использования педагогических технологий в преподавании изобразительного искусства. XXXI Международная научно-практическая конференция «Пути преодоления кризисных явлений в педагогике, психологии и языкознании»/II этап первенства по филологическим наукам, III этап первенства по педагогическим, психологическим наукам

* Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін графика өнеріндегі көркем шығармашылыққа оқыту. Материалы за 8-я международная научно-практическая конференция. «Новини на научния прогрес», 2012. Том 5. София. «БялГРАД-БГ» C39-43.

* Первые четыре элемента вселенной. Материалы VIII международной научно-практической конференции. Теоретические и методические проблемы современного образования. Том 2, Москва, 2012. C181-183

* Пути и возможности использования педагогических технологий на уроках изобразительного искусства в 5-6 классах. Материалы международной заочной научно-практической конференции. Филология, искусствоведение и культурология: актуальные вопросы и тенденции развития. Часть II. Новосибирск, 2012. C63-67

* Условия развития дивергентного интеллекта студентов ХГФ на занятиях по композиции. «Әуезов оқулары-11 «Қазақстан білім қоғамы жолында: ғылым, білім және мәдениет дамуындағы инновациялық бағыты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Том 3. М.Әуезова ат.ОҚМУ. Шымкент.

* Формирование поликультурной личности школьника средствами учебного предмета изобразительное искусство. Международный научный журнал. Душанбе, 2012.122-124с.

* Болашақ бейнелеу өнері мамандарын өрнек өнері арқылы көркем шығармашылыққа дайындаудың мүмкіндіктері. «Әуезов оқулары-11», «Қазақстан білім қоғамы жолында: ғылым, білім және мәдениет дамуындағы инновациялық бағыты» атты ХГПК. Том 3. М.Әуезова ат.ОҚМУ. Шымкент, 2012, 7-10б.

* Графиканың негізгі төрт элементі арқылы жұмыс жасау жолдары. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН, ЖАҢА ҰСТАЗ, ЖАҢА ҰРПАҚ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. ОҚМПИ, 2012. 125-127б.

* Ұлттық реңктерді қолдану – халықымыздың көне дәстүр көріністері. «КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕГІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» атты ОҚМПИ 75 жылдығына арналған Республикалық ғылыми –тәжірибелік конференциясы, Шымкент, 2012

* Условия развития дивергентного интеллекта студентов ХГФ на занятиях по композиции. «Әуезов оқулары 11» Қазақстан білім қоғамы жолында : ғылым, білім және мәдениет дамуындағы инновациялық бағыттары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Шымкент. 2012ж. 7-11б.

* Жоғары оқу орындарында графиканы оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері. Монография. М.Әуезов ат. ОҚМУ, 2012ж.

* Пути и возможности использования педагогических технологий по ИЗО. Монография. LAP LAMBERT Academic Publishing is a trademark of: AV Akademikerverlag GmbH & Co. KG. 2012г. Germany.100с.

* Графика материалдарының технологиясы. Әдістем. нұсқау. Графика үйірме жұмысын ұйымдастыру. Шымкент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2012ж.

* Сәндік өнер. Оқу құралы. ОҚМПИ, Шымкент қ. 2012

* Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқулық. ҚР БҒМ ОӘК-мен ОҚМПИ, Шымкент, 2013 ж. 408б.

* Жоғары оқу орындарында графиканы оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері. Монография. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент. 2013ж. 200б

* Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Әдістемелік Нұсқау. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ. 2013ж. 75б.

* Бейнелеу өнерінің теориясы мен тарихы. Оқу құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ. 2013ж. 100б.

* Сәндік қолданбалы өнер. Оқу құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ., 2013ж. 100б.

* Материалдарды өңдеудің технологиясы. Оқу құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ. 2013ж. 100б

* Бейнелеу өнері көрнекілік құралдарын жасау және құрастыру «Ою-өрнек». Әдістемелік құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ. 2013ж. 84б

* Интеграция предметов, как одно из средств активизации познавательной деятельности школьников. II Международная научно-практическая конференция Художественное образование и эстетическое воспитание в Евразийском образовательном пространстве г.Астана 2013г.

* Өнертанушы-ғалым, суретші-журналист, ұстаз Қ.Болатбаевтың «Көкжиек және кеңістік» атты жеке тұлғалар туралы. II Международная

научно-практическая конференция Художественное образование и эстетическое воспитание в Евразийском образовательном пространстве г.Астана, 2013г.199-203б.

* Мектепте 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайындағы бейнелеу өнерін оқыту мәселелері. «Байтанаев оқулары-1: Халықаралық білім беру кеңістігіне қазіргі кезеңдегі педагог мамандарды даярлау үрдісін интеграциялау мәселелері» атты Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция. Шымкент, 2013ж.

* Гравирлеу. Оқу құралы. ОҚМПИ, Шымкент қ. 2013ж

* Музыкалық-эстетикалық білім беруде оқушылардың вокалды әншілік қабілетін арттыру. Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы. ХАБАРШЫСЫ. 1 (2) 2014ж. 65-70 б.

* Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа оқыту жолдары. Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы. ХАБАРШЫСЫ. 1 (2) 2014ж. 70-75 б.

* Бастауыш сынып оқушыларына музыкалық фольклор арқылы рухани тәрбие беру. Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы. ХАБАРШЫСЫ. 1 (2) 2014ж. 75-81 б.

* Бейнелеу өнері сабағында педагогикалық технологияларды қолдану мүмкіндіктері мен жолдары. Монография. «Әлем» баспасы», «Сырдария» университеті, Жетісай қ. 2015ж

* Графика. Төрт элемент. Оқулық. «Әлем» баспасы, «Сырдария» университеті, Жетісай қ. 2015ж.

* «ART PEDAGOGICS IN COMPUTER GRAPHICS» Международная научно-практическая конференция, Латвия, г. Резекне 22-23 май 2015г.

* «THE APPLICATION OF FIGURATIVE ARTS CAPABILITIES IN THE ART – PEDAGOGICAL ACTIVITY OF TEACHER» 7 th World Conference on Educational Sciences, 05-07 February 2015 6 Athens6 Greece.

* Проблемы в обучении изобразительному искусству детей 10-15 лет. «КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Е.Бөкетов ат. ҚарМУ. Қарағанды, 2015

* Сәндік қолданбалы өнерін жаңа технологияларды қолдану арқылы бейіндік оқыту. «КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Е.Бөкетов ат. ҚарМУ. Қарағанды, 2015

* Ұлттық қол өнерінде оқушыларды бейіндік оқыту арқылы кәсіпке баулу. «КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ. Қарағанды, 2015

* Өрнек өнеріндегі Ж.Балкеновтің көркем шығармашылығы. «КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты ХҒТК Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ. Қарағанды, 2015

* Бейнелеу өнерін оқытуда педагогикалық технологияны қолданудың өзектілігі. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ. 2015ж. 120б

* Қазақстанда суретші ұстазды дайындау: кеше, бүгін, ертең. ЕНУ имени Л.Н. Гумилева Российская академия образования. Ұлы дала және еуразиялық құндылықтар: көркем білім мен эстетикалық тәрбие атты ХҒПК, Астана, 2015

* Мектепте бейнелеу өнерін оқыту-өмір талабы. ЕНУ имени Л.Н. Гумилева Российская академия образования. Ұлы дала және еуразиялық құндылықтар: көркем білім мен эстетикалық тәрбие атты ХҒПК, Астана, 2015

* Использование на уроках изобразительного искусства современных педагогических технологий. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева Российская академия образования. Ұлы дала және еуразиялық құндылықтар: көркем білім мен эстетикалық тәрбие атты ХҒПК, Астана, 2015

* Организация игр на уроках изобразительного искусства в 5-6 классах. «Ұлы дала топырағын ұлықтайық: көркем эстетикалық тәрбие» тақырыбы аясында «Қазақстанда суретші ұстазды дайындау: кеше, бүгін, ертең» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясы, ОҚМПИ, Шымкент, 2016

* Халық мұрасындағы ұлттық бейнелеу өнерінің тәрбиелік мақсаты. «Ұлы дала топырағын ұлықтайық: көркем эстетикалық тәрбие» тақырыбы аясында «Қазақстанда суретші ұстазды дайындау: кеше, бүгін, ертең» атты РҒПК, ОҚМПИ, Шымкент, 2016

* Мәдени мұрасындағы ұлттық өрнек пен реңктердің танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мақсаты. «Байтанаев оқулары-4: Қазақстанда заманауи білім беру болашағы: реформалар және даму» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ОҚМПИ, Шымкент, 2016

* Бейнелеу өнерін оқытуда ән-куй сабағымен интеграциялау мүмкіндіктері. «Бектаев оқулары-2» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ОҚМПИ, Шымкент, 2016

* Академиялық сурет. Абай атындағы ҚазҰПУ, РОӘС, Алматы, 2016

* Академиялық кескіндеме. Абай ат. ҚазҰПУ, РОӘС, Алматы, 2016

* Композиция. Абай атындағы ҚазҰПУ, РОӘС, Алматы, 2016

* Ұлттық ою-өрнек. Шымкент, ОҚМПИ, 2016

* «Четыре элемента составляющее основу вселенной» «Қазақ суретшісі Ғани Иляевтың туылғанына 100 жыл» атты РҒТК. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, 2016

* Ұлттық реңк-халқымыздың көне дәстүр көрінісі. «Қазақ суретшісі Ғани Иляевтың туылғанына 100 жыл» атты РҒТК. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, 2016

* Педагогикалық оқыту үдерісіндегі интеграция. «5 Боранбаев оқулары: Көркем білімдегі инновациялық технологиялар: мәселелер, тәжірибе, келешегі» Қазақ ҰӨУ, ХҒТК, Астана, 2016

* Кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі жоғары жаңа тұрпаттағы педагог-суретші мамандарды даярлау. «Байтанаев оқулары-4: Қазақстанда заманауи білім беру болашағы: реформалар және даму» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ОҚМПИ, Шымкент, 2016

* Қазақстанда суретші ұстазды дайындау: кеше, бүгін, ертең. «Художественное образование и эстетическое воспитание в евразийском образовательном пространстве» Международная научно-практическая онлайн – конференция, Университет Туран Астана, 2016

* «Ұлы дала топырағын ұлықтайық» атты Халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумы. Каталог. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент қ. 03-04 қараша 2016ж.

* Ұлттық реңктер-сабақтас мәдени сұраныстың ұлы заңдылығы. «Төлеген Айбергенов аңсаған әлем» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ОҚМПИ, Шымкент, 2016

* Бейнелеу өнері сабағында педагогикалық технологияны қолданудың өзектілігі. ОҚМПИ ХАБАРШЫСЫ ғылыми –педагогикалық журнал №2 (08) 2016

* Этнокультурные технологии обучения в преподавании изобразительного искусства в 5-6 классах. Международный научно-практический журнал «The Vanguard of Science» №3 (4) 2017г.

* Ұлттық құндылыққа негізделген көркем білім. «Төртінші өнеркәсіптік революцияға 10 қадам: Адами капиталды дамыту мүмкіндіктері» ХҒТК ғылыми мақалалар жинағы. 2018

* Көркем білім беру саласы бейнелеу өнері мамандарының қоғамдағы орны. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ» ОҢТҮСТІК Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 2018

* Болашақ дизайнер мамандықтарының іскерлік қабілеттерін қалыптастыру. «АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЖАСТАР» атты

студенттердің дәстүрлі республикалық VII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 2018

* Көркем білім нәтижесі - көркем еңбек немесе мектептегі бейнелеу өнерінің қазіргі жағдайы. Ұлттық және ғаламдық педагогикалық білім беру контекстінде: мәселелері, тенденциялары мен келешегі» атты ХҒПК материалдары. Абай ат. ҚазақҰПУ. 27-28 ақпан 2018 ж.

* Қазақстан бейнелеу өнері ғылымымен көркем шығармашылығы. Ұлттық және ғаламдық педагогикалық білім беру контекстінде: мәселелері, тенденциялары мен келешегі» атты ХҒПК материалдары. Абай ат. ҚазақҰПУ. 27-28 ақпан 2018 ж.

* Основные тенденции развития живописи казахстана. Ұлттық және ғаламдық педагогикалық білім беру контекстінде: мәселелері, тенденциялары мен келешегі» атты ХҒПК материалдары. Абай ат. ҚазақҰПУ. 27-28 ақпан 2018 ж.

* Интегрированные уроки изобразительного искусства в 5-6 классах. Путь науки Международный журнал, №3(49),2018

* Графика өнері арқылы мәдени құндылықтары жаңғырту.«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ ӨНЕР МЕН БІЛІМ» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы II БӨЛІМ Шымкент, 2018ж.

* Ұлттық қолөнер арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. «ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясы. Silkway I ТОМ 16 қараша Шымкент, 2018ж

* Мәдени мұрадағы түр мен түстің көркемдік ерекшеліктері. ҚР ҚОЛ ӨНЕР САЛАСЫНЫҢ ҚАС ШЕБЕРІ БИБАЖАР СИМОВАНЫҢ «ӨМІРІМ ӨНЕРІМ» атты аймақтық ғылыми практикалық конференциясының материалдары 2018ж

* Тастағы бедерлердің стильдік даму ерекшеліктері. Абай атындағы ҚазҰПУ «ХАБАРШЫ» журналы «КӨРКЕМӨНЕРДЕН БІЛІМ БЕРУ: ӨНЕР-ТЕОРИЯСЫ-ӘДІСТЕМЕСІ» сериясы 2(59),2019

* Мектепте көркем еңбек пәнін оқытудың проблемалары және мүмкіндіктері. Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, және мәдениет және спорт институтының 50- жылдық мерейтойына арналған «ҰЛЫ ДАЛА ҚЫРЛАРЫ: ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕГІ КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ» атты Халықаралық Арт-Форум 10-11 қазан, Алматы 2019ж

* Тастағы бедерлердің стильдік даму ерекшеліктері. Абай ат. Қазақ ҰПУ, ХАБАРШЫ. «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы, 2(59),2019

* Құрасбек Тыныбековтің шығармаларындағы ұлттық құндылыққа негізделген төрт элемент. Абай ат. Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, ХАБАРШЫ. «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы, 3(64),2020

* Ұлттық өнер арқылы студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерей тойына арналған « Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл Фарабидің ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИ ӘЛЕМІ» атты ХҒТК жұмысының ғылыми мақалалар жинағы №1 бөлім 2020ж

* Шығармашылық туындыдағы композициялық орталық ролі. Абай Құнанбаев 175 жылдығына арналған Байтанаев оқулығы 8 «АБАЙ МҰРАСЫ ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының бағдарламасы I ТОМ Шымкент 2020ж

* PREPARATION OF THE FUTURE PEDAGOGUE-PSYCHOLOGIST FOR INNOVATIVE ACTIVITIES IN THE ENTREPRENEURIAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT OF THE UNIVERSITY. JOURNAL OF TALENT DEVELOPMENT AND EXCELLENCE. NOME/ Archives/ VOL. 12 No. 1 (2020): Issue/1/ Articles

* Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтар қашанда келер ұрпаққа мұра. АБАЙ ат. ҚазҰПУ «ХАБАРШЫ» журналы «Көркемөнерден білім беру: өнер- теориясы-әдістемесі» сериясы 3(64),2020 172-177б.

* Көркем шығармашылық мәдениетін дамыту арқылы жас ұрпақтың өнертану түсініктерін жаңғырту. ОҚМПУ «Тәуелсіздік және тарихи тұлға» атты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына және Абылай ханның 310 жылдығына арналған ХҒТК, I ТОМ Шымкент, 2021ж

* Evaluating creative drama studies in virtual museums with teacher opinions. World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 13, Issue 4, (2021) 980-993

* Preparing pedagogue-psychologist for innovative activities in the entrepreneurial educational environment of the university. Cypriot Jurnal of Educational Sience. 17(3) (2022) 942-957

* Хас шебер Бибіажаар Симова шығармашылығындағы ұлттық дәстүрлі өнер. Вестник Торайгыров университет, Педагогическая серия, №4. 2021

* Оспанов Айнабек Мыңжасарұлының шығармашылығы. АБАЙ ат. ҚазҰПУ «ХАБАРШЫ» журналы «Көркемөнерден білім беру: өнер- теориясы-әдістемесі» сериясы 2(67),2021.86-91б.

* Батухан Баймен шығармашылығының жаңашылдығы. АБАЙ ат. ҚазҰПУ «ХАБАРШЫ» журналы «Көркемөнерден білім беру: өнер- теориясы-әдістемесі» сериясы 2(67),2021.76-82б.

* Дизайнын жобалау арқылы экологияны жаңғырту. АБАЙ ат. ҚазҰПУ «ХАБАРШЫ» журналы «Көркем өнерден білім беру: өнер- теориясы- әдістемесі» сериясы 2(67),2021.82-86б

* ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҚ мерекесіне арналған «МӘДЕНИ МҰРА» атты Халықаралық суретші- педагогтер симпозиумы, 24-26.11. 2021 ж. Каталог. Тәуке хан даңғылы, 5, М.Әуезов атындағы ОҚУ

* Б.Симованың шығармашылығы арқылы болашақ педагогтерді ұлттық дәстүрлі өнерге баулу. Вестник Торайгыров университет, Педагогическая серия, №3. 2022. Павлодар, 369-379 стр.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КӨРМЕЛЕР, ФОРУМДАР, СИМПОЗИУМДАР ТІЗІМІ

* Ұлы отан соғысына 67 жыл, Л.Гумилевтің туғанына 100 жыл толуына орай «Қахармандарға тағзым» атты халықаралық сурет көрмесі. Астана қаласы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2012ж. Сертификат.

* Тәуелсіздікке 25 жыл мерейіне «Ұлы дала топырағын ұлықтайық» Халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумы. Шымкент қаласы, ОҚМПУ 03-05 қараша 2016ж. Диплом.

* Тәуелсіздікке 25 жыл мерейіне «Ұлы дала топырағын ұлықтайық» Халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумы. Шымкент қаласы, ОҚМПУ 03-05 қараша 2016ж. Облыстық бейнелеу өнері музейі. Ұйымдастышы. Каталог

* INTERNATIONAL COMPETITION «KINGDOM ART STARS» THE OFFICIAL INTERNATIONAL COMPETITIONS IN EUROPE. LONDON THE UNITED KINGDOM OF GREAT BRITAIN AND NORTHERN IRELAND 20-24 february 2016. DIPLOMA

* INTERNATIONAL COMPETITION WINTER SONANA. ANDORA LA VELLA. JANUARY 14. 2017. DIPLOMA

* Халықаралық Арт-симпозиумы. Шымкент қаласы, ОҚМПУ. 2019ж. Сертификат

* «Ұлы дала қырлары: заманауи кезеңдегі көркем білім беру» Халықаралық Арт-форум. Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазақҰПУ, 2019ж. Сертификат

* Қазақстан суретшілерінің «Достығымыз жарасқан» атты халықаралық көрме «Яссауи кесенесі»көнеп,м.б. 50х70. Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласы орталық бейнелеу өнері музейі, 2019ж. Сертификат

* INTERNATIONAL COMPETITION EURO GRANT PRIX IN PARIS. Of merit for culture and art7. Paris. Republique francaise-January 01.2020. DIPLOMA

* XIII Всероссийский межвузовский конкурс УЧЕБНЫЙ РИСУНОК. ТВОРЧЕСКАЯ ГРАФИКА. РОСТОВ-НА-ДОНУ 2021г. Академия Архитектура и искусства. Диплом

* Международной ретроспективной выставке. Балалық шақ. Евразийский союза дизайнеров. Астана, 2021г. Диплом

* Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған «Мәдени мұра» атты халықаралық суретші –педагогтер симпозиумы. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 2021ж. Сертификат

* Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған «Мәдени мұра» атты халықаралық суретші –педагогтер симпозиумы.. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 2021ж. II Дәрежелі диплом

* VII Международной выставки –конкурса художников преподавателей творческих направлений и средних профессиональных учебных заведений. ТВОРЧЕСКАЯ ОСЕНЬ -2022. Санкт-Петербургского союза художников и дизайнеров. Санкт-Петербургский государственный университет промышленных технологий и дизайна. 2022г. Диплом I степени

* 1.ҚР Еңбегі сіңірген қайраткері А.Тұрсыновтың бейнесі. 2. «40 ҚЫЗ» 3. «Әйел бақыты» «ЖЕТІСУ ПАЛИТРАСЫ» атты халықаралық пленэр. Талдықорған. Жансүгіров ат. Жетісу университеті, 2022ж. Каталог

* Международной зимней школе «Autzov Universty International Winter School - 2023» Современные тренды педагогического образования: изобразительного искусство, художественных труд и профессиональное обучение. Шымкент қаласы, Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 2023 «Жетасар» галереясы. Благодарственное письмо

* Международной летней школе-пленэр «Палитра Жетысу» В качестве руководителя г.Талдықорған, 2022. Жетысу университет им. Жансугурова. Ұйымдастыру-шы, төраға

* Международного творческого Симпозиума «ASTANA. ART. EN PLENER FIR.» посвященного 5-летию Международного университета Астана. Астана. Сертификат

* Международного творческого Симпозиума «ASTANA. ART. EN PLENER FIR.» «Художественное образование – состояние, тенденции и перспективы: Российский и зарубежный опыт» мастер-классе по пленэру и композиции. Астана. Сертификат

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КӨРМЕЛЕР

* Республикалық көрме. «ҚҰТ МЕКЕНІМ - ОҢТҮСТІК». Оңтүстік Қазақстан облысы, Көркемсурет галереясы. 25.09.2012ж. Сертификат

* ЖОО арасында VI – Республикалық пәндік олимпиадасында Бейнелеу өнері және сызу мамандығы. Абай ат. ҚазақҰПУ, II орын грамотасы Алматы қаласы, 2014ж. Грамота

* Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Ұрпаққа аманат» республикалық көрме.

* Графика туындылары. Талдықорған қаласы, Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2015ж. Алғыс хат

* «Оңтүстік Реңктері» атты республикалық шығармашылық көрмесі. «Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі» МКҚК көрме залында. 2018. Алғыс хат

* Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы арналған республикалық көрме. Астананың 20 жылдығына орай өткізілген ОҚО Бейнелеу өнері музейінің жылдық қорытындысы. 2018ж. Сертификат

* Республикалық көрме. «Балалық шақ» 40х40, «Талпыныс» 40х40 графика туындылары. Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі. Алматы, 4.05. 2018. Мертификат

* Республикалық көрме. «Балалық шақ» 40х40, «Талпыныс» 40х40 графика туындылары. Түркістан облысы суретшілерінің көрмесі «Шырайлы Шымкент-Киелі Түкістан». 2019. Сертификат

* «Сәулет,құрлыс және әрлендіру» Шымкент қалалық әрлеу және безендіру орталығы. Шырайлы Шымкент қаласын көркемдеу мен қаламыздағы өтіп жатқан мәдени іс-шара. Мақтау грамотасы

* I Международный творческий фестиваль. АРТ-ПРОСТРАНСТВО «ВАРТА» Россия. Нижневартровский государственный университет. 2020. Диплом I степени

* III Международный творческий фестиваль. АРТ-ПРОСТРАНСТВО «ВАРТА» Россия. Нижневартровский государственный университет. 2020. Диплом II степени

* IV Международный творческий фестиваль. АРТ-ПРОСТРАНСТВО «ВАРТА» Россия. Нижневартровский государственный университет. 2020. Диплом I степени

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР,
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАР, БАЙҚАУЛАРҒА
ДАЙЫНДАҒАН ШӘКІРТТЕРІМ:**

* I Республиканском конкурсе рисунков и поделок НА КРЫЛЬЯХ НЕЗАВИСИМОСТИ. Алматы, 2017. Центр интеллектуального и творческого развития «QazGeniosWorld» Шалабай Еркінай

* I Республиканском конкурсе рисунков и поделок ГОРЖУСЬ ТОБОЙ, МОЙ КАЗАХСТАН. Алматы, 2017. Центр интеллектуального и творческого развития «QazGeniosWorld» Ақылбаев Үсен

* I Республиканском конкурсе рисунков и поделок ГОРЖУСЬ ТОБОЙ, МОЙ КАЗАХСТАН. Алматы, 2017. Центр интеллектуального и творческого развития «QazGeniosWorld» Тишкенбаев Алибек

* ЖОО арасында Республикалық пәндік олимпиадаға студенттер дайындағаны үшін. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 16-17.03.2017ж. III Дәрежелі Дипл. Мұратхан А., Тулепберген К

* ЖОО арасында республикалық пәндік олимпиада, Графика мамандығы бойынша III дәрежелі диплом. Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2018ж. II Дәрежелі диплом Ергешов Арман

* I Республиканском конкурсе рисунков и фото рисунков «Рождение Весны». Алматы, 2018 г. Центр интеллектуального и творческого развития «QazGeniosWorld. Диплом 1 Место Ертай Салима

* I Республиканском конкурсе рисунков и фото рисунков «Лучший день весны» 1 место. Алматы, 2018г. Центр интеллектуального и творческого развития «QazGeniosWorld» 2 Диплом 1 Место, Шалабай Еркінай

* «Үздік жастар – 2020» премиясының «Жас суретші» номинациясының иегері. Шымкент қаласының әкімі. 2020ж. Диплом 1 степ. Бекболатов А.

* III Международное книжное издание «Лучший студент - 2021» ОФ Международная ассоциация молодых ученых. г. Нур-Султан, 2021. Диплом Бекболатов А.

* Всероссийский конкурс искусств и творчества. Изобразительное и Декоративно-прикладное искусства. Московский продюсерский центр «EVENT ARENA MOSCOW» г. Москва, 2021. Диплом лауреат I степ. Бекболатов А

* XIII Всероссийский межвузовский конкурс «Учебный рисунок. Творческая графика». РОССИЯ. Академия архитектуры и искусств. РОСТОВ-НА-ДОНУ 2021. Диплом I степени Пернебай Мерей

* Қазақстан Республикасы үкіметінің «ДАРЫН» жастар сыйлығының лауреаты. Дизайн және бейнелеу өнері. Астана, Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, 2021. Диплом Лауреат Бекболатов А.

* БАЛАЛАР ЖЫЛЫ 2022. Республикалық байқау. Астана. Республикалық қосымша білім беру орталығы. 2022 ж. I дәреже Диплом. Алтынбек Анула

* «Мир вдохновения» онлайн конкурсе Диплом 1 сепени. РФ Уфимский университет науки и технологий. 2023г. Диплом I степени Бекболатов А.

FESTIVAL CONTEST. INTERNATIONAL ARTISTIC DAYS . Volgograd. 2022. DIPLOMA

* Международный летней школе-пленэр «Палитра Жетысу» в качестве Руководителя «Учебной практика (пленэр)» объемом 4 ECTS. Посвященной 50-летию Жетысуского университета имени И.Жансугурова .2022 г. Сертификат. Бекболатов Атабек

* English Language Olympiad among Students of Art Educational Institutions. Respublic of Kazakhstan. .K.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. 2022. Сертификат. Кендір Индира

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР




«Шешіріші» Линогравюра. 40х40, 1991



«Балалық шақ» Линогравюра. 40х40, 1991



«Талпыныс» Линогравюра. 40x40, 1991



«Автопортрет» кенеп, м.б. 50x70, 1998



«Арыстың жағасында» кенеп, м.б. 50x70



Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер... демекші кіші ұлым Айбарс түсті ермек сазды илеп, шығармашылық жұмыс жасап жүр

V БӨЛІМ.

ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯН

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы - Педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Өнер профессоры, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі, ҚР ЖОО-ың Үздік оқытушысы, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі

Жолдасым: Нұржанова Гүлмира Әбдісаламқызы - Педагогика ғылымдарының кандидаты, Әдіскер



**Солдан оңға қарай. Ұлым Айсұлтан, қызым Айсұлу,
жұбайым Гүлмира, кіші ұлым Айбарс**

Ұлдарым:

Айдар – Бейнелеу өнері және сызу магистрі. Университетте оқытушы.
Жұбайы – Ұлжан. Ұл-қыздары: Дініслам, Сымбат, Ақылжан, Абылай
Сұлтанбек–Димерел университетінің түлегі, бағдарламашы. Алматы қ.
Сағидулла – Қазақ ТРАНСГАЗ менеджері, магистр Астана қ. Ұлдары:
МұхаметАли, Нұрахмет

Дастан – Қазақ-австрия университетінің түлегі, бағдарламашы.

Айсұлтан – Медиа-менеджер, М.Әуезов ат. ОҚЗУ Шымкент қ.

Айбарс – «Сәулет» мамандығының 1 курс студенті, М.Әуезов ат. ОҚЗУ

Қызым:

Айсұлу – 8 П сынып оқушысы, №23 Лицей-мектебі, Шымкент қ.

Мен, 1966 жылы 24 қаңтар Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, Жиделі ауылында жұмысшы жанұясында дүниеге келген. 1972-1982 жылдары Келес ауданына қарасты «Большевик» орта мектебін үздік бітіріп, 1982-1983 жылы Келес ауданы 22 п/с атындағы мақта жинау пунктінде жұмысшы болып істеген.

Әкем: Тәңірбергенұлы Жұматай (1938-2009ж.) 1938 жылы 1 мамырда Келес ауданы, Жиделі ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Орта мектепті бітіріп ауыл шаруашылық саласында қызмет істей жүріп, Шымкент педагогикалық институтының физика - математика факультетін бітірген. Өмірін білім беру саласына арнап мұғалім, местком, партком, мектеп директоры қызметтерін абыроймен атқарған. Соңғы 30-жылға жуық «Большевик» орта мектебінің директоры қызметінде жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Мектепке Тәуелсіздік алған жылдары Алаш қайраткері Т.Рыскулов мектеп аталуына аянбай еңбек етті. Білім саласында атқарған адал қызметі үшін «Ы.Алтынсарин» медалімен және «Қазақстан Республикасының ағарту ісі үздігі» медалі және алғыс хаттар мен мақтау қағаздарымен марапатталған.



Анам: Тәңірбеген келіні Жақсыгүл Құлматқызы 10 бала тәрбиелеп, еліне, ауылына қадірменді келін, батыр ана, облысқа 2-рет, ауданға 3 рет депутат болған жан. Жанұяда 4-ұл бала, 6-қыз бала тәрбиелеп, қырыққа жуық немерелер сүйген.

Әпкем: Батима Жұматайқызы (1962-2002ж.) - Шымкент педагогикалық институтының физика - математика факультетін бітірген. «Большевик» орта мектебінде мұғалім болып, 3 -қыз 2- ұлы бар .

Әпкем: Әтіргүл Жұматайқызы – збекстан мемлекетіндегі, Ангрен медициналық училищесін бітіріп, медбике мамандығын алған. Көп жылдан бері ауруханада еңбек етеді. Жұбайы Жанұзақ екеуінен 2-қыз, 1-ұлы бар.

Інім: Демеу – Ауылшаруашылық техникумын бітіріп, өз мамандығымен жұмыс істеп келеді, 2-қыз, 2-ұлы бар.



Оңнан солға қарай Демеу інімнің екінші ұлы Дінмұхамбет, кіші қызы Динара, Жұбайы Рабиға, Үлкен ұлы Дәулеттің үәігдегі келін Мереке, Үлкен ұлы Дәулет, інім Демеу, үлкен қызы Айдана, менің үлкен ұлым Айдар, Айдардың жұбайы Ұлжан.

Інім: Әділбек - ШПИ, физика - математика факультетін бітірген. Техника ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Гумилев ат. ЕҰУ-де кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. 2-ұл, 1-қызы бар.

Қарындасым: Бағыла – ШПИ, физика - математика факультетін бітірген. Мектепте мұғалім, жұбайы Бахыт екеуінде 6-ұлы бар.



Солдан оңға қарай ұлы Нұрсұлтан, қарындасым Бағила, жолдасы Бахыт, немересі, екінші ұлы Бекзат, егіздің сыңары Нұрислам, үлкен ұлы Бағлан жұбайымен.

Інім: Асқар – Мектепте мұғалім, 3- ұлы, 3-қызы бар



Солдан оңақарай үлкен ұлы Айдын, інім Асқар, келінім Бақтыгүл, үлкен қызы Назерке, күйеу бала, ортаншы қыз Батима, кіші қызы Аружан, ортада кенжетай Нұрасыл

Қарындасым: Нұрила – Шымкент медициналық училищесін бітіріп, қалалық ауруханада медбике болп қызмет етеді. Жұбайы Асқар екеуінің 3-қыз, 1 ұлы бар.



Солдан оңға қарай Ұлы Бекарыс, кіші қызы Жансұлу, күйеу бала Асқар, қарындасым Нұрила, ортаншы қызы Назыгүл, үлкен қызы Сағыныш

Қарындасым: Камшат - Шымкент педагогикалық институтының «Биология» мамандығын бітірген. Өз мамандығы бойынша қызмет етіп келеді, жұбайы Нұрлыхан екеуі 4-қыз, 1 ұлы бар.



Алдыңғы қатар Нұрлыхан күйеу бала, кіші қызы, үшінші қарындасым Кәмшат, оң жақтан үлкен қызы Зәуре, ұлы Рамазан, екінші қызы, шұғыла.



Кенжетай қарындасым Ақерке, күйеубала Нұржан

Қарындасым: Ақерке – М.Әуезов ат. ОҚМУ-нің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітіріп. Мектепте мұғалім болып қызмет етеді. Жұбайы Нұржан екеуінен 5 ұлы бар.

VI БӨЛІМ.

МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТИМ

1972-1982 жылдары Келес ауданына қарасты «Большевик» орта мектебін үздік бітіріп, 1982-1983 жылы Келес ауданы 22 п/с атындағы мақта жинау пунктінде жұмысшы болып істедім.

1983-1990 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты, Көркем сурет және графика факультетінің «Сурет, сызу және еңбек» мамандығын бітіріп Сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі біліктілігін алдым.

1984-1986 жылдары СА қатарындағы борышымды өтедім.

1990-1991 жылы ОҚО Келес ауданына қарасты «Большевик» орта мектебінде сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі болып жұмыс атқардым.

1991-1995 жылы Қ.А.Иассауи ат. ХҚТУ-нің Шымкент педагогикалық институты, Көркем сурет және графика факультетінің «Сурет» кафедрасында оқытушы;

1995-2005 жылдары М.Әуезов ат. ОҚМУ-нің «Сурет және Кескіндеме» кафедрасының аға оқытушысы, доценті;

2005-2012 оқу жылдары М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасының меңгерішісі қызметін атқардым.

2012-2013 оқу жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шақыртуымен «Академиялық ұтқырлық және ХБ орталығының» бастығы;

2014 жылы «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі;

2015 жылы «Жаңа технология және өнер» ғылыми мектебінің директоры;

2017 жылдан «Кәсіптік-Шығармашылық» факультетінің деканы;

2020-2021 оқу жылынан Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің профессоры;

25 мамыр 2021 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы қызметін аброймен атқарып келемін.

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАСБАЛТАҚТАР

2004 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері) мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының *кандидаты ғылыми* дәрежесін, 2010 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері) мамандығы бойынша диссертациялық еңбегін сәтті қорғап педагогика ғылымдарының *докторы* ғылыми дәрежесін қорғадым.

2006 жылдан Педагогика саласы бойынша «Доцент» (қауымдастырылған профессор);

Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі (2006ж.);

ҚР ҒжЖБМ, «Өнер» мамандығы бойынша профессор. 2023 жыл 01 қараша №776.

Қазақстан Республикасының БжҒ министрлігінің 2007, 2014 жылдардың «ЖОО-ның үздік оқытушысы мемлекеттік грант иегері»;

170-тен астам ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрген, оның ішінде 4-монография, 2-оқулық, 20-оқу құралы, оның ішінде 3-оқу құралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің грант иегері, 15-әдістемелік құралдар, 20 - ЖАК тізіміндегі шет елдердің және Қазақстан ғылыми журналдарында, 5–мақала жоғары инпакфактор СКОПС ғылыми журналында, 100-ге жуық ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми практикалық конференцияларының еңбектерінде жариаланған.

Жетекшілігіммен 5-ізденушісі З.Ш.Айдарова, П.А.Абашова, Б.Айдарбек, С.Түрікпенова, Г.А.Нуржановалар педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғады. Сонымен қатар 30-дан астам «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша докторлық, магистрлік диссертациясына жетекшілік жасаған және ғылыми ізденушілерге жетекшілік жасап келемін.

Шығармашылық саласында шәкірттерім Бейнелеу өнері бойынша халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегері атанды.

Марапаттарым:

- 2015 жылы ҚР БжҒМ Ғылым саласына қосқан еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгі;

-2016 жылы Республикалық Кеңестің шешімімен «Білімге сіңірген еңбегі үшін» төсбелгі;

- 2016 жылы «ҚҰРМЕТ» қоғамдық бірлестіктің «Білім ісінің үздігі» төсбелгі;

- 2017 жылы ҚР БжҒМ «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі;

- 2017 жылдан Қазақстан Педагогика Ғылымдар Академиясының академигі.

- ОҚМПИ 80 жыл мерейінің медалі;

- 2018 жылы Дизайн саласындағы Евразия Дизайнерлер одағының медалі;

- 2019 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗЫ - 2019» атты төсбелгі;
- 2019 жылы Абай атындағы ҚазақҰПУ, Институттың дамуына қосқан үлесі үшін «Өнер, мәдениет және спорт институтына 50 жыл» мерекелік медалі;
- 2019 жыл Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан Ұйымының академигі;
- 2020 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін ҚР педагогтарының «АЛТЫН ТӨСБЕЛГІСІМЕН» марапаты;
- ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл мерейі «ӨЗ ЕЛІМ» - «МОЙ КАЗАХСТАН» көркемсуреттер сериясын құру көркемдік форумы ҚР Мәдениет министрлігінің 1 ДӘРЕЖЕЛІ диплом иегері;
- «НҰР ОТАН» Халықтық партиясының Республикалық, Облыстық, Қалалық ұйымдарының АЛҒЫС ХАТ иегері;
- 2021 жылы ҚР «Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының Білімге және ғылым саласына дамуына қосқан айрықша еңбегі үшін ҚР педагогтарының «Қазақстанның құрметті профессоры» төсбелгісі;
- 2021 жылы 24-26 қараша Халықаралық педагог- суретші симпозиумы атты жобаның авторы. М.Әуезов ат.ОҚУ. Шымкент қ.
- В 2021г. награжден благодарственным письмом в VII International Arts Festival «AMERICAS TALENTS» за развитие международных связей, фестивальной культуры и искусства в стране и в мире;
- В 2021г награжден дипломом высшей степени Евразийским союзом дизайнеров за представленные творческие работы высокого уровня в международной ретроспективной выставке;
- 2022 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» медалі;
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Өнер» мамандығы бойынша Профессор атағы берілді. 2023 жылы 1 қараша №776 бұйрық;
- 2023 жыл Әуезов университетінің 80 жылдық төсбелгісі;
- 2024 жыл ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ахмет Байтұрсынов» төсбелгісі;
- 2025 г. Награжден медалью Н.Н.Ростовцева, Международная ассоциация деятелей художественного образования г. Москва. Россия;
- ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің басшысынан, ЖОО-ның ректорларынан, Облыстық мәдениет басқармаларынан т.б. мекеме басшыларының алғыс хаттар мен дипломдармен марапатталған. Сонымен қатар халықаралық «Жігер» фестиваліне, халықаралық, республикалық, облыстық шығармашылық көрмелерге қатысушы, көптеген мақтау қағазы мен алғыс хаттардың иесі.



ҚР Білім және ғылым министрі А.Саринжилов құттықтауы



ҚР Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің құттықтауы

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Жоғары аттестациялық комитетінің
2004 жылғы 22 қазандағы шешімімен (№ 12 хаттама)

Тәңірбергенов
Медеубек Жұматайұлына
педагогика ғылымдарының
КАНДИДАТЫ
ғылыми дәрежесі берілді

Төраға
Бас ғалым хатшы

А. Құсайынов
Т. Еңжанова

Алматы

Решением
Высшего аттестационного комитета
Министерства образования и науки Республики Казахстан
от 22 октября 2004 года (протокол № 12)

Тәңірбергенову Медеубеку Жұматаевтің
присуждена ученая степень
КАНДИДАТА
педагогических наук

By the decision
of the Supreme Attestation Committee under the Republic of
Kazakhstan Ministry of Education and Science

CANDIDATE'S (Ph.D.) degree in
Pedagogical sciences
is conferred on
Medeubek Zh. Tanirbergenov
October 22, 2004

FK № 0011829

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласындағы
қадағалау және аттестаттау комитетінің
2006 жылғы 1 шілдедегі шешімімен (№ 10 хаттама)

Тәңірбергенов
Медеубек Жұматайұлына
педагогика
мамандығы бойынша
ДОЦЕНТ
ғылыми атағы берілді

Төраға
Ғалым хатшы

Б. Әбдірасқов
Т. Ділімбетова

Астана

Решением
Комитета по надзору и аттестации
в сфере образования и науки
Министерства образования и науки Республики Казахстан
от 1 июля 2006 года (протокол № 10)

Тәңірбергенову Медеубеку Жұматаевтің
присвоено ученое звание
ДОЦЕНТА
по специальности педагогика

By the decision
of the Control and Validation Committee in Education and Science under
the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
an academic title of ASSOCIATE PROFESSOR of
Pedagogics
is conferred on
Medeubek Zh. Tanirbergenov
July 1, 2006

ДЦ № 0000565

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Білім және ғылым саласындағы
бақылау комитетінің
2011 жылғы 27 қазандағы шешімімен (№ 6 хаттама)

Тәңірбергенов
Медеубек Жұматайұлына
педагогика ғылымдарының
ДОКТОРЫ
ғылыми дәрежесі берілді

Төраға
Ғалым хатшы

С. Ырсағиев
З. Жантөв

Астана қаласы

Решением
Комитета по контролю
в сфере образования и науки
Министерства образования и науки Республики Казахстан
от 27 октября 2011 года (протокол № 6)

Тәңірбергенову Медеубеку Жұматаевтің
присуждена ученая степень
ДОКТОРА
педагогических наук

By the decision
of the Control Committee in Education and Science under
the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
HIGHER DOCTORATE
Pedagogical sciences
is conferred on
Medeubek J. Tanirbergenov
October 27, 2011

FD № 0002188

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім
министрінің Ғылым және жоғары білім саласында
сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен
2023 жылғы 01 қарашаданғы № 776 бұйрық

Тәңірбергенов
Медеубек Жұматаевтің
Өнер
мамандығы бойынша
ПРОФЕССОР
ғылыми атағы берілді

Төраға

А. Шойбаев

Астана қаласы

Решением
Комитета по обеспечению качества в сфере науки и
высшего образования Министерства науки и высшего
образования Республики Казахстан
приказ № 776 от 01 ноября 2023 года

Тәңірбергенову Медеубеку Жұматаевтің
присвоено ученое звание
ПРОФЕССОРА
по специальности Искусство

By the Decision of the Committee for quality assurance in the
field of Science and Higher Education under the Ministry
of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The Title of FULL PROFESSOR in Arts
is conferred on Medeubek Tanirbergenov
November 01, 2023

PPR № 0000060




















П.ғ.д., профессор Әлмұханбетов Берікжан Айтқұлұлының құттықтауы



VII БӨЛІМ.

«БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН» КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ.

1969 жылдан бастап Шымкент педагогикалық институтында жалпы білім беретін орта мектептерге арнап «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімдерін дайындау қолға алына бастады. Физика математика факультеті жанынан құрылған «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасын аға оқытушы Е.М. Кан басқарды. Алғашқы оқытушылар қатарына Л.П. Павловский, Л.Ф. Жиликовалар болды.

Кафедраның қалыптасып дамуы барысында Одақ, Республика көлеміндегі белгілі көркем-өнер оқу орындарынан білікті мамандар шақырыла бастады. Олардың қатарында Скородин Ю.И., Почукаева З.В., Ломакин Ю.И., Халмуратов Ж.И., Тастемиров Қ.Т., Савостина Л.М. т.б. болды. Сонымен қатар кафедраның алғашқы түлектері Ералин Қ.Е., Загоденко Ю.И., Никонов Г.В., сияқты оқытушылар қызметке қалдырылды.

Студенттер құрамының артуына байланысты үш кафедрадан тұратын «Көркем, сурет және графика» факультеті болып қайта құрылды. Факультетті аға оқытушы Кәдеев И.У. басқарды. Педагогика ғылымдарының докторлары, профессорлар педагогика ғылымдарының кандидаттары: Павловский А.Л., Айдосов Ә., т.б. Суретшілерінің Одағының мүшелері көптеген халықаралық жеке Республикалық көрмелерге қатысып келеді.

Кафедра 1993 жылы «Дене тәрбие және спорт» институтының, кейіннен қайта құру барысында Оңтүстік Қазақстан гуманитарлы институттың құрамында, қазіргі таңда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Педагогикалық мәдениет және өнер институтына құрамына кіреді.

1996 жылы ЖОО-ның құрылымдық өзгерулеріне байланысты М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ның жаратылыстану-педагогика факультеті құрамында «Сурет және кескіндеме» кафедрасы болып құрылып, бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімдері осы аталған оқу орнында дайындала бастады. Кафедраны алғашқы жылдары п.ғ.к., доцент Павловский А.Л. басқарды. 1999 жылдан 2004 жылдарға дейін п.ғ.д., профессор Ералин Қ.Е., 2004 жылдан п.ғ.к., доцент Бейсенбаев С.Қ. кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

29.09.05 жылы бекітілген № 880-Л ректордың бұйрығы бойынша «Сурет және кескіндеме» кафедрасы «Кескіндеме және дизайн» және «Бейнелеу өнері және сызу» кафедраларына бөлінген. «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасында 050107 «Бейнелеу өнері және сызу», бакалавриат мамандықтары бойынша күндізгі және сырттай оқу түрлері негізінде, 6N0107 «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша магистратураға мамандар даярлайды.

2005 жылдан бері «Дизайн және сәндік өнер» кафедрасы үш мамандық бойынша кадрлар дайындайды: 5B042100 – «Дизайн, 5B041700- Сәндік өнер бакалаврларын, сонымен қатар 6M042100 – Дизайн, 6M041400 – Графика мамандықтары бойынша магистрлерді дайындайды. Кафедра меңгерушісі болып п.ғ.д., доцент С.К.Бейсенбаев, п.ғ.д., доцент Тәңірбергенов М. Ж п.ғ.к. М.Ж.Джакипбекова, п.ғ.к. Т.С.Буркитбаев, п.ғ.к. Қ.А.Жолдасбекова, филос.ғ.к. доцент, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі Болысбаев Д.С қызмет атқарды.

2015 жылдың қыркүйек айынан бастап «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасы мен «Дизайн және сәндік өнер» кафедрасы бірігіп, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы болып аталды.

Кафедра барлық талаптарға сай жауап беретін жақсы жабдықталған оқу аудиторияларымен, тігін және зергер шеберханалар және заманауи үлгідегі бағдарламалармен жабдықталған компьютерлер қамтамасыз етілген және мол натура қоры бар.

Кафедра оқытушылары мен студенттері тұрақты түрде көрмелерге қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдап отырады. Кафедра жанында «Жетіасар» көркемсурет галереясы жұмыс істейді.

Қазіргі таңда кафедрада 29 оқытушы ғылыми-ағарту, тәрбие жұмыстарымен айналысады. Олардың ішінде, 2-педагогика ғылымдарының докторы, 1-профессор, 5-педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, 1-ҚР Мәдениет қайраткері, 3- ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, 10-ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, 12- магистрі, 17-аға оқытушы және 7оқытушылар қызмет етеді.

Кафедрадағы ғылыми бағыт бойынша профессор – оқытушылар құрамы /ПОҚ/ ғылыми – практикалық және әдістемелік конференцияларға тұрақты қатысып келеді.

Кафедра өз жұмысын жақсарту мақсатында Республикамызбен Ресей, Өзбекстанның алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының көркем графика факультеттерімен байланысын арттырып, тығыз бірлестікте жұмыс істеуде. Білім беру бағдарламасы «Дизайн» іске асыру университетінің миссиясына сәйкес жүзеге асырылады және іргелі білімі бар жаңа формацияның бәсекеге қабілетті мамандарды, инновациялық тәсілдерді, дизайн, бейнелеу өнері, сәндік өнер және кесіндеме саласында, ғылыми, оқу, кәсіптік және тәжірибелік іс-әрекеті үшін ғылыми-зерттеу дағдыларын дайындау.



ФАКУЛЬТЕТ ТАРИХЫ

«Мәдениет және өнер» факультеті бұрынғы Әль-фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институты мен М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының мәдениет, өнер, педагогикалық мамандықтары негізінде құрылған.

Мәдениет. Қазақстан компартиясы Орталық комитеті мен Қазақстан Министрлер Кеңесінің 1967 жылғы 11 сәуірдегі №230 қаулысы бойынша республиканың мәдениет мекемелеріне жоғары білікті мамандар мен жалпы білім беретін мектептерге музыка пәнінің мұғалімдерін даярлау мақсатында Шымкент қаласында Қазақстан мен Орта Азияда бірінші педагогикалық мәдениет институты ашылды. Институттың алғашқы ректоры қызметіне философия ғылымдарының кандидаты, мәдениеттану ғылымының дамуына көп үлес қосқан ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Сәдуахас Темірбеков тағайындалды. Оқу орны білім мен ғылыми жетістіктері бойынша аз жылдарда Қазақстанда ғана емес, Одаққа белгілі оқу орнына айналды. Жаңадан ашылған институтқа Кеңес Одағының орталық үлкен қалаларындағы мәдениет институттары мен консерваториялардан жас мамандар шақырылып, олар институттың өркендеуіне өз үлестерін қосты.

1975 жылы институтқа Шығыстан шыққан ұлы ойшыл, энциклопедист – ғалым Әбу Насыр Мухаммед әл-Фарабидің аты берілді. 1978 -1996 жылдар аралығында институтты экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Мүтән Жүнісбаев басқарды. Өнер кафедраларының ұстаздары мен студенттері арасынан халықаралық және республикалық конкурстар мен

фестивальдардың лауреаттары, дипломанттары, ҚР еңбек сіңірген әртістер мен қайраткерлер шықты.

Өнер. 1969 жылдан бастап Шымкент педагогикалық институтында жалпы білім беретін орта мектептерге арнап «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімдерін дайындау қолға алына бастады. Физика математика факультеті жанынан құрылған «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасын аға оқытушы Е.М. Кан басқарды. Алғашқы оқытушылар қатарына Л.П. Павловский, Л.Ф. Жиляковалар болды. Кафедраның қалыптасып дамуы барысында Одақ, Республика көлеміндегі белгілі көркем-өнер оқу орындарынан білікті мамандар шақырыла бастады. Олардың қатарында Скородин Ю.И., Почукаева З.В., Ломакин Ю.И., Халмуратов Ж.И., Тастемиров Қ.Т., Савостина Л.М. т.б. болды. Сонымен қатар кафедранның алғашқы түлектері Ералин Қ.Е., Загоденко Ю.И., Никонов Г.В., сияқты оқытушылар қызметке қалдырылды.

Студенттер құрамының артуына байланысты үш кафедрадан тұратын «Көркем, сурет және графика» факультеті болып қайта құрылды. Факультетті аға оқытушы Кәдеев И.У. басқарды.

1996 жылы ЖОО-ның құрылымдық өзгерулеріне байланысты М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ның жаратылыстану-педагогика факультеті құрамында «Сурет және кескіндеме» кафедрасы болып құрылып, бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімдері осы аталған оқу орнында дайындала бастады. Кафедраны алғашқы жылдары п.ғ.к., доцент Павловский А.Л., п.ғ.д., профессор Ералин Қ.Е., п.ғ.д., доцент Бейсенбаев С.Қ., п.ғ.д., профессор Тәңірбергенов М. Ж., п.ғ.к. М.Ж. Джакипбекова, п.ғ.к. Т.С.Буркитбаев, п.ғ.к. Қ.А.Жолдасбекова, филос.ғ.к. доцент, Болысбаев Д.С. қызмет атқарды.

Мәдениет және өнер факультетінің дамуына Б.Жүсіпәлиев, Ө.Губайдуллин, Е.Балабеков, Е.Омар, Қ.Досалиев, К.Дүйсенбаев, А.Саипов, С.Жақыпбеков, А.Нұрлыбекова, Қ.Әжібеков, М.Тәңірбергенов сынды декандық қызмет атқарған ұстаздар өз үлестерін қосты. А.Жақыпбеков, Қ.Ахметова, М.Айтқалиев, Ж.Кенешева, Г.Есполова, С.Байжұманов, С.Гевич, Б.Кутунов, С.Нигметова, Ж.Қойшыбаев, Қ.Қайырбеков, Н.Камалова, Ж.Сапарова, С.Бейсенбаев, Д.Болысбаев сияқты ұстаздардың ерен еңбегінің арқасында жаңа мамандықтар мен кафедралар ашылды.

1996 жылы Шымкент педагогикалық мәдениет институты Қазақстандағы жоғары оқу орындарын оңтайландыру реформасына орай, қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті құрамына кіріп, 2001 жылы «Мәдениет және өнер» институты болып университеттің құрамында қайта құрылып, «Педагогика және мәдениет», «Мәдениет және спорт» факультеті болып атауы өзгерді, 2021 оқу жылы студенттер саны көбеюіне байланысты «Мәдениет және өнер» факультеті құрылып п.ғ.д., профессор, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, ҚР ЖОО-ың Үздік оқытушысы, ҚР Дизайнерлер

одағының мүшесі Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы декан қызметін атқарып келеді.

Факультетте 27 білім беру бағдарламасы бойынша 17 бакалавриат, 8 магистратура, 2 докторантура мамандықтары бойынша жоғары білікті мамандар даярланады. Мамандар даярлау ісін факультеттің 9-профессор, 13-ғылым докторлары, 39-ғылым кандидаттары мен доценттері және магистрлер мен аға оқытушылар атқаруда. Сонымен қатар мамандар даярлаудың сапалы болуына факультетте оқу-тәрбие жұмыстарын атқарып жүрген 2 ҚР халық әртісі, 2 ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, 13 «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері, 5 ҚР мәдениет қайраткері, 13 ҚР суретшілер мен дизайнерлер Одағының мүшелері, 5 ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегерлері өз үлестерін қосуда.

Факультет кафедраларында білім алып, еліміздің мәдениеті мен өнерін өркендету жолында аянбай қызмет жасаған ҚР халық әртісі, домбырашы, дирижер Р.Ғабдиев, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, режиссер Л.Есенов, заманымыздың аға буын өнер иелері, ҚР халық әртістері әнші-композитор Е.Хасанғалиев, әнші М.Жүнісова, әнші Н.Есқалиева, би мамандары Э.Мальбеков, Ф.Жолымбетова, Р.Қаланова заманауи эстрадалық ән өнерін өркендетуші, ҚР еңбек сіңірген әртістері М.Омаров, М.Ильясов, Т.Қабатовтардың және бейнелеу өнері саласында график-суретші Б.Баймен, кескіндемеші А.Оспанов есімдерін факультет ұжымы мақтанышпен атайды.

Студенттерінің өнерпаздық, кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қазақ халық аспаптары оркестрінің, студенттік хордың, Жетіасар галлерейясы, «Қазына» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің, «Қаракөз» би ансамблінің «Думан» халық театрының және «Өркен» жастар театрының өнердегі жоғары жетістіктерін мақтанышпен атап айтуға болады.



ҚҰТТЫҚТАУЛАР

АБРОЙ АСҚАРЫНДАҒЫ АЗАМАТ МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫ!

Кім болса да жасы отыздан асқаннан кейін әрбір он жыл сайын өткен өмір жолын ой елегінен өткізіп отыратыны ақиқат. Әсіресе, бұл қасиет білім мен ғылымды үйлестіріп, тағдыр жолын сонымен таспалаған парасат иесіне тән екені сөзсіз. «Алпыс – тал түс» деп қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиев бағалағандай өмірді тәулік тұрғысынан салыстырғанда «тал түстің» қай кезді меңзегені көз алдыға келеді.

Алпысқа толу бір басқа да, оны абырой биігінде қарсы алу бір басқа. Адамның кемеліне келіп, өмірдің тереңіне бойлай енетін шағы бұл! Мақаламызға арқау болған Медеубек Жұматайұлы жайында тілге тиек еткенде оның адамдық болмысы жоғарыда айтылған ойымызға лайықты екендігіне еш күмәніміз болған жоқ. Өйткені, ол өз саласын жетік білетін білікті ұстаз, отандық ғылымның дамуына сүбелі үлесін қосқан зиялы азамат.

Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы 1966 жылы 24 қаңтар ОҚО қазіргі Келес ауданы, Жиделі ауылында жұмысшы жанұясында дүниеге келген. 1972-1982 жылдары Келес ауданына қарасты «Большевик» орта мектебін үздік бітіріп, 1982-1983 жылы Келес ауданы 22 п/с атындағы мақта жинау пунктінде жұмысшы болып істеген. 1983-1990 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты, Көркем сурет және графика факультетінің «Сурет, сызу және еңбек» мамандығын бітіріп Сурет, сызу және еңбек пәні мұғалімі

Медеубек Жұматайұлы 2004 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері) мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының *кандидаты ғылыми* дәрежесін, 2010 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі бейнелеу өнері) мамандығы бойынша диссертациялық еңбегін сәтті қорғап педагогика ғылымдарының *докторы* ғылыми дәрежесін қорғаған. ЖОО жұмысын 2005 жылы М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасының меңгерішісі қызметінен бастады. Қазақстан Республикасының БЖҒ министрлігінің 2007, 2014 жылдардың ЖОО-ның үздік оқытушысы мемлекеттік грант иегері». 160-тан астам ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрген, оның ішінде 4-монография, 2-оқулық, 20-оқу құралы, оның ішінде 3-оқу құралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің грант иегері, 15-әдістемелік құралдар, 20 - ЖАК тізіміндегі шет елдердің және Қазақстан ғылыми журналдарында, 5-мақала жоғары инпакфактор СКОПС ғылыми журналында, 100-ге жуық ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми практикалық конференцияларының еңбектерінде жарияланған.

Құрметті Медеубек Жұматайұлы сізді 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы ұстаз, іні ретінде жақсы білемін. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, тың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

Алда әлі талай асулар мен белес-беделдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, денеңіздің саулығың, отбасының амандығың, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөленіп жүре беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсің дей отырып, төмендегі өлең жолдарың арнаймыз.

Бүгінгі Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!
Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер,
Сізге бақыт тілеп тұрған айнала.
Ренжітпей үлкенді де, кішіні –
Жүрегімен түсінетін кісіні.
Мынау өмір жұмақ болып кетер ед,
Сіздей болса бар адамның пішіні.
60 жас мерейтойың құтты болсын,
Дос-жаранмен әрқашан орта толсын.
70, 80, 90 мен 100-ге жетіп,
Басыңызға Қызырдың бағы қонсын.
Бақытыңыз баянды, сау-саламат жүргейсіз!

Мырзаханов Мадвакас Сексенбайұлы



ҚҰРМЕТТІ МЕДЕУБЕК ЖҰМАТАЙҰЛЫ !

Мерей тойыңыз құтты болсын! Талай жылдар өмірде дос та, әріптесте, білім мен ғылымда да бірге келе жатырмыз. Адам баласы өз өмірінің сәулетшісі дегендей, Медеубек досым осы сөз сіздің өміріңізді толығымен сипаттайды. Өнер саласының санаулы саңлағы ретінде нәтижелі табыстарыңыз көп, оған жалғыз мен емес көпшілік өнер сүйгіш қауымдар да күә. Мерейлі шағыңызға мерекелі жылдар мен берекелі істер қосылсын.

Ғалым-ұстаз, ұлттық өнердің тәжірибелі бейнелеу өнерінің шебері Медеубек Жұматайұлы көп жылғы ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесін саралап, оқу-әдістемелік еңбектеріне жаңа технологиялық ерекшелігімен ұлттық өнерді дәріптеуге бағыттап атқарған жұмыстарына ғылыми-әдістемелік мінездеме беріп, Ұлы Даланың рухани байлығы мен материалдық құндылығын жаңғыртып беделін асырып жүргенін мақтан тұтамын, ризалық ықыласымды білдіремін.

Медеубек Жұматайұлы, Сіздің ұзақ жылдық шығармашылық жұмыстармен қатар ғылыми-теориялық ізденістің қорытындысында Қазақ халқының бейнелеу өнерін, оның жанрын, тарихын жас ұрпаққа меңгерту саласында саналы еңбек атқарып жүргеніңіз Қазақстанның көптеген оқу орындарына танылды. Сіздің бастамаңызбен ұйымдастырылған Республикалық "ПЛЭНЕР" өнер саласындағы оқу орындарда кең өріс алып, кейіннен тіпті халықаралық деңгейге дейін көтерілгені баршамызға мәлім. Сол жоба 2020 жылы сіз басқарған оқу орнынан бастау алып, Жетісу университеті, Астана халықаралық университеті, Қазақ Ұлттық қыздар ПУ т.б. оқу орындарында тіпті салт дәстүрге айналып бара жатқаны шындық.

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Өмір жолыңызда еңбек сүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде Қазақ халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.

Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей, сіздің білім мен ғылым жолындағы жетістіктеріңді әлі де көреміз деген сенімдемін.!

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!

Адамкулов Нурали Мерекебайұлы

*Педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент).*

Қазақстан ПФА академигі, Мәдениет саласының үздігі.

Этномәдениет ШБО жетекшісі



ӨНЕРДІ ӨНЕГЕ ЕТКЕН ҰСТАЗ

*Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі,
ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы,
Өнер саласының профессоры Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенов
мерейлі жас – алтыстың асқарында*

Өнер – адамзат өркениетінің кемелдену тарихын айқындайтын аса маңызды рухани құндылық. Сонымен қатар, өнер халықтың тарихи жадысын, дүниетанымын, эстетикалық танымын көркем формада сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін мәдени код қызметін атқарады. Әлемдік мәдениет тарихында өнердің сәулет, мүсін, кескіндеме, музыка және сөз өнері сияқты негізгі салалары қалыптасқан. Солардың ішінде бейнелеу өнері кеңістік пен уақытты бір мезетте қамтып, бояу, сызық, форма арқылы дүниені тұтас күйінде танытуымен ерекшеленеді. Бұл өнер түрі адамның ішкі жан дүниесін, тарихи сананы, табиғат пен қоғам құбылыстарын көрнекі бейнеге айналдырып, көрерменмен тікелей рухани байланыс орнатады.

Бейнелеу өнері – шынайы болмысты көзбен қабылдау мен көркемдік түйсік негізінде бейнелейтін өнер саласы. Оның негізгі тармақтарына кескіндеме, мүсін және графика жатады. Сонымен қатар сәулет пен сәндік-қолданбалы өнер туындыларында да бейнелеу өнеріне тән көркемдік белгілер айқын көрініс табады. Бейнелеу өнерінің басты ерекшелігі – кеңістіктік сипатында: суретші уақыттың белгілі бір сәтін тоқтатып, оны көркем бейне ретінде мәңгілікке айналдырады. Әр тарихи кезеңде жасалған туындылар сол дәуірдің эстетикалық жүйесін, көркемдік ойлау деңгейін және рухани бағдарын айқын көрсетеді.

Бейнелеу өнерінің тарихы адамзат тарихымен қатар өрбіді. Ежелгі өркениеттерден бастап бүгінгі заманға дейінгі мәдени дамудың ізі осы өнер арқылы сақталып келеді. Қазақ бейнелеу өнері де халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, салт-дәстүрін көркемдік тұрғыда бейнелеп, XX ғасырда кәсіби деңгейге көтерілді. Әсіресе ғасыр соңында ұлттық сана мен тарихи жадыға бетбұрыс күшейіп, қазақ бейнелеу өнерінде жаңа көркемдік бағыттар мен дара стильдер қалыптасты. Бұл үдерісте Е.Мергенов, Е.Төлепбай, А.Ақанаев, А.Сыдыхан, Т.Маданов, А.Есенбаев, А.Есдәулетов сияқты суретшілердің шығармашылық ізденістері айрықша маңызға ие болды.

Осы көркемдік-ғылыми кеңістікте өзіндік орны бар тұлғалардың бірі – ғалым, суретші, педагог Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенов. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі, жоғары оқу орнының үздік оқытушысы мемлекеттік грантының екі мәрте иегері Медеубек Жұматайұлы қазіргі Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Келес өңірінде дүниеге келген.

Ол туған ауылы Жиделідегі мектепті үздік аяқтап, М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының көркем сурет және графика факультетінде кәсіби білім алды. Студенттік кезеңнен бастап өнерге деген талпынысы мен еңбекқорлығы айқын байқалды. Әскери борышын өтегеннен кейін еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастап, көп ұзамай ғылыми-педагогикалық қызметке бет бұрды. 1991 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» кафедрасында оқытушылық қызмет атқарды.

Ғылыми ізденіс жолындағы табандылығы нәтижесінде 2004 жылы кандидаттық, 2010 жылы докторлық диссертацияларын сәтті қорғады. 2005 жылы доцент ғылыми атағына ие болды. Ол әр жылдары кафедра меңгерушісі, жоғары мектеп директоры, факультет деканы сияқты жауапты қызметтерді абыроймен атқарып келді. Қазіргі таңда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметінде.

Медеубек Жұматайұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы аса ауқымды. Оның қаламынан 2 монография, 2 оқулық, 20-дан астам оқу құралы мен көптеген әдістемелік еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектер жоғары оқу орындары мен жалпы білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып, отандық көрке білімнің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Сонымен қатар ол бірнеше ғылым кандидаттарын дайындаған тәжірибелі ғылыми жетекші ретінде де танылған.

Ғалымның шығармашылық қыры кәсіби суретшілік қызметімен тығыз байланысты. Әсіресе графика жанрындағы туындыларында ұлттық тарих, философиялық пайым, ұрпақтар сабақтастығы терең көркемдікпен бейнеленеді. «Шежіреші», «Талпыныс», «Балалық шақ», «Ұрпақ», «Қ.А.Ясауи кесенесі» сияқты шығармаларында автор тарихи жады мен рухани құндылықтарды символдық бейнелер арқылы жеткізеді. Тәуелсіздік қарсаңында салынған «Талпыныс» туындысы ел тарихындағы өтпелі кезеңнің көркем метафорасы ретінде бағаланды.

Суретшінің еңбектері республикалық және халықаралық көрмелерде көрсетіліп, кәсіби орта тарапынан жоғары бағасын алды. Оның туындылары еліміздің ірі қалаларындағы көркемөнер қорларында және жеке коллекцияларда сақтаулы.

Ғалым-әдіскер ретінде М.Тәңірбергенов бейнелеу өнерін оқыту мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыда кешенді зерттеді. «Мектепте бейнелеу өнерін оқыту – өмір талабы» атты еңбегінде ол көркемдік білім берудің әлеуметтік-педагогикалық маңызын айқындап, дамыған елдердің тәжірибесін саралау арқылы ұлттық білім жүйесін жетілдіру жолдарын ұсынады.

Алпыс жылдық ғұмыр белесіне қадам басқан Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенов – қазақ бейнелеу өнерінің дамуына, көркемдік білім мен ғылымның өркендеуіне сүбелі үлес қосқан бірегей тұлға. Оның ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызметі ұлттық руханияттың тұтас бір

кезеңін айқындайды. Алда да ғалым-суретшінің ел мәдениетіне қосар үлесі мол боларына сенім мол.

Алпыс жас – асқарлы белес, кемелдену мен парасаттың шыңы.

Медеубек Жұматайұлының мінезінің ашықтығы, риясыз ақ көңілі айналасына әрдайым шуақ шашып тұрады. Шәкірттері мен әріптестеріне ылғи көмек қолын созуға дайын тұратын азаматтық болмысы жастарға үлгі. Ғылым мен білім саласындағы табанды еңбегі, ұстаздық жолдағы өнегелі ісі арқылы елге сыйлы, жұртқа қадірлі тұлғаға айналған мерейжас иесін шын жүректен құттықтаймын.

Алдағы өмір жолыңыңда мықты денсаулық, отбасына амандық, бала-шағаларының қызығы мен қуанышын молынан көруін тілеймін.

Ғылыми және шығармашылық ізденістеріне шалқар шабыт пен толағай табыс тілеймін.

Амангелді Мамыт

*Жұмабек Тәшенев атындағы университеті
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты*

ТРУД - ФИЛОСОФИЯ МЕДЕУБЕКА

Сегодня отмечает свой 60 - летний юбилей известный ученый в области культуры и искусства, педагог, великолепный художник Танирбергенов Медеубек Жуматаевич!

Его научная, творческая, общественная деятельность широко известна, что говорит о нем, как об универсальной, многогранной личности.

Танирбергенов Медеубек Жуматаевич - академик Казахстанской АПН, доктор педагогических наук, профессор действующий. О нем не скажешь – «многое успел», больше подходит восклицание - «Сколько он успевает!»

Медеубек родился в ауле Жидели Келесского района Туркестанской области в многодетной, скромной рабочей семье. Трудовую деятельность он начинал рабочим и еще юношей он познал и закалился в труде.

С ранних лет он проявлял интерес к рисованию. Ему нравилось наблюдать, как старший брат растирает краски руками, как на его глазах краски превращались в облака, деревья, горы, реки... Он в детстве наблюдал, как собирались апашки в белоснежных кемещеках и молодые женщины и очищали шерсть, красили, пряли в нити на специальном самодельном станке, переплетали нити в определенном порядке, создавая узор, нити уплотнялись и в итоге ткали ковры, которые были украшением каждого казахского дома. С детства он вникал в мастерство валяния войлока, вникал в традиционные узоры ткачества и в последующем это открыло дорогу к творчеству. В юношестве он проникся творчеством известных художников и это расширило его творческий потенциал.

Медеубеку Жуматаевичу - 60 лет! За плечами – богатый опыт научной, педагогической и общественной деятельности. Он достиг всех званий и высот, о которых можно мечтать, но продолжает работать, создавая и вдохновляя.

Для меня, особое место в творчестве Медеубека Жуматаевича занимают картины, посвященные исторической роли народных батыров и биев. Его полотна «Аныракайская битва», «Совет биев» запечатлевшие героев прошлого, украшают краеведческий музей нашего города. Эти полотна - не только свидетельство художественного таланта, но и дань уважения истории и культуре своего народа, они духовно обогащают каждого из нас и придают нам духовную силу и гордость за свой народ. В своих произведениях он сумел передать дух эпохи, величие и героизм наших предков и силу единства народа в исторические периоды. Эти картины являются частью культурного наследия нашего народа. И я нисколько не преувеличиваю, так как, Медеубек - личность в творчестве!

Он внес значительный вклад в развитие теории и практики культуры и искусства. Его научные работы по проблемам искусствоведения, культурологи и эстетики получили широкое признание в научном сообществе.

Как педагог, за годы работы в ВУЗах южного региона, он подготовил не одно поколение специалистов в области культуры и искусства, которые работают в различных областях. Многие его ученики с благодарностью вспоминают его лекции и наставления, которые помогли им в профессиональной деятельности. Он известен своим подходом к преподаванию, сочетающие глубокое знание предмета с умением вдохновить и поддержать студентов, раскрыть их потенциал. Он убежден, что успешный образовательный процесс зависит от интенсивного поиска себя. Он подготовил немало специалистов изобразительного искусства, художников декоративно -прикладного искусства и дизайнеров. Он ученый с душой художника. Для него преподавание- это искусство. За что его и любят студенты.

Медеубек Жуматаевич считает, что труд- это основа жизни. Он постоянно работает над собой, создавая, совершенствуя. Его философия труда вдохновляет окружающих.

Медеубек Жуматаевич - замечательный человек, сочетающий в себе интеллигентность и твердость характера, высокий профессионализм и неустанный поиск нового, человек с тонкой творческой душой и неутомимой трудоспособностью, он верный друг и товарищ, великолепный семьянин.

Уважаемый Медеубек Жуматаевич! Примите искренние поздравления с юбилеем!. Ваши труды вдохновляют, картины радуют нас. Ваше творчество является ярким примером для молодого поколения. Желаю дальнейших успехов, вдохновения и новых достижений. Здоровья и процветания!

*Турашбеков Абдижаппар,
кандидат философских наук,
ассоциированный профессор
ЮКПУ им.У.Джанибекова.*

生日贺词

ПОЗДРАВЛЕНИЕ С ДНЁМ РОЖДЕНИЯ

Уважаемый профессор Танирбергенов Медеубек Жуматаевич!

К юбилею ваших 60 лет я с глубоким уважением приношу вам самые искренние поздравления и высокую честь!

За последние десять лет вы преданно трудитесь в сфере высшего художественного образования Казахстана, с неиссякаемым энтузиазмом и мастерским подходом к образованию воспитав большое количество выдающихся художественных специалистов для этой прекрасной страны. Ваше преподавание отличается оригинальностью: свободный и нестандартный стиль лекций всегда двигает учеников к художественному вдохновению, поэтому вы пользуетесь глубоким уважением и любовью студентов. Ваши научные исследования впечатляют обилием и глубиной, сочетая прогностичность, благодаря чему вы заслужили широкую известность в международном сообществе художественного образования, вкладывая ценнейшие усилия в развитие дисциплины.

Еще более восхищает ваша личность. Ваша доброта и нежность, честность и прямота, а также настойчивость в преодолении трудностей в научной работе и образовании подобно светящейся лампе, вдохновляют каждого вокруг вас, посеивая теплые семена для культурного и художественного обмена между Китаем и Казахстаном.

В этот знаменательный день я искренне поздравляю вас с днем рождения! Пусть вас сопровождают здоровье, долголетие и неиссякаемая радость; пусть ваше художественное дело процветает вечно, а ученики рассеются по миру, принося честь своему преподавателю. Надеюсь, мы продолжим идти рука об руку, создавая новые яркие главы в обмене и развитии высшего художественного образования двух стран!

С уважением, ваш старый друг Лю Вэньбин.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
I Бөлім. Оспанов Б.Е. Өнер мен өнегені үйлестірген кәдімгі – Медеубек Жұматайұлы Тәңірбергенов.....	5
Нұрпейісов Н.Ж. Қазақ бейнелеу өнерінің зерделі зерттеушісі – Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы.....	12
Қожағұлов Т.М. Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлының ғылыми мұрасы мен мектебі.....	19
Бейсенбаев С.Қ. Туған жерге тағзым!.....	23
Мырзаханов М.С. Шымкентте суретші-педагогтар бас қосты.....	28
Өмірәлиева Л.М. Ғылым мен шығармашылық үндестік.....	32
Мамадияров М.Д. Наурыз мерекесі сәтті өтті.....	36
II Бөлім. Ғалым, Ұстаз, Суретші Қуандық Ералиннің шығармашылығы жайындағы ой.....	38
Ұстаз болу – жүректің батырлығы.	
Ғалым, ұстаз, қайракер Қалыбекова Асма Ахметқызы.....	43
Хас шебер Бибажар Симованың шығармашылығындағы ұлттық дәстүрлі өнер.....	46
Ұлттық дәстүр көрінісіндегі көшпелілер өрнегі. Расул Естемесов.....	52
Тарихи тақырыпты арқау еткен суретші.	
Оспанов Айнабек Мыңжасарұлы.....	57
Суретші Құттыбек Жақып шығармашылығындағы жаңашылдық.....	62
Графика өнерін жаңаша жаңғыртқан Баймен Батухан Әбдікерімұлы.....	67
Қайран біздің аналар - барды ойламай, арды ойлаған.....	72
Толғаныстарға толы болған суретші-педагогтер симпозиумы.....	77
III Бөлім. «ҰЛЫ ДАЛА ТОПЫРАҒЫН ҰЛЫҚТАЙЫҚ» атты халықаралық суретші-ұстаздар симпозиумы.....	85
«МӘДЕНИ МҰРА» халықаралық суретші-педагогтар симпозиумы.....	92
«ALTYN ORNEK» атты халықаралық байқауы.....	97
Испания мемлектінде біліктілік курсы бойынша іс сапар (2015).....	105
Замандас аға дос, дос, іні дос.....	109
Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласына іс сапар.....	112
IV Бөлім. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі. (докторлық диссертация қорғалғаннан кейінгі мақалалар).....	113
Халықаралық шығармашылық көрмелер, форумдар, симпозиумдар тізімі.....	121
Республикалық шығармашылық көрмелер.....	123
Халықаралық, республикалық көрмелер, республикалық пәндік олимпиадалар, байқауларға дайындаған шәкірттерім.....	124
Шығармашылық жұмыстар.....	126
Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.....	128
V Бөлім. Қысқаша өмірбаян.....	129
VI Бөлім. Менің университетім. Ғылыми және шығармашылық	135

басбалтақтар.....	
VII Бөлім. «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының қалыптасу және даму тарихы. Факультет тарихы.....	150
Құттықтаулар.....	156
Өнерді өнеге еткен ұстаз.....	160
Труд - философия Медеубека.....	163
Поздравление с днём рождения.....	165

**Профессор М.Ж. Тәңірбергеновтің
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ
Альбом – каталог:**

Басуға 20.01.2026ж. қол қойылды.
Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60х90/16. Көлемі 10,5
Таралымы 50 дана. Тапсырыс 00156